

**Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ оқу-әдістемелік кешені**

Мамандығы: Құқықтану

Шифр: 5В030100

Пән: Криминалистика

**1 ДӘРІС. КРИМИНАЛИСТИКАНЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ ЖӘНЕ МЕТОДОЛОГИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ (өзекті мәселелер бойынша) (0,5 САҒАТ)**

**Мақсаты:** криминалистика ғылымының теориялық және методологиялық негіздерінің қазіргі заманға сай жағдайын қарастыру. Криминалистиканың жеке ілімдерінің, категориялардың қалыптасып дамуы криминалистиканың теориялық негіздерін жаңа көз-қараспен зерттеуді талап етеді.

**Түйінді сөздер:** криминалистика, криминалистиканың теориялық және методологиялық негіздері, криминалистік техника, криминалистік тактика, жеке қылмыстарды тергеу әдістемесі, техникалық құралдар, әдістер мен тәсілдер, криминалистиканың жүйесі.

**Сұрақтар:**

Криминалистиканың пәндік түсінігі. Криминалистиканың басқа ғылыми пәндермен байланысы.

Криминалистиканың жүйелі бөлімдері: криминалистиканың теориялық және методологиялық негіздері, криминалистік техника, криминалистік тактика, жеке қылмыстарды тергеу әдістемесі. Криминалистиканың даму тарихы және қазіргі жағдайы.

Криминалистика ғылымының даму тарихы. Қазақстан Республикасындағы криминалистік мекемелердің дамуы. Қазіргі кезеңдегі криминалистиканың жаңа бағыттары.

1.Криминалистика тергеу және басқа құқыққорғау органдарының жұмысының іскерлігін арттыруға үлкен әсер етеді, өйткені криминалистика тергеу тәжірибесін талдап, қорыту арқылы, қылмысты ашуға бейім тәсілдерді тауып, оларды қолдану үшін керекті техникалық құралдарды тергеу қызметкерлеріне дайындап береді.

Қылмысты оқиға бір адамның, немесе бірнеше адамдардың белгілі бір әрекет қимылдарынан тұрады. Сондықтан қылмыс қандай жедел жасалса да ол айналадағы ортаға әсер етіп, сол қылмыс жасалған жерде көптеген іздер қалдырады.

Заң әдебиеттерінде криминалистикаға әр түрлі пәндік сипаттама беріледі. Көп жылдар бойы бұл мәселеге үлкен назар аударылып, көп пікір таластар болды. Олай болуы орынды да, әр пәннің мағынасын терең түсіну арқылы ғана оның маңызын біліп, негізгі қағидаларын дұрыс және орынды пайдалануға болады.

Авторлардың криминалистикаға берген пәндік сипаттамаларын қорыта келгенде, оларда негізінен тек редакциялық өзгерістердің бар екені аңғарылады.

Қай автор болса да, криминалистиканың қылмысты ашуға және тергеуге керекті деректерді, заттай дәлелдемелерді іздеп тауып, бекіту, алу және зерттеу үшін пайдаланатын әдістер мен тәсілдер, оған қажет техникалық құралдарды оқитын ғылым екенін баяндайды.

Сонымен қатар, криминалистикада пайдаланатын техникалық құралдар, әдістер мен тәсілдер тек қылмыстық - процесуалдық заңға сәйкес болуы атап айтылады.

Кейбір авторлар криминалистік әдістер мен тәсілдер тек қылмысты ашуда ғана емес, қылмысты болдыртпауға бағытталғанын да айта кетеді.

Авторлардың бір тобы криминалистік әдістер мен тәсілдер, тек алдын ала тергеуде ғана емес, сот мәжілісінде, кейбір сот әрекетін жүргізгенде пайдалануға болатынын баяндайды.

Осы жоғарыда айтылғандарды тұжырымдай келіп, криминалистикаға мына төмендегідей пәндік сипаттама беруге болады.

Криминалистика - қылмысты ашуға және тергеуге керекті заттай дәлелдемелерді процесуалдық заңға сүйене отырып, іздеп табу, алу, бекіту, зерттеу үшін пайдаланатын техникалық құралдар, тактикалық тәсілдер мен тергеу әдістемелері жөніндегі ғылым.

Қозғалған іс бойынша анықтама жүргізуші орган тергеушіге мына төмендегідей жағдайларды анықтауға жәрдемдеседі: іс бойынша керекті куәлерді тауып алуға, ұрланған заттардың тығылған жерін анықтап және ол заттарды дер кезінде алуға, қылмыс жасаған адамды іздеуге және оны ұстауға, тінту жүргізілетін объект жөнінде алдын-ала мәлімет жинауға т.б. Сонымен қатар анықтама жүргізуші органдардың қызметкерлері тергеушіге аса ауыр және күрделі тергеу әрекеттерін жүзеге асыруға жәрдемдеседі.

Криминалистика басқа да өзі тектес заң ғылымдарымен тығыз байланысты, өйткені криминалистиканың көп тәсілдері мен әдістері осы ғылымдардың қағидаларына негізделеді.

Криминалистика ең алдымен қылмыстық істер жүргізу заңымен тығыз байланысты. Себебі криминалистиканың зерттеп дайындаған тәсілдері мен әдістері қылмысты ашуға, тергеу әрекеттерін тиімді жүргізуге негізделсе, қылмыстық істер жүргізу заңы осы тергеу әрекеттерінің жүргізілу тәртібін заңды түрде регламентациялайды. Атап айтқанда екі пәннің де зерттейтіні бір объект – тергеу әрекеті. Бірақ олардың осы процесуалдық әрекеттерді оқып, тексеру аспектісінің мазмұны әр түрлі. Криминалистік тәсілдер мен әдістер тергеу әрекеттерінің тиімді және нәтижелі жүруіне бағытталған. Олар қылмыстық процесуалдық заңда көрсетілмеген, заң қалпының мазмұнымен қамтылмаған. Бірақ криминалистика ұсынған қандай әдіс, тәсіл, не құрал болса да ол қылмысты істер жүргізу заңының шеңберінен шықпауға тиісті және заңға қайшы болмауы керек.

Криминалистиканың қылмыстық құқық ғылымымен де тығыз байланысы бар. Қылмыстық құқық ғылымында қоғамға қауіпті қандай әрекеттердің қылмыс қатарына жататынын көрсетіп, әр қылмыстың құрамындағы белгісін талдап баяндайды.

Криминалистикаға тектес ғылымдардың бірі – криминология. Бұл ғылым қылмыстың болу себептерін, оның әлеуметтік негіздерін және белгілі жерде тарауын, оған қарсы сақтандыру шараларының қолдану тәсілдерін зерттейді.

Келтірілген ғылымдар мен пәндерден басқа криминалистика басқа да криминалдық ұғымға кіретін сот - медицинасы, сот - психиатриясы, сот - психологиясы пәндерімен де көп байланысы бар, өйткені қылмысты ашу, оны тергеуге арналған криминалистік тәсілдер, тергеу әрекетін жүргізу әдістері осы жоғарыда айтылып отырған пәндердің қағидаларын пайдаланады.

Криминалистика тек заң ғылымдары ғана емес, басқа ғылымдармен де, атап айтқанда: физика, химия, математика, педагогика, психология ғылымдарымен де байланысы бар, себебі криминалистика қылмысты тез арада ашу үшін, өз тәсілдерінің нәтижелігін арттыру үшін, жоғарыда айтылған ғылымдарда қолданылатын тәсілдер мен әдістер, техникалық құралдарды өз қажетіне бейімдеп пайдаланады.

Криминалистикада қолданылатын тәсілдер мен әдістер, заттай дәлелдемелерді іздеп табу, оларды бекіту, алу, зерттеуге бағытталады.

Заттай дәлелдемелерді іздеп табу дегеніміз – ол тергеу органдарының қылмысты ашуға, керекті дәлелдерді іздеуге байланысты жүргізілетін жұмыс әрекеті. Заттай дәлелдемелерді іздеуге арнаулы әдістер мен тәсілдер жеке криминалистік құралдар қолданылады, себебі кейбір іске қажет дәлелдер, атап айтқанда: іздер, өте кішкентай заттарды жай көзбен қарап тауып алуға болмайды (мысалы, майлы тер шығу арқылы пайда болатын кол іздерінің үлгісі).

Бекіту және алу дегеніміз – криминалистік аспектіде іздеп тауып алынған заттай дәлелдемелерді, іздерді сол күйінде сақтап қалу үшін, оларды арнайы криминалистік тәсілдермен белгілеу және алу.

Сонымен криминалистиканың мына төменде көрсетілгендей негізгі міндеттері бар:

1. криминалистиканың ғылым ретінде дамуы;
2. заттай дәлелдемелерді іздерді тауып, бекіту, алу және зерттеу үшін керекті жаңа криминалистік әдістер мен тәсілдерді одан әрі өңдеп жетілдіру және осы әдістерді пайдалануға лайықты техникалық құралдар жасау;

3. алдын-ала тергеудің ұйымдық, тактикалық негіздерін жетілдіру. Әрбір тергеу әрекетінің тактикалық әдістерін өңдеу арқылы оның нәтижелігін арттыру;

4. жекелеген қылмыстарды тергеу әдістемелерін өңдеп жетілдіру үшін жаңа ұсыныстар енгізу;

5. қылмысты болдыртпау үшін криминалистік сақтық шараларды құқыққорғау органдарына ұсыну.

**Криминалистиканың жүйесі.**

Криминалистика ерекше, дербес ғылым бола тұра, өзі жеке бөлімдерден құралады: криминалистиканың теориялық және методологиялық негіздері, криминалистік техника, тергеу тактикасы, әр түрлі жеке қылмыстарды тергеу методикасы.

Сонымен қатар, криминалистер кейінгі жылдары криминалистика жүйесінде қылмысты ашу мен тергеуді ұйымдастыруға арналған тағы бір бөлімді бөліп көрсетеді.

Олардың пікірлері бойынша бұл бөлімнің ұғымына криминалистік болжаулар, сондай-ақ, тергеу процесіндегі тергеушінің әртүрлі қызметпен өзара байланысын жоспарлау жөніндегі ілімдер кіруі қажет.

**Өзін-өзі бақылау сұрақтары:**

1. Криминалистиканың пәндік сипаттамасына не жатады?
2. Криминалистиканың жеке ілімдерінің жүйесі қандай?
3. Қандай криминалистикалық категориялардың жүйесі қалыптасқан?
4. Криминалистиканың жүйесі қандай?

**Қолданылатын әдебиеттер:**

1. Жәкішев Е.Г., Исаев А.А., Найманова Г.Х., Тапалова Р.Б., Темирболат Н.С.

Криминалистика. Жеті-жарғы, 2006

2. Белкин Р.С. Курс криминалистики в 3 т., М., 1997

3. Криминалистика. Под ред. Герасимова И.Ф., Драпкина Л.Я, М., 1994

4. Криминалистика Под ред. Яблокова Н.П. М., Бек, 1990, 1995, 1996, 2005

5. Криминалистика Под ред. Пантелеева И.Ф., Селиванова Н.А М., 1988

6. Криминалистика Под ред. Крылова И.Ф., Ленинград, 1976

7. Криминалистика Под ред. Филиппова А.Г., Волынского А.Ф. М., Спарк, 1999

8. Образцов В.А. Криминалистика М., Юристь, 2001

9. Порубов Н.И. Курс криминалистики, Минск, 2000

## **1 ДӘРІС. КРИМИНАЛИСТИКАЛЫҚ ИДЕНТИФИКАЦИЯ МЕН ДИАГНОСТИКА (0,5 САҒАТ)**

**Түйінді сөздер:** Криминалистикада қолданылатын әдістер, идентификация, криминалистік идентификация, объектінің бір текке жататындығы, топтық қатынастылығы, объектінің жекеленген сәйкестігі, диагностика

**Сұрақтар:**

Криминалистикада қолданылатын әдістердің классификациясы.

Криминалистік идентификацияның түсінігі және оның дәлелдеу кезіндегі маңызы. Криминалистік идентификацияның ғылыми негіздері.

Идентификацияның процесуалдық формалары. Идентификацияның субъектілері., объектілері және олардың жіктелуі. Идентификацияланатын белгілердің түсінігі: жалпы және жеке; топтық, тектік, жекелендірілген.

Жеке ілім ретінде криминалистік диагностиканың түсінігі. Оның ғылыми негіздері. Диагностиканың мәселелері. Криминалистік диагностиканың субъектілер. объектілері, оларды жіктеу.

**«Идентификация» термині – бұл** латын тілінен шыққан сөз, оны тікелей аударатын болсақ «теңдестіру жасау», яғни «тепе-теңдікті анықтау» немесе «тепе-тең ету, сәйкестендіру» деген мағынаны білдіреді.

Идентификацияның психофизиологиялық механизмі келесідей болып келеді: субъектінің санасында көрсетіліп отырған объектінің белгілері туралы көрініс, сол

көріністі ойлау арқылы, ол ұсынылып отырған объектіні өзінің ойындағы объекті белгілері бойынша салыстырады, содан кейін ғана ол объектілердің сәйкестігі жайында немесе ерекшеліктері бойынша қорытынды жасайды.

Барлық идентификациялық жағдай мәселелеріне байланысты әртүрлі ойлар (пікірлер, көзқарастар, тұжырымдар) кейбір ғылым – археология, тарих, өнертану салаларында жекелеген идентификациялық мәселелердің сәйкестігін шешу үшін криминалистика ғылымын, яғни криминалистика тәсілдерін пайдалануға тура келеді.

Л.Н. Мороз идентификация ұғымына келесідей түсінік берген: Идентификация дегеніміз – бір объектіні басқа бір объектіден ажырату немесе тануға мүмкіндік беретін объектінің өзіндік қасиетіндегі материалдық белгілерін салыстырмалы түрде зерттеу мен бағалау болып табылады.

Криминалистік идентификацияның ерекшелігі неде, олардың басқа да қызмет саласындағы идентификациядан айырмашылығы қандай деген мәселелерге тоқталатын болсақ, бұл мәселелерді көптеген: С.М. Потапов, В.Я. Колдин, В.С. Митричев, Л.Н. Мороз, М.Я. Сегай, Н.В. Терзиев және т.б. ғалымдар талқылаған.

Барлық криминалистік ғалымдар тергеу тәжірибесінде идентификация жүргізу қажеттілігін бір ауыздан құптайды, бірақ криминалистік идентификацияның түрі мен объектілеріне қатысты әртүрлі көз-қарастағы ой-пікірлерін ұсынады. Осыған байланысты бірқатар криминалистік ғалымдардың пікірлерін, ұғымдарын қарастырып өтейік.

Біздің қазақстандық криминалистік Л.Н. Мороз идентификацияны соттық және криминалистік деп екіге бөліп көрсетеді. Ол соттық- идентификация түсінігі криминалистік идентификация ұғымына қарағанда кеңірек деп таныған..

Л.Н.Мороздың пікірінше: криминалистік идентификация мынандай жағдайларда орын алады:

а) идентификация тәсілдері арнайы криминалистермен өңделіп жетілдірілген жағдайларда;

ә) бұл тәсілдердің көмегімен объектінің жекелеген сәйкестігі (индивидуальная принадлежность) анықталған жағдайларда (бұл жерде ол объектілердің топтық қатыстылығын анықтауды қарастырған);

б) криминалистік идентификацияның объектісі тек криминалистік идентификация объектілерінің шеңберіндегі нақты бір жекелеген объектілер ғана бола алады;

в) криминалистік және соттық идентификация арасында айырмашылықтар бар және идентификацияның тергеу тәжірибесі мен оның процессуалдық тәртібінде ерекшеліктер болған жағдайда – деп көрсеткен.

Ал В.С. Митричевтің көзқарасы бойынша: «дәлелдеу аясында жүзеге асырылатын идентификация соттық деп аталуы қажет. Соттық идентификацияның логикалық идентификациядан ажырататын ерекшелігі – субъектілер мен объектілерге байланысты. Криминалистік идентификацияны соттық идентификация шеңберінде қарастыру керек. Соттық идентификацияға – сот-медицина, психиатрия, биология, токсикология саласындағы салыстырмалы зерттеулер жатады. Криминалистік идентификацияға тек криминалистік-сараптама шеңберінде жүргізілетін зерттеулерді жатқызу қажет. Идентификацияның ерекшелігін – қылмыстың механизмі мен жағдайы және оның жасалу мән - жайлары жөніндегі мәліметтерді, объектілерді, үлгілерді жинау ерекшелігімен түсіндіруге болады» - деп тұжырымдайды..

Г.И. Кучеревпен берілген тергеу тәжірибесіндегі идентификацияның дәлелдемелік мәнін қарастыратын болсақ, ол «идентификацияны криминалистік» деп атай отырып, оның ерекшелігін төмендегідей бөліп көрсетеді:

- бірінші ерекшелігі, объектілермен байланысты. Объектілер – бұл материалдық дүниедегі кез-келген үйлескен заттар, әртүрлі процестер. Оларға қойылатын шарт: барлық объектілер олардың субстанциясына қарамастан соттық іспен байланысты болуы керек, сондай-ақ заттай дәлелдемелік сапасы болуы қажет. Бірақ олар – тұтынушылық, этикалық, техникалық және көптеген басқа да қасиеттерін жоғалтуы мүмкін, мұндай кезде жоспарға

объектінің қылмыс жағдайы жөніндегі ақпарат жеткізуші жақтары бірінші кезекке қою керек.

Сонымен, криминалистік идентификацияның бірінші ерекшелігі –заттай дәлелдемелік фактілер жөніндегі ақпараттарды қамтитын объектілердің арасындағы тепе-теңдік қатынасын анықтаудан тұрады.

- екінші ерекшелігі, сараптаманың қорытындыларындағы жеке тепе-теңдікті көрсететін нәтижелер іс үшін мәнді болып табылатындығы мен дәлелдеме ретінде жеке тепе-теңдікті көрсететін нәтижелердің маңыздылығында.

Басқа ғылым салаларында объектіні - түрі, тегі бойынша идентификациялау жеткілікті, ал дәлелдеу барысында объектіні: түрі, тегі бойынша ғана анықтау жеткіліксіз болып табылады. Сондықтан да криминалистикада, сот-сараптамаларында жекелеген тепе-теңдікті (сәйкестікті) анықтау үшін теориялық және сараптамалық зерттеулер үздіксіз жүргізіліп отырады.

Г.И. Кучеровтың пікірі бойынша криминалистік идентификацияның екінші ерекшелігі «қылмысқа қатысты жекелеген сәйкестікті немесе объектілер шеңберін барынша қысқартуды анықтау тенденциясынан тұрады» - деп санайды.

Криминалистік идентификацияның үшінші ерекшелігі, - процесуалды тәртіппен, процесуалдық түрде бекітілетіндігінде. Сонымен қатар, барлық идентификациялық танымдық қызметтің белгілі бір тәртібі мен шегі бар. Олар: сараптаманың шегі мен құралдарына, сондай-ақ заттай дәлелдемелер және олармен жұмыс жасау тәсілдеріне, оларды сақтауға және зерттеуге байланысты құжаттарды тіркеу мерзіміне қатысты әдістер мен басқа да тәсілдерді таңдауға қатысты болып отыр. Сонымен, криминалистік идентификацияның үшінші ерекшелігі оның процесуалдық формасында.

В.Я. Колдин өз еңбектерінде: «криминалистік идентификацияның ерекшелігі:

-нақты жекеленген объектінің тепе-теңдігін анықтау;

-қылмыстық және азаматтық істердің фактілік жағдайын анықтаудың құралы болып табылады» - деп көрсетеді.

Ол соттық идентификацияның басқа да ғылым салаларындағы идентификациядан айырмашылығы жоқ, оны әдеттегі классификациялық зерттеулер ретінде қарастырып, соттық идентификацияны бөліп көрсетпеген.

Ал, М.В. Салтевский криминалистік идентификацияның ерекшелігін: «объектілерді жинау тәсілдерінің процесуалдық формасы ретінде ғана емес, сонымен қатар, дәлелдеу процесінде теңдестірудің нәтижесін қолдану мен нақты бір жеке объектілердің сәйкестігін анықтауда» деп қарастырады.

Криминалистік идентификацияның маңызын бағалау өте күрделі процесс болып табылады. Идентификация – дәлелдеу тәсілінің өте кең тараған түрі. Идентификацияның көмегімен: қылмысқа дайындалу әрекетінің орнын, қылмыс жасалған, қылмыстың ізін жасырған жерлерді; қылмыскердің қылмысты жасауға қолданылған қару құралдарын; қылмыскерді, жәбірленушіні, қылмыстық қол сұғылған заттарды идентификациялауға және т.б. анықтауға болады.

Криминалистік идентификация теориясының қалыптасуы мен даму тарихын төмендегідей 3 – кезеңге бөліп көрсетуге болады:

1-кезең – теориялық негізі мен оның негізгі жағдайлары және қағидаларының пайда бола бастауынан ХХ-ғасырдың 50-ші жылдарына дейінгі кезеңдерді хронологиялық түрде қамтиды;

2-кезең – бұл 80-жылдарға дейінгі әртүрлі идентификациялық зерттеу әдістемелерінің қалыптасу кезеңі;

3-кезең – криминалистік идентификация жағдайлары және т.б. қайтадан қарастырылып нақтыланатын кезеңдер жатады, ол бүгінгі таңда орын алуда.

Криминалистік идентификация теориясы – қылмыстық оқиға туралы дәлелдемелік ақпараттарды, сондай-ақ объектінің тепе-теңдігін анықтауға байланысты әдістемелік ұсыныстар мен тәртіп-ережелерінен тұратын ғылыми ілімдердің жиынтығы.

Криминалистік идентификация процессуалдық және процессуалдық емес формасында қарастырылады.

Идентификацияның процессуалдық емес формасы қолданбалы және жедел болып екі түрге бөлінеді. Идентификацияның қолданбалы түрі –мұражай, ғылыми-зерттеу институттарының, азаматтардың талаптары бойынша жүзеге асырылады. Ал идентификацияның жедел түрі қылмыстық іс қозғалғанға дейін орындалады. Идентификацияның нәтижелері жедел-іздігіру қызметінде қолданылады.

Идентификацияның процессуалды формасы:

- 1) сот-сараптамасы;
- 2) танытуға көрсету;
- 3) объектілерді қарау шеңберінде жүзеге асырылады.

Танытуға көрсету және қарау тергеу әрекеттері шеңберіндегі идентификация тергеушімен жүргізіледі. Сот-сараптамасы шеңберінде қолданылатын идентификация процессуалдық түрде өте кең таралған.

Идентификациялық зерттеулер бірнеше түрлерге бөлінеді. Криминалистік идентификацияның классификациясы идентификация объектілерімен ғана емес, сонымен қатар олардың табиғи қасиеттері мен басқа да параметрлерімен байланысты. Идентификация деңгейіне байланысты мынадай идентификация түрлері ажыратылады:

- объектінің бір текке жататындығы;
- топтық қатынастылығы;
- жекеленген сәйкестігі анықталады.

Идентификацияланатын объектінің табиғатына байланысты:

- нақты бір жеке объект бойынша;
- бүтінді бөлшек арқылы анықтау бойынша;
- шығу (пайда болу) қайнар көздері бойынша.

Идентификацияланатын объектіге байланысты идентификацияның келесідей түрлері бар:

- ойдағы бейне бойынша идентификациялау;
- жеке объектілерді материалды бекітілген бейнесі бойынша идентификациялау;
- шығу қайнар көздері бойынша идентификациялау;
- бүтінді бөлшек бойынша идентификациялау.

Мысалы, табылған қолдың ізі арқылы сезіктіні идентификациялау жеке объектіні бейненің материалдық бекітілуі бойынша идентификациялауға жатады; оқиға болған жерде табылған сым-темір бөлшектерін сезіктінің авто-көлігінің багажынан табылған сым-темір бөлшектерімен идентификациялау – бүтінді бөлшек арқылы идентификациялауға жатады; бір сезіктіден табылған пакеттегі есірткіні екінші сезіктіден табылған пакеттегі есірткімен идентификациялау - шығу қайнар көзі бойынша идентификациялау түріне жатады.

Сонымен қатар, идентификацияны жүргізу субъектісіне байланысты тергеу және сараптамалық идентификация деп бөлеміз.

Объектісі бойынша: адам, жануар, атыс қаруы, көлік құралдары және т.б. идентификация түрлерін бөліп қарастыруға болады.

Криминалистік техниканың салалары бойынша – портретті (ауызша суреттеу), трасологиялық, баллистикалық, қолжазбатану және т.б. түрлері бар.

### **Криминалистік идентификация объектілерінің ұғымы (түсінігі)**

#### **Идентификациялық белгілер және оның классификациясы (топтастырылуы)**

Объект ұғымы – криминалистік идентификация теориясының басты мәселесі болып табылады. Объектілерді анықтау – идентификацияның зерттеу мазмұнына, яғни ғылыми зерттеулер қалай жүргізіледі және олар сот-тергеу тәжірибесінде қалай жинақталады деген мәселелерді шешуге маңызды әсер етеді. Криминалистік идентификация объектісінің түсінігі қылмысты тергеудегі криминалистік-техниканың, тактиканың, әдістемелердің даму деңгейімен байланысты.

XX-ғасырдың 1-жартысындағы идентификациялық объект шеңбері мен XX-ғасыр аяғындағы идентификациялық объект шеңберінің арасында елеулі айырмашылықтар бар.

Криминалистік идентификация объектілерінің түсінігіне байланысты пікір-таластық талдаулар екі кезеңнен өтті.

Бірінші рет пікір-таластық 1940 жылдары профессор С.М.Потаповтың мақаласының шығуына байланысты болды. С.М. Потапов криминалистік идентификация объектісіне – заттарды, адамдарды, олардың ойлау қабілетін, әрекеттерін, құбылыс пен уақытты және басқаларды жатқызды. Профессор С.М. Потаповтың көзқарасы бойынша криминалистік идентификация объектісінің түсінігі материалдық заттар, құбылыс және ойлармен қамтылуы тиіс. Нақты айтқанда, объект ұғымына түсінік кең мағынада беріледі. С.М. Потаповтың мақаласына байланысты көптеген сыналған еңбектер жазылды. Жазылған сыни көзқарас жайындағы пікір-таластықтар 60-жылдары тоқтады.

Объектілерді жекелеу келесі ғылыми ережелерден құралады:

Біріншіден, материалдық дүниедегі объектілердің сапалылық және сандық жағынан анықталуы.

Екіншіден, материалдық дүниедегі объектілердің салыстырмалы тұрақты болуы.

Материалдық дүние объектілерін сапасы жағынан анықтау олардың жекелілігін көрсетеді, яғни объектілердің бір-бірінен ажыратылып, дүниенің шексіз әртүрлі екендігін көрсетеді: екі тамшы судың, талдың екі жапырағы, бір станокта жасалған детальдардың және т.б. объектілердің өзара ажыратылуы.

Сапа – объектінің жеке қасиеттерінен көрінеді, ол затпен бүтіндей байланыстырылып, толығымен қамтылып, одан бөлініп қарастырылмайды.

Әрбір объектінің өзіндік табиғи сапасы болады. Материалдық дүниедегі объектілер сапа жағынан анықталуымен қатар, сандық жағынан да қарастырылады.

Бір-біріне ұқсамайтын объектілердің өзара ерекшелігі сапасы жағынан көрінеді, ал бір-біріне ұқсайтын объектілер сандық жағынан сипатталынады. Сапаға қарағанда сандық жағынан сипаттау объектінің мәнімен байланыспайды. Сандық өзгерістер объектінің бірден жойылуына әкелмейді. Сандық жағынан өзгерістердің өз шегіне жетуі басқа сапаға әкелуі мүмкін. Идентификация үшін сандық өзгерістердің шегі туралы елестету өте маңызды.

Идентификацияланатын объектілер жіктелінеді. Жіктеліну негіздері әртүрлі:

1. дәлелдеу мақсатына байланысты объектілер ізделінетін және тексерілетін болып бөлінеді. Ізделінетін объектілер дегеніміз – дәлелдеу үшін маңызды қылмыс және оның жағдайлары туралы мәліметтері бар объектілер. Тексерілетін объектінің белгісіне – табылған объектінің ізделініп отырған объекті екендігіне байланысты тергеушінің жорамалы жатады. Олар бірнеше болуы мүмкін және де идентификация арқылы олардан қажетті мәліметті ала аламыз.

2. идентификациялық процессте атқаратын роліне байланысты идентификацияланатын және идентификациялаушы болып бөлінеді. Идентификацияланатын объект – бұл тепе-теңдігі анықталынатын объект. Идентификациялаушы объект – бұл объектінің көмегімен тепе-теңдік анықталынатын объект. Объектілерді идентификацияланатын және идентификациялаушы деп бөлудің әдістемелік маңызы бар. Тергеушіге ең алдымен объектінің идентификацияға жататын не жатпайтындығын анықтап алу керек. Мысалы: сыртқы құрылымы бейнеленген іздер табылғанда идентификацияға із қалдырушы объект жатады; бөлшектер табылған кезде бүтін зат бөлініп қалған бөлшек арқылы идентификацияланады; жаппай өндіріс өнімі табылған кезде өнімнің пайда болу көзі идентификациялауға жатады және т.б.

3. материалдық ұйымдастырылу әдісі бойынша объектілер жеке және көптік (множественный) болып бөлінеді. Жеке объектілер фазалық күйлеріне қарай қатты, сұйық, сусымалы, газ тәріздес болып бөлінеді. Көптік объектілер – морфологиясы бар және морфологиясы жоқ объектілерге бөлінеді. Мысалы: морфологиясы бар объектіге

заттардың жинағы, механизмдер (сіріңке қорабы, сағат, қару-жарақ...), морфологиясы жоқ объектіге үйме дән, топырақ, құм, есірткі массасы жатады.

4. идентификациялық зерттеу объектілері, сонымен қатар, зерттелетін және салыстырма үлгілер болып бөлінеді. Зерттелетін объектілер қылмыстық оқиғаға қатысты болуы мүмкін, мысалы, жәбірленуші немесе сезіктінің қолы қойылған құжат, оқиға болған жерден алынған қан дақтары және т.б.

Үлгілер – бұл зерттелінетін объектілердің қылмыс оқиғасына қатыстылығын көрсететін объектілер. Жәбірленушінің немесе сезіктінің қолы қойылған құжатқа қатысты сараптамаға олардың еркін және эксперименталды үлгілері қоса берілуі керек. Қан дақтарын идентификациялау үшін жәбірленуші мен сезіктінің қан үлгілері алынуы керек.

Белгі туралы түсініктің теориялық және тәжірибелік мағынасына тоқтала кетейік.

Белгі ұғымының теориялық мағынасы объектілерді зерттеу әдістемесін өндеп жетілдіруге және жеке сәйкестендірілетін объектілер шеңберін кеңейтуге мүмкіндік беруінен теориялық мәнінен көрініс табады. Тәжірибелік маңызы барлық идентификациялауға жататын сараптамалық объектілердің көлемін идентификацияланатын сараптама шеңберінен, яғни ықтималды сараптамалық қорытынды түрлерін мүмкін емес формаларын қысқартудан тұрады.

Идентификациялық белгілерге объектінің мәнді белгілері жатқызылады.

Белгілер келесі талаптарға сай болуы керек:

- олар өз бетінше және тәуелсіз болуы тиіс;
- белгінің идентификациялық мәні және кездесу жиілігі болуы қажет;
- жоғары дәрежелі тұрақтылықтың болуы тиіс.

Идентификациялық белгілердің бірнеше жіктелу негіздері бар:

Дәстүрлі классификациялау:

Идентификациялық белгілер жалпы және жеке болады. Жалпы белгілер дегеніміз – біртектес объектілерге тән жалпы белгілер мен қасиеттерді көрсететін объектінің параметрлері. Жеке белгілер – сирек кездесетін өзіне ұқсас объектілер арасынан бөліп алуға мүмкіндік беретін белгілер, олар пайда болу, тіршілік ету ерекшеліктерін көрсетеді.

Келесі классификация – бұл топтық, бір тектік және жекелеуші белгілерге бөлу. Бір тектік – биология, химия, ботаника, зоология, материалтануда қолданылатын классификациялық белгілер.

Топтық белгілер – ішкі тектік қатыстылықты дифференцияциялауға мүмкіндік береді, мұнда тексерілетін объектілер шеңбері қысқарады, топтық объектілер олардың табиғатына, технологияға, пайдалануына, қылмыстық оқиғаға байланысты болуы мүмкін.

Жекелеуші белгілер - өте сирек кездеседі. Олар шығу тегімен, өндіру технологиясымен, қолдану шарттарымен, қылмыс жағдайларымен байланысты. Объектінің жеке сәйкестігін анықтау үшін, міндетті түрде жалпы және жеке белгілерін немесе топтық, бір тектік және жекелеуші белгілерін анықтау қажет.

#### **Диагностика криминалистиканың ілімі ретінде**

Криминалистік диагностика жеке ілім ретінде кейінірек пайда болды. Ілім ретінде диагностиканың пайда болу тарихы криминалистік идентификация теориясының тарихына ұқсас. Бұл бағыттың криминалистика ғылымында қалыптасуы идентификация теориясындай эмпирикалық материалдардың ұзақ жылдар бойы жиналуынан тұрады.

Бүгінгі таңда диагностикаға қатысты криминалистік техника, тактика, әдістеме, сот-сараптамасы, сот-медицинасы, психиатрия, психология және т.б. әртүрлі салаларға байланысты өте көптеген материалдар жиналған. Бұл материалдар жалпы талдап қорытуды, жүйелеуді талап етеді. Егер криминалистік идентификация теориясы мазмұны жағынан сәйкестендіру туралы үйлесімді, логика жағынан өз кезектілігімен жүйеленген білім жүйесінен тұрса, диагностика ілім ретінде әлі күнге дейін пайда болу, қалыптасу кезеңінде екенін көре аламыз.

Идентификация, негізінен, дәлелдеу әдісі ретінде қарастырылса, диагностика дәлелдеумен қатар, іздестіру, жедел-іздестіру мәніне ие бола алады. Бірақ та



идентификация мен диагностиканың мақсаты бір – тергелетін іс бойынша фактілі мән-жайларды анықтау. Диагностика тұрғысынан шешілетін мәселелер (жалпы және жеке) шеңбері кеңірек.

Диагностика қарастыратын жалпы мәселелерді: дәлелдемелік, іздестірушілік және жедел-іздестірушілік деп үш бағытта қарастыруға болады. Бұл мәселелер өзара тығыз байланысқандықтан сондықтан дәлелдемелік диагностиканы кей уақытта жедел-іздестіру диагностикасынсыз қарастыру мүмкін емес.

Диагностиканың жеке мәселелері өте көп. Оларды жіктеу негізі ретінде қылмыс оқиғасын құрайтын материалдық дүние объектілерін, қылмыстың өзін және өзге де қылмысты құрайтын материалдық объектілерді қарастырған жөн.

Идентификация объектісі ретінде тек қана материалдық заттар қарастырылса, диагностикада объект ұғымына материалдық заттармен қатар, объектілердің жеке қасиеттері, объектілердің, құбылыстардың күй-жағдайлары, объектідегі процестер, оқиғалар, аһуалдар, оқиға механизмдері де кіреді.

Яғни, объектілердің кең ауқымды шеңбері зерттелінеді. Егер объект ретінде материалдық заттар қарастырылса, оларды күй-жағдайына байланысты (қатты, сұйық, сусымалы, газ тәріздес), табиғатына (шығу тегіне) байланысты (тірі, өлі, органикалық, органикалық емес, табиғи, жасанды), сапалы жағынан, қолдану мақсатына байланысты (аспаптар, құрал-жабдықтар, заттар, әшекейлер, ақша және т.б.), құрылымы жағынан (жеке, жиынтық ретінде) жіктелінеді. Егер объект ретінде құбылыстар, процестер зерттеу пәніне жатса, олар техникалық, физиологиялық, психологиялық, биологиялық, биохимиялық, физикалық, сонымен қатар, механикалық, химиялық, радиациялық және т.б. негіздер бойынша жіктеуге жатады.

Диагностика объектісі ретінде - оқиғалар, аһуалдар қарастырылса, оларды жол-көлік оқиғасына (соқтығыс, жолаушыны басып кету, аударылып қалу және т.б.), кісі өлтіруге (пышақпен, атыс қаруымен), ұрлыққа (бұзып кіру), тонауға, қарақшылыққа, контрабанда, жарылыс оқиғаларына және т.б. жіктейміз. .

Сот сараптамасымен шешілетін диагностикалық мәселелер классификациялық, диагностикалық және аһуалдық деп жіктелінеді.

#### **Қолданылатын әдебиеттер:**

1. Аверьянова Т.В., Белкин Р.С., Бородулин А.И. и др. Криминалистическое обеспечение деятельности криминальной милиции и органов предварительного расследования /Под ред. проф. Р.С.Белкина. – М.,1997г.
2. Васильев А.М. Тактика отдельных следственных действий. М., «Юрид.лит.», 1981г.
3. Веницкий Л.В. Освидетельствование на предварительном следствии. Смоленск, 1997г.
4. Попов В.И., Агушевич А.М., Мажитов Ш.М., Розенцвайг В.Е. и др. Тактические основы следственных действий. Учебное пособие, 1- 5-й вып. Алматы, 1977г.
5. Артамонов И.И., Порубов Н.И. “Советская криминалистика” 1977 г.
6. Справочник следователя (ОМП) М., 1982г.

## **2 ДӘРІС. ТРАСОЛОГИЯ (1 САҒАТ)**

**Түйінді сөздер:** Трасология, папиллярлы сызықтар және өрнектер, аяқтың және аяқ киімнің іздері, тістің, тырнақтың іздері, бұзу құралдарының іздері, көлік құралдарының іздері.

#### **Сұрақтар:**

Трасологияның түсінігі және оның мәселелері. Трасологияның ғылыми негізгі ережелері. Іздердің классификациясы.

Қолдың іздері. Папиллярлы сызықтар және өрнектер. Объектіде қалған майлы тер іздерін табу, бекіту және алу техникасы. Оның көшірмесін түсіріп алу. Пороскопиялық зерттеу.

Аяқтың және аяқ киімнің іздері, олардың криминалистік маңызы. Аяқтың іздерін өлшеу, олардың үлгісін алу. Аяқтың іздерінен қалған жол іздері, оның элементтері. Тістің, тырнақтың және басқа да іздерді табу, бекіту, алу.

Бұзу құралдарының іздері және олардың криминалистік маңызы. Бұзу құралдарының іздерінің түрі, оларды бекіту, алу әдістері. Іздердің үлгісін дайындау. Құлыптарды, пломбыларды криминалистік әдістермен зерттеу.

Көліктің іздері, олардың криминалистік маңызы. Көліктің іздерін өлшеу және олардың үлгісін алу.

Трасологиялық іздерді зерттеу арқылы шешілетін идентификациялық және диагностикалық мәселелер.

### **Трасологияның түсінігі, ғылыми негіздері мен жүйесі**

1. Трасология – криминалистік техниканың дәстүрлі саласы болып табылады.

Іздердің көмегімен шешілетін мәселелерді идентификациялық және идентификациялық емес деп екі топқа бөлуге болады. Іздер бойынша анықталатын идентификациялық емес сұрақтарды негізінен тергеуші мен криминалист-маман оқиға болған жерде, тінту кезінде шешеді. Идентификациялық сипаттағы мәселелер әдетте трасологиялық сараптама шеңберінде анықталады. Іздердің көмегімен анықталынатын нақты жағдайларды (идентификациялық және идентификациялық емес) төменде көрсетеміз.

Іздерді криминалистикалық зерттеудің негізінде пайда болған негізгі қағидаларға мыналар жатады:

- материалдық дүниедегі объектілердің жекелілігі, соның ішінде объектінің сыртқы құрылысының жекелілігі. Бір топтық объектілердің сыртқы құрылысы жалпы белгілері бойынша сәйкес келуі мүмкін, бірақ олар жеке белгілері (формасы, көлемі, түрі және т.б.) бойынша ерекшеленеді. Трасологиялық жеке белгілерге – іздің сыртқы қабаты бедерінің (ерекшеліктері) немесе із өрнегінің («суретінің») детальдары жатады.

- объектілердің сыртқы құрылысының салыстырмалы тұрақтылығы – бұл белгілі бір уақыт аралығында объектінің өз формасы мен басқа объектілерден бөліп қарастыруға мүмкіндік беретін айрықша белгілерін сақтау қасиеті. Трасологиялық зерттеудің объектісіне тек қана қатты заттар, яғни қасиеттері салыстармалы түрде өзгермейтін объектілер жатады. Із қалдырған объектінің белгілері және ізде көрініс тапқан белгілер белгілі бір уақыт аралығында өзгеріске ұшырамаған жағдайда ғана трасологиялық идентификацияны жүзеге асыруға болады.

- объектілердің сыртқы құрылысы, соның ішінде оның жеке белгілері (детальдары), белгілі бір жағдайларда басқа бір объектілерде өз бейнесін дәлме-дәл түсіру қабілетіне ие жеке белгілердің дәлме-дәл, әрі толық көрініс табуы. Жеке белгілердің толық және дәлме-дәл көрініс табуы іздің пайда болу жағдайларына байланысты. Олардың негізгісіне – із қалдырушы мен із қабылдаушы объект материалдарының физикалық қасиеті жатады. Сонымен қатар, объектілердің қарым-қатынасқа түсу механизмі де жатады. Із қабылдаушы объект неғұрлым иілімгіш (созылмалы), құрамдық құрылысы ұсағырақ болса, пайда болатын іздің детальдары соғұрлым нақтырақ, айқынырақ көрініс табады;

- пайда болатын ізде объектінің сыртқы құрылысының көрініс табуы айналы түрде кері жүретін процестің нәтижесі түрінде қарастыруға болады. Мысалы: дөңес (шығыңқы) объектілер (аяқ киім ұлтаны (табаны) жұмсақ материалдарда: құмда, лай-батпақтарда) көлемді іздерді қалдырады. Іздің пайда болу кезіндегі жағдайларға қатысты басқа да өзгешеліктерді байқауға болады. Мысалы: беткі қабаттың бедерлі болуынан із тырналып түседі.

Сонымен, трасологиялық зерттеудің негізгі объектісі болып табылатын із-бейнелеуші объектілер екі объектінің өзара қарым-қатынасқа түсу нәтижесінен пайда болады. Із қалған объект – із-қабылдаушы, ал із қалдырған объект – із-қалдырушы деп аталады. Із пайда болған кезде қарым-қатынасқа түсетін беткі қабаттар – түйісу қабаттары деп аталады.

Іздердің түйісуі кезінде объектілер физикалық, химиялық және биологиялық әсерге түседі. Физикалық әсер ету механикалық және жылулық болуы мүмкін.

**Трасология** – механикалық әсерге түсетін іздерді зерттейді. Трасологиялық зерттеудің мәнін – түйісетін (контакттілі) объектілерге механикалық жағынан әсер етудің ерекшеліктерін және осының нәтижесінде пайда болатын іздерді зерттеу құрайды.

Қалыптасу жағына байланысты іздерді келесідей топтарға жүйелеуге болады: статикалық және динамикалық; көлемді және беткі қабатты; локальды және перифериялық.

#### **Адамның трасологиялық іздері**

Трасологиялық маңызы бар адам іздеріне: қол іздері, аяқ, аяқ киім іздері, тістердің іздері, сондай-ақ папиллярлы өрнектері жоқ басқа да іздер, атап айтқанда: бас (бет) бөлшектерінің (құлақ, ерін, мұрын, шеке т.б.) іздері жатады.

Қолдың іздері – басқа іздерге қарағанда қылмысты тергеу мен ашу кезінде жиі әрі нәтижелі қолданылады. Қол іздері арқылы адамның жынысын, шамамен жасын (ересек немесе бала екендігі), қай қолмен және қандай саусақпен қалдырылған із екендігін, кей жағдайларда кәсібі мен қолдарындағы т.б. кемістік белгілерін анықтау мүмкін болады. Қол іздері арқылы осындай идентификациялық емес жағдайлармен қатар, адамды жеке идентификациялауға болады.

Аяқ іздері – жалаң аяқ іздері, аяқ киім іздері және шұлық (нәски) іздері деп бөлінеді. Жалаң аяқ немесе шұлық іздері бойынша адамды, ал аяқ киім іздері бойынша аяқ киімді идентификациялайды. Идентификациялау кезінде статикалық іздер қолданылады, кей кездерде, нақты адамның аяқ киімді кию фактісі (мән-жайы) анықталуы мүмкін. Аяқ киім ұлтарағындағы ұзақ кию нәтижесінде жалаң аяқтан (шұлық немесе нәски киілген) қалған статикалық із зерттеледі.

Бұзу құралының іздері – есіктің беткі қабатынан және оның тұтқаларынан, құлыптан, терезе рамаларынан, объектінің төбесі мен едендерден, сейфтердің қабырғаларынан және т.б. жерлерден табылуы мүмкін.

Қысым іздері – кедергінің (бөгеттің) бетінде бұзу құралдарының соққысы нәтижесінде басылып түсуі арқылы пайда болады. Егер кедергі жеткілікті дәрежеде қатты болған жағдайда беткі қабатты із қалады, ал жеткілікті дәрежеде қатты болмаса, онда ішіне қарай басылып батқан із қалады. Батқан іздің тереңдігі соққының (басудың) күшіне байланысты болады. Ал батқан іздің формасы бұзу құралының жанасу бөлігінің кескін бейнесін (конфигурациясын) қайталайды және оның өлшемін көрсетеді. Оқиға болған жерді қарау кезінде тергеуші мұндай іздерді зерттеу арқылы бұзу құралының формасы мен өлшемі жөнінде мағлұматтар алады. Соның негізінде ол бұзу құралдарын іздестіру жұмыстарын жүргізу тапсырмаларын тұжырымдайды.

Сырғанау (үйкеліс) іздері – бұзу құралдарының (лом, темір бөлігі) бөгеттің, кедергінің астыңғы бұрышынан беткі қабатына әсер етуі арқылы пайда болады. Бұл кезде кедергі материалдарында шұңқырлы сызықтар (валиктер) пайда болуы және кедергі материалдары тығыздануы мүмкін. Құралдар кедергіге қарағанда қаттырақ болса, үйкелу іздері анық түседі. Оларға қарап қолданылған құралдың түрі мен бұзу механизмі жөнінде мәлімет алуға болады.

Кесу іздері көбінесе ағаш және металдан жасалған кедергілерде кездеседі. Бұлар – балтаның, пышақтың, қашаудың және басқа да құралдардың іздері. Кесудің бір түріне арамен аралау іздері жатады, ол өзінің механизмі бойынша бұрғылау және сүргілеу іздеріне ұқсас. Кесу іздерінде құралдың кесетін (шабатын) қыры бейнеленіп түседі. Бұл іздер әдетте динамикалық (сызықты) болып табылады, әрбір қыр кедергіге сызық қалдырады. Қыртыстар мен шұңқырлы сызықтардың (валиктердің, трассалардың) кезектесіп түскен жиынтығы беткі қабаттың микробедерін бейнелейді. Шабу, кесу іздері бойынша – бұл іздерді қалдырған құралдарды тендестіруге болады.

**Көлік құралдарының іздері** Көлік құралдарының іздері көліктік трасологиямен зерттеледі, оларға төмендегілер жатады:

- қозғалатын бөлшектердің іздері;
- көлік құралдарының сыртқа шығып тұратын бөлшектерінің іздері;
- көлік құралдарынан бөлінген бөлшектер мен детальдардың іздері.

Көлік құралдарының іздері жол-көлік оқиғасын тергеу, сондай-ақ көлік құралдарын қылмыстың құралы ретінде қолданған кездерінде де зерттелінеді.

#### **Қолданылатын әдебиеттер:**

1. Басалаев А. Н. Следы ног и транспорта. Лен. ,1971.
2. Грановский Г. Л. Основы трасологии. М,1974.
3. Грановский Г. Л. Методы обнаружения и фиксации следов рук человека., М,1973.
4. Грановский Г. Л. Криминалистическое исследование следов ног. М,1970.
5. Грановский Г. Л. Локализация отобразившегося в следе участка папиллярного узора и оценка идентификационной значимости его признаков. Киев. ,1967.
6. Грановский Г. Л. Статистические методы определения слеодообразующего участка папиллярного узора руки”. М,1974.
7. Литвиненко Л. И. Понятие и классификация следов в трасологии. Киев,1958.
8. Крылов И. Ф. Следы на месте преступления. Лен. ,1961
9. Справочник “Выявление отпечатков пальцев с помощью вакуумного напыления” М. ,1976.
10. Сорокин В. С. Обнаружение и фиксация следов. М. ,1994 г. .
11. Цимакуридзе Г. Л. Основные вопросы дактилоскопии. Тбилиси, 1957.
12. Жәкішев Е.Г., Исаев А.А., Тапалова Р.Б., Найманова Г.Х., Темірболат Н.С. Криминалистика, КазНУ, 2005

### **3 ДӘРІС. КРИМИНАЛИСТІК БАЛЛИСТИКА (1 САҒАТ)**

**Түйінді сөздер:** баллистика, сот баллистикасы, ату құралы, оқ-дәрі жабдықтары, патрон, гильза, ату іздері.

#### **Сұрақтар:**

Сот баллистикасының түсінігі және оның зерттейтін негізгі объектілері. Ату құралы – сот баллистикасының зерттеу объектісі. Патронның құрама бөлігі. Гильза, капсуль, порох, тығын, оқ, бытыра және картельдің сипаттамасы. Ату іздерінің сипаттамасы.

Сот-баллистикасы арқылы шешілетін идентификациялық және идентификациялық емес мәселелер. Оқ пен гильза бойынша ату құралының түрін, жүйесін анықтау. Атылған оқ және гильза бойынша ату құралын идентификациялау.

Тегіс оқпанды қарудан атылған бытыраны, картельді, оқ-дәріні және патронның тығынын зерттеу.

Оқтың атылу жағдайларын анықтау. Жақыннан атудың белгілері. Оқтың атылу бағытын, қашықтығын, атқан адамның тұрған орнын анықтау.

Ату құралын, оқты, гильзаны, бытыраны, картельді, тығынды және атудың ізін табу, бекіту, қарау және алу.

#### **Сот баллистикасының түсінігі мен мақсаты**

Сот баллистикасы криминалистикалық техника бөлімінің біріне жатады.

Сот баллистикалық зерттеу объектісі болып негізінен ату және атылу мүмкіндігімен байланысты заттай дәлелдемелер табылады. Зерттеу объектілері келесідей топтарға бөлінеді:

1. атыс қарулары;
2. оқ-дәрі жабдықтары (патрондар), шикі заттары (сырьё), материалдары, қару-жарақ пен оқ-дәріні дайындау кезінде қолданылған құралдар;
3. ату құралдарын қолдану іздері.

Атудың негізгі іздеріне – снарядтан (оқтан, бытырадан, картечтен) пайда болған зақымдар жатады. Снарядтың энергиясына, бөгеттің қаттылығына және қалыңдығына, олардың кездесу бұрышына байланысты зақымдар өтетін және өтпейтін болып бөлінеді.

Атудың қосымша іздеріне – атумен қатар жүретін құбылыстың әрекеттері нәтижесінде пайда болатын іздер. Жақын арақашықтықтан ату кезінде пайда болатын қосымша іздер жақыннан ату іздері деп аталады. Қосымша іздердің пайда болуында порохтық газдардың, оқпан ауызының жалынының, порохтың өртенбеген түйірлері, капсюльдік құрамның ыдыраған бөлшектерінің, майлау бөлшектерінің және басқа да заттардың атқаратын ролі үлкен. Атумен қатар жүретін құбылыстардың нәтижесінде келесідей іздер пайда болады:

- түйісу белбеуі (поясок обтирания) – оқтың кіретін жері жиектерінің ластануы, ол күйеден, металл бөлшектерінен, майдан тұрады. Түйісу белбеуі ату арақашықтығына байланыссыз пайда болады. Шыны, керамика, кафель, пластмасса және басқа да үгілетін бөгеттерде түйісу белбеуі байқалынбайды, өйткені мұндай бөгет бөлшектері оқпен түйісу кезінде бұзылып ұшады, оны жұмсақ заттар, маталардың бетінен көре аламыз.

- майлану қыртыстары (шөгінділер): оқпанның майлауымен байланысты, онда тапаншадан майлар 150 см-ге дейін ұшады. Бірінші атыстан кейін майдың болмауы да мүмкін;

- күйе қыртыстары (шөгіндері) кіретін саңылаудың жан-жағында орналасып, жақыннан ату нәтижесінде пайда болады. Мысалы: «Макаров» тапаншаларының жүйесінде 40 см-ге дейін). Егерде бөгет 0,5-тен 5 см-ге дейін арақашықтықтағы бірнеше қабаттардан тұрса, ату қашықтығы 1000 м болса да күйенің екінші қабатта пайда болуын көре аламыз. Бірінші қабатта күйе іздері болмайды;

- бөгетте порох түйірлерінің қыртыстануы мен енуі. Бұл белгі жақыннан ату нәтижесінде пайда болады;

- күйіп қалу – бұл жылулық жағынан жалынның бөгетке әсер етуі. Ол өте жақыннан және нысанаға тақап атудан пайда болады;

- бөгеттің ішін-ара қирауы порохтық газдардың әсерінен болады және нысанаға тақап және өте жақыннан атудан байқалады;

- қару-жарақ бөлшектерінің іздері. Адамға тақап атудан денесінде, маталарда оқпан ұңғысының іздері пайда болады – штанцмарка.

#### **Қолданылатын әдебиеттер:**

1. Закон РК О государственном контроле за оборотом отдельных видов оружия. 20. 01 1997

2. Комаринец Б.М. Криминалистическое отождествление огнестрельного оружия по стреляным гильзам. М. 1955

3. Кубицкий Ю. М. Судебная баллистика М. 1956

4. Кустанович С. Д. Судебная баллистика М. 1956

5. Самсонов Г. А. Судебная баллистика М. 1975

6. Черваков В. Д. Судебная баллистика М. ,1977.

7. Жәкішев Е. Г. , Исаев А. А. ,Тапалова Р. Б. , Найманова Г. Х. , Темірболат Н. С. Криминалистика. КазНУ 2005

#### **4 ДӘРІС. ҚҰЖАТТАРДЫ КРИМИНАЛИСТІК ЗЕРТТЕУ (1 САҒАТ)**

**Түйінді сөздер:** Құжат, қолжазба тану, автортану, құжаттарды техникалық зерттеу, қолжазу, жазба тілі, идентификациялық, идентификациялық емес, динамикалық стереотип, қолжазудың жалпы және жеке белгілері, сараптама, реквизиттер.

#### **Сұрақтар:**

Құжаттарды криминалистік зерттеудің түсінігі, оның бөлімдері: қолжазба тану, автортану, құжаттарды техникалық зерттеу.

Қолжазудың қалыптасуы және оның идентификацияға негіз болатын қасиеттері. Қолжазудың қалыптасуының және өзгеруінің заңдылығы. Динамикалық стереотип.

Қолжазудың жалпы және жеке белгілері. Жазуды ұқсатып (имитация жасап) жазу. Қолжазуды криминалистік сараптамаға жіберуге материалдар дайындау. Еркін, экспериментальды, шартты-еркін жазудың үлгілері. Үлгілерге қойылатын талаптар.

Құжаттарды техникалық-криминалистік зерттеудің түсінігі, объектілері. Реквизиттер: мәтін, мөртаңба, құжаттың бланкісі, қолтаңба. Құжат материалдары: қағаз, сия, паста, тушь, графит, типографиялық бояу, желім, ледерин және т.б. Техникалық құралдар: қалам, мөр, штамп, клише, ксерокс, компьютер, принтер, баспаханалық станок, кескіш, кассалық аппарат және т.б. Құжаттарды техникалық-криминалистік зерттеудің шешетін идентификациялық және идентификациялық емес мәселелері.

Жалған құжаттарды жасау әдістері. Жартылай және толық әдістер. Жалғандық тәсіл белгілері.

Өшірілген, оқуға жарамсыз жағдайға келтірілген және отқа жанған құжат мәтіндерін зерттеу.

#### **Құжаттар криминалистикалық зерттеудің объектісі ретінде.**

**Құжаттар** – мөлшері, пішіні, материалдардың түрлері, қорғау әдістері, мәтіні (адресат), қолтаңбасы, мөртаңбалары бойынша және бұрыштамалардың болуымен сипатталады. Кәсіпорындар мен мекемелер атынан берілетін көптеген ресми құжаттардың міндетті элементтері (реквизиттері) белгілі бір мемлекеттік стандарттарға және нұсқауларға сәйкес болуы керек. Ресми емес құжаттардың элементтері олардың қолдануына байланысты анықталады. Кейбір жағдайда қылмыстық процеске түсетін құжаттар, бір элемент – «мәтіннен» ғана тұрады.

**Тәжірибеде кездесетін құжаттарды келесідей түрлерге бөлуге болады:** тағайындалуы бойынша (қандай да бір фактілер мен құқықты куәландыратын және белгілі бір мәліметтерден тұратын құжаттар, мысалы: анықтамалық сипаттағы); шығу тегі бойынша (мемлекеттік мекемелерден шығатын, ресми және жеке тұлғалардан шығатын – ресми емес); дайындау тәсілі бойынша (қолмен, машинкамен, компьютермен жазылған, баспаханалық, құрама, жеңіл баспаханалық құралдармен дайындалған және фотосурет көмегімен жасалған); шығу кезектілігі бойынша (түп нұсқа және көшірме).

Құжаттарды криминалистикалық зерттеудің үш түрі қарастырылады:

1. қолжазуды криминалистикалық зерттеу (қолжазбатану);
2. мәтін авторын криминалистикалық зерттеу (автортану);
3. құжаттарды техника-криминалистикалық зерттеу.

Қолжазуды криминалистикалық зерттеудің міндеті қолжазбаны орындаушыны немесе оның қасиеті мен қолжазуды орындау кезіндегі хал-күй жағдайын (жынысын, жасын, жеке және кәсіптік ерекшеліктерін, мас болу жағдайын т.б.) анықтау болып табылады.

Криминалистикалық автортанудың міндеті қолжазба немесе баспа мәтінінің авторын анықтау.

Техника-криминалистикалық зерттеудің мақсаты тергеуге маңызды құжаттың алғашқы мазмұнын өзгертудің және құжатты дайындаудың әдісі мен жағдайларын анықтау. Осы аталған міндеттерді шешу үшін арнайы ғылыми білімдерді және криминалистикалық әдістеме негізінде әртүрлі ғылым саласындағы әдістерді қолдануды талап етеді.

Құжаттарды криминалистикалық сараптаудың пәніне құжаттың түп нұсқасын немесе жалғандығын анықтау жатпайды. Бұл құқықтық мәселе болып табылатындықтан, оны тек қана тергеуші мен сот шешеді. Құжаттардың криминалистикалық сараптамасы – анықтама өндірісінде, алдын ала тергеуде және қылмыстық істер бойынша сот талқылауында және істерді азаматтық процеске қарау кезінде тағайындалады. Егер де ұсынылған құжаттың түп нұсқасына күмән келтірілетін жағдайлар туындаса, мұндай сараптаманы тағайындау құқығы мемлекеттік нотариусқа және нотариалдық әрекетті жүзеге асыратын лауазымды тұлғаларға (мемлекеттік нотариат туралы заң) беріледі.

#### **Криминалистикалық қолжазбатанудың түсінігі, объектісі, ғылыми негіздері**

Жазу тілі адамның жазу барысында пайда болатын криминалистикалық зерттеу объектісінің кеңінен таралған түрлерінің бірі болып табылады.

Қолжазбаны криминалистикалық зерттеу объектісіне жазба мен қолжазбаның жекеленген және тұрақты белгілері көрініс табатын кең көлемді қолжазбалар (хат, күнделік және т.б.), сонымен қатар, қолтаңба, қолмен орындалған сандық немесе символдық белгілер жатады.

**Қолжазуларды зерттеу барысында қарастырылатын мәселелер екі топқа бөлінеді:**

1. идентификациялық;
2. идентификациялық емес.

Осы сұрақтар қылмыстық және азаматтық істерді қарастыру кезінде шешіледі.

Идентификациялық мәселелерді шешу кезінде мынандай сұрақтар анықталады: Қолжазуды немесе қолтаңбаны орындаған кім? Орындаған осы тұлға ма әлде басқа ма? Егер тергеу барысында орындаушы тұлға анықталынбаса, бірнеше құжаттағы қолтаңба немесе қолжазулар бір адаммен әлде бірнеше адаммен орындалған ба?

Қолжазбаның жекелігі мен тұрақтылық белгісіне байланысты графикалық және техникалық қалыптасқан дағдылардың маңызы зор.

**Қолжазу** – қолжазбадан көрініс табатын әр орындаушы адамға тән және оның жазба қозғалыс дағдысына негізделген қолжазудың қозғалысы мен тәсілдерінің жүйесі. Қолжазуда қолданылатын қозғалыс жүйе элементтері қатаң түрде жаттыққан, үйлесімді жүйе. Қолжазудың тұрақтылығы мен жекелігі сарапшының алдына қойған мәселелерді шешуге мүмкіндік береді.

Қалыптасқан қолжазу тұрақтылық қасиетке ие болып, идентификация процесін жеңілдетеді. Адам қартайған кезде қолжазу келесідей өзгеріске ұшырайды: координация төмендейді, қозғалыс баяулайды, көбінде әріптерді қысқартып жазады.

Әрбір адамның жазба тіл дағдысын сипаттайтын белгілер жиынтығын екі топқа бөлеміз:

1. жазба тілінің белгілері;
2. жазба белгілері.

**Жазба тіл белгілері** жазудың мағыналық жағын сипаттайтын тілдің бір түрі. Ал, жазба белгілері жазба тілінің қозғалып сызылу жағынан қарастырады.

**Жазба тілі** – грамматикалық, лексикалық және стильдік жағынан сипаттайды. Егер де мәтін компьютер, жазу машинкасымен емес қолмен орындалған болса, бұл белгілер қолжазба белгілерін толықтырады. Мәтін компьютер, жазу машинкасымен орындалса, оның авторы немесе орындаушысы анықталады. **Грамматикалық белгілерге:** сөздердің әріптік құрылым ерекшелігі, сөйлем құрастыру мен сөйлем белгілерін қою жатады. **Лексикалық белгілер** адамның тіл байлығындағы сөз қорына байланысты зерттеледі. **Стильдік жағынан** зерттеген кезде сөйлемнің жүйелі, кезекті немесе орынсыз қолдануы, жергілікті немесе таңдамалы сондай-ақ, жай немес күрделі, анықтаушы, салыстырмалы және пысықтаушы сөздерді қолдану және т.б. жағдайлары анықталады.

Жазба тілінің мағыналық және қозғалыс жақтары бірге қарастырылады. Сауаттылықтың белгілері бір дәрежесіне қозғалыс координациясының белгілі бір дәрежесі сәйкес келеді және қолжазбаның мазмұны мен оны қолдану мақсаты қолжазба белгілеріне әсерін тигізеді. Осыған байланысты жазба тілді зерттеу идентификацияға маңызы бар жазба белгілерін дұрыс анықтауға мүмкіндік береді. Қолтаңбалық зерттеуде қолжазу белгілері басты рөл атқарады.

**Қолжазбаны сипаттайтын қолжазу белгілері жалпы және жеке** болып екі түрге бөлінеді. Жалпы белгілеріне қолжазбадан көрініс тапқан жазба қозғалыс дағдысының жалпы қасиеттері туралы мәліметтер жатады. Бұл мәліметтер жалпы жазу қозғалыс жүйесінен көрінеді.

Жеке белгілер – жазба қозғалыс дағдысының жекеленген жақтарын, ерекшеліктерін сипаттап, жеке әріптерді немесе олардың тіркестерін орындау кезінде көрініс табады.

Қолжазбаны қозғалыс жүйесі ретінде жалпы белгілер сипаттайды.

### **Құжаттарды техника-криминалистикалық зерттеудің түсінігі және оның міндеттері мен түрлері**

**Құжаттарды техника-криминалистикалық зерттеу дегеніміз** -қылмыстық және азаматтық істер бойынша заттай дәлелдеме болып табылатын құжаттарды зерттеу кезінде туындайтын мәселелерді шешу мақсатында жаратылыстану және басқа да техникалық ғылым салаларынан алынған теориялық ережелер мен арнайы әдістерді жүйелендіру негізінде қалыптасқан криминалистикалық техниканың жеке бір саласы.

Құжаттарды техника-криминалистикалық зерттеуге жататын мәселелер шеңбері, зерттеу кезінде қолданылатын әдістер сияқты кең ауқымды және көптүрлі. Құжаттарды техника-криминалистикалық зерттеудің жалпы мәселелері идентификациялық және идентификациялық емес деп екі топқа бөлінеді.

#### **Қолданылатын әдебиеттер:**

1. Аксенова Л. М. Техничко-криминалистическое исследование документов, подвергшихся естественному изменению. М, 1985.
2. Карнович З. М. О практике технической экспертизы документов. М, 1980.
3. Эйсман А. В, Николайчук В. А Физические методы выявления невидимых текстов. 1985.
4. Снетков В. А. Актуальные вопросы судебно-технической экспертизы документов. М,1985.
5. Ляпичев В. Е. Современные методы установления внесенных в текст дописок. М,1989.
6. Комаринец Б. М. Исследование документов. М,1953.
7. Архипов Г. Ф. , Шапиро И. И. Исследование письменного навыка по денситограмме почерковых объектов. Вопросы судебной экспертизы и криминологии. - Вильнюс, 1982, Вып. 6.
8. Атаходжаев С. А. , Дутова Н. В. , Орлова В. Ф. , Смирнов А. В. Установление подлинности кратких и простых подписей, выполненных в обычных условиях, и неподлинности подписей, выполненных с подражанием после предварительной тренировки. -М,1984.
9. Комплексная методика установления подлинности (или неподлинности) кратких и простых подписей. - М,1988.
10. Культелеева Т. Т. Криминалистическое исследование рукописей, выполненных маловыработанным почерком. Алма-Ата, 1975 г.
11. Пинхасов Б. И. Криминалистическая экспертиза почерка. Ташкент, 1964.
12. Судебно-почерковедческая экспертиза. - М, 1971.
13. Теоретические проблемы оценки экспертом признаков почерка. Киев, 1975 .
14. Жәкішев Е. Г. , Исаев А. А. , Тапалова Р. Б. , Найманова Г. Х. , Темирболат Н. С. Криминалистика КазНУ 2005

### **5 ДӘРІС. КРИМИНАЛИСТИК ГАБИТОЛОГИЯ (0,5 САҒАТ)**

**Түйінді сөздер:** Криминалистік габитология, адамды сыртқы бейне белгілері, жалпы физикалық, демографиялық, анатомиялық, функционалдық белгілер, дене мүшелері, ауызша сипаттау, генотипоскопиялық талдау.

#### **Сұрақтар:**

Криминалистік габитологияның түсінігі, оның ғылым ретінде қалыптасуы мен дамуы. Тергеу барысында габитология арқылы шешілетін мәселелер.

Адамды сыртқы бейне белгілерінің жүйесі: өзіндік және жалғаспалы. Өзіндік: жалпы физикалық, демографиялық, анатомиялық және функционалдық белгілер. Жалпы және жеке белгілер. Ерекше және көзге түсетін көрнекті белгілер.

Адамды сыртқы бейнесі бойынша ауызша сипаттау. Дене мүшелерін суреттеу. Бет әлпетін суреттеу. Жасырынып жүрген адамдарды іздеу кезінде, ұстау кезінде, адамдарды



тану үшін сыртқы белгілерін суреттеу. Сыртқы бейнені тұжырымдау үшін пайдаланылатын техникалық құралдар, әдіс-айлалар және олардың криминалистік маңызы. Фотосурет бойынша адамды идентификациялау.

Генотипоскопиялық талдау және оның мәліметтерін адамды идентификациялауға пайдалану мүмкіндігі.

### **Криминалистикалық габитологияның түсінігі және оның ғылыми негіздері**

Габитология – әртүрлі көріністегі адамның сыртқы бейнесін бекіту заңдылықтарын зерттейтін және қылмыстарды ашу мен алдын алу мақсатында сыртқы бейне туралы мәліметтерді жинау, зерттеу және пайдаланудың техника-криминалистикалық құрал-жабдықтары мен әдіс-тәсілдерін жетілдіретін криминалистикалық техниканың бір саласы болып табылады.

Адамның сыртқы бейне белгілері бойынша танудағы криминалистикалық ілімді жете меңгеру – білім жетістіктерін тәжірибеде кеңінен қолданып қылмысты тергеу мен айыпкерді іздестіру жұмыстарын жүргізуге мүмкіндік береді.

Адамдарды идентификациялау үшін криминалистикада әртүрлі әдістер мен тәсілдер жетілдірілген (өңделген). Идентификациялауда кеңінен қолданылатын әдістердің бірі – адамды сыртқы бейне белгілері бойынша теңдестіру болып табылады.

Адамды сыртқы бейне белгілері бойынша идентификациялаудың әдістері мен ғылыми негіздері жаратылыстану ғылымдарының жетістіктеріне: анатомия, физиология, сот-медицинасы, математиканың кейбір бөлімдеріне, жедел-іздестіру және сараптама тәжірибелеріне сүйене отырып ұзақ жылдар бойы қалыптасқан.

Адамдарды криминалистикалық идентификациялауға мүмкіндіктің болуы, кез-келген адамның сыртқы бейнесінің басқа адамда қайталанбайтын белгілерінің болуына байланысты. Әлемде сыртқы бейне белгілері жиынтығы бойынша бірдей екі адам кездеспейді, тек бір-біріне ұқсас адамдар кездеседі. Бұл қағида криминалистикалық идентификация теориясы мәліметтеріне және тікелей анатомиялық мәліметтерге негізделеді. Барлық материалдық дүние объектілері өзіне-өзі ғана тең, тіпті бір тектес объектілердің өзінде де бір-бірінен айыратын ерекшеліктері болады.

Адамның сыртқы бейнесінің барлық белгілері тұрақты емес, олар жиі өзгерістерге түсіп тұрады.

Адамның сыртқы бейнесінің ең мәнді өзгерістері ұзақ уақыт ішінде пайда болады. Олар әсіресе адам сүйегі қалыптасқан кезеңдерде көзге қатты түседі, яғни балалық және бозбалалық кезеңдерде. Жасөспірімдердің өзгеріске ұшыраған белгілерін бейнелеу немесе суретке түсіру және теңдестіру жолдарымен бекіту аралығында айтарлықтай көп уақыт өтпейтіндіктен криминалистикада ол белгілердің мәнді маңызы жоқ. Ұзақ жылдар өтсе де, кейбір белгілер қатты өзгеріске ұшырамайды (мысалы: адамның құлақ қалқаны, оның формасы, бөлшегі).

Адамның сыртқы бейнесі зақым алған жағдайда қатты өзгеріске ұшырайды, бірақ зақым көбінде адамның бетінің жеке бөліктеріне ғана түсуі мүмкін (мысалы: тыртық, күйік), сондай-ақ ол салыстырмалы түрде аз кездеседі.

Сыртқы бейненің ең тұрақты белгілері сүйекті-шеміршек негізімен байланысты, мысалы: адам бетінің формасы, маңдай формасы мен оның орналасуы, мұрын арқалығының формасы және оның орналасуы, құлақ қалқаны және т.б.

Адамды идентификациялауға пайдаланатын сыртқы бейне белгілері:

- тұрақты (белгілі бір уақыт аралығында салыстырмалы өзгеріссіз) болуы тиіс;
- салыстырмалы түрде сирек кездесетін;
- салыстырмалы түрде басқа белгілерге тәуелсіз болуы керек.

Теңдестіру кезінде жиі кездесетін белгілерге қарағанда сирек кездесетін белгілердің маңызы зор. Сыртқы бейненің белгі жиынтығын дұрыс қолданған жағдайда ғана теңдестіру нәтижелі жүргізіледі.

Адамды сыртқы белгілері бойынша теңдестірудің ғылыми әдістемесі 1880-жылдары қалыптаса бастаған. Француз криминалисті Альфонс Бертильон қылмыскерлерді тіркеу

жүйесін қалыптастырған, оның бір бөлімі адамның сыртқы бейне белгілерін арнайы термин қолдану арқылы суреттеуден тұрады. Бейнелеуді «ауызша суреттеу» немесе «сөзді портрет» деп айтады. Бұл әдіс бойынша адамның сыртқы бейнесі нақты суреттелді. А. Бертильон адам бейнесінің 49 түрін анықтаған, оның көпшілігі құлақ қалқанының әртүрлі бөлшектерінен тұрады. Дактилоскопиялық тіркеу жүйесінің кеңінен таралуына байланысты А. Бертильонның бұл жүйесі өзінің тәжірибелік мәнін жоғалтты. Дегенімен де ауызша суреттеу әдісі одан әрі дамып шарқына жетті. Қазіргі уақытта ауызша суреттеу жүйесін қылмыскерлерді, танылмаған мәйіттер мен хабар-ошарсыз кеткен адамдарды және т.б. тұлғаларды сыртқы бейне белгілері бойынша идентификациялау мақсатында қолданады. Сондай-ақ ауызша суреттеу барлық жағдайда, яғни адамның жеке басы анықталмаған (мысалы: төтенше жағдайлардың, апаттардың, табиғи апаттардың болуына байланысты адамдардың жаппай қаза болған) кезде немесе қылмыскер өзінің шын атын қасақана жасырған жағдайларда қолданады.

Сыртқы бейне белгілері бойынша сәйкестендіруді азаматтық сот өндірісі (алимент өндіріп алу ісі бойынша жауапкерді анықтау) кезінде де қолданылады. Адамның сыртқы бейнесі бойынша идентификациялауды тарихшылар, өнертанушылар, әдебиеттанушылар және басқа да ғылым өкілдері пайдаланады. Қылмыскерлердің сыртқы бейнесі белгілерін телевизор, газет және полиция мәліметтері бойынша хабарлануы арқылы олардың тез арада ұсталуына көмегін тигізеді.

Адамның сыртқы бейнесінің жекелігі (қайталанбауы) мен өзгермейтін белгілерінің жиынтығы адамның идентификациясының ғылыми негізін құрайды. Сыртқы бейнесі бойынша идентификациялау мен диагностикалаудың ғылыми негізі мен әдістемесі анатомия, адам физиологиясы, сот-медицинасы және математика мәліметтерін ескере отырып криминалистикада жетілдірілген.

#### **Қолданылатын әдебиеттер:**

1. Зинин А.М., Кирсанова Л.З. Криминалистическая фотопортретная экспертиза. М, 1991.
2. Зинин А.М., Зотов А.Б. и другие. Субъективные компьютерные портреты: Методические рекомендации. М, ЭКЦ МВД РФ., 1993.
3. Пересункин А.Ю. Отождествление личности по признакам внешности. (Крим.экспертиза. Вып. 5) М, 1967.
4. Самошина З.Г. Криминалистическое отождествление человека по признакам внешности. М, МГУ, 1963.
5. Терзиев Н.В. Криминалистическое отождествление личности по признакам внешности. М, 1956.
6. Цветков П.П., Петров В.П. Идентификация личности по фотоснимкам. Л, 1966.

#### **5 ДӘРІС. КРИМИНАЛИСТИКАЛЫҚ ЕСЕПКЕ АЛУ (0,5 САҒАТ)**

**Түйінді сөздер:** Қылмыстық тіркеу, тіркеу органдары, дактилоскопиялық есепке алу, картотека.

#### **Сұрақтар:**

Қылмыстық тіркеудің түсінігі, оның мәселелері және түрлері. Тіркеу органдары.

Қылмыскерлерді тіркеу. Аты-жөні бойынша және дактилоскопиялық есепке алу. Папиллярлы өрнектердің классификациясы. Дактилоскопиялық формула.

Хабар-ошарсыз кеткен адамдарды және аты-жөні белгісіз мәйіттерді тіркеу. Қылмысты жасау әдісі бойынша тіркеу. Ату құралдарын, оқтарды және гильзаларды криминалистік есепке алу. Жоғалып, тартып алынған заттарды есепке алу. Ашылмаған қылмыстар бойынша жиналған айғақ заттардың коллекциясы, оларды пайдаланудың мүмкіндігі және тәртібі. Тіркеудің жекелеген түрлерінің арасындағы байланыс. Анықтама қағаздарың алу тәртібі.

**Криминалистикалық тіркеудің түсінігі, мазмұны және оның құқықтық негіздері**

Криминалистикалық тіркеудің ғылыми негізін ең алғашқы рет XIX ғ. аяғында 1882 ж. А. Бертильон қылмыскерлерді тіркеудің антропометриялық, ал В. Гершель, Г. Фулдс, Ф. Гальтон 1887-1891жж. дактилоскопиялық тіркеу әдісін енгізу арқылы қалыптастырған. Қазіргі уақытта да криминалистикалық оқулықтарда кездесетін тіркеудің алғашқы жүйесі «қылмыстық тіркеу» - деп кездейсоқ аталмаған. Бүгінгі таңда криминалистикалық тіркеу жүйесі шеңберінде тіркеудің сан-алуан түрлері қолданылады. Мысалы: алфавиттік, дактилоскопиялық және т.б. тіркеу түрлері..

**Алфавиттік тіркеу.** Тіркеудің бұл түрі алфавиттік карточка көмегімен жүзеге асырылады. Компьютерге енгізілген мұндай карточкаларда келесідей тіркеме жасалған мәліметтер бекітіледі: фамилиясы, аты –жөні, туған жылы мен жері, ұлты, тұрақты тұрғылықты мекен –жайы, соттылығының болуы; үкім шығарған сот; Қылмыстық кодекске байланысты бабы, сотталу уақыты, жазаның түрі; бұрынғы қылмыстық әрекеті (қашан, қандай органмен және Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің қандай бабы бойынша жауапкершілікке тартылған), рақымшылық немесе кешірім жасауға байланысты үкімнің өзгеруі, жазаланған мерзімі мен орыны, сотталушының қайтыс болған күні, айы, жылы; іздестіруде жүрген тұлғаны жазадан босату негізі, қайыр тілеу мен босқындап жүруіне байланысты ұсталған тұлғалар; тіркеуге алудың заңдық негізі жөніндегі мәліметтер. Карточкада тіркелетін тұлғаның дактилоскопиялық формуласы көрсетіледі, оң қол сұқ саусағының таңбасы басылып алынады, олар алфавиттік және дактилоскопиялық карточканың өзара байланысын қамтамасыз етеді. Сонымен қатар мүмкіндік болса тануға көрсету үшін карточкаға тіркелетін (тізімге алынатын) тұлғаның фотосуреті қоса тіркеледі.

**Дактилоскопиялық тіркеу** – қамауға алынған, бас бостандығынан айыру немесе жер аудару жазасына жазаланған, сонымен қатар қайыр тілеп жүргендігі және босқындығы үшін ұсталған тұлғаларды тіркеуге алудың бір түрі болып табылады.

Қылмысты жасалу тәсілі бойынша тіркеу. Тіркеудің бұл түрі өзара байланысқан екі картотека арқылы жүргізіледі. Біріншісінде белгісіз тұлғалармен жасалған қылмыстардың, ал екіншісінде жеке басы анықталынбаған тұлғалармен жасалынған қылмыстардың жасалу тәсілдері сипатталады. Тіркеу карточкалары жүйеленіп, есепке алынатын белгілері бойынша кезектілікті сақтай отырып картотекада орналастырылады. Алдымен қылмыстың түріне қарай топтарға бөлінеді, ал әр топтың ішінде оқиға болған жерге (мысалы: қоймада, дүкенде, пәтерде жасалған ұрлық), қылмыскердің қолданған техникалық құралдарының сипатына, жасалған әрекеттердің ерекшеліктеріне және т.б. байланысты шағын топтарға іріктелінеді.

Криминалдық полициямен жүзеге асырылатын тіркеу бірқатар сұрақтарды шешуді жеңілдетеді: а) бірнеше ашылмаған қылмыстар бір тұлғамен жасалынбаған ба? ә) осы қылмысты жасаған тұлға бұрын сотталғандардың және қылмыс жасауға бейім тұлғалар тіркеуінде жоқ па? б) тергелетін қылмыс бұрын жасалу тәсілі бойынша тіркеуге алынған тұлғамен жасалынған жоқ па?

Сыртқы белгілері бойынша тіркеу. Тіркеуге рецидив-қылмыскерлерді, іздеудегі қылмыскерлердің кейбір категориясын және жәбірленуші немесе куәнің сыртқы бейнесін есінде сақтап қалған белгісіз соттан бой тасалап жүрген қылмыскерлерді алады. Тіркеу танытуға көрсету фототүсірілімдерін жасау және «сөзді портрет» әдісімен сыртқы белгілерін сипаттау негізінде жүзеге асырылады. Фото - суреттер фотоальбомдар немесе фотографиялық картотека (фототека) түрінде жүйеленіп сақталынады, ал сыртқы белгілері суреттелінген карточкалар – белгі картотека түрінде, сонымен қатар компьютерде сақталынады.

#### **Қолданылатын әдебиеттер:**

1. Девиков Е.И., Зуев Е.И.,Ищенко Е.П. Криминалистическая регистрация М.,1987
2. Ищенко Е.П.,Девиков Е.И.,Уголовная регистрация. Омск,1989
3. Криминалистика Под ред. проф. Волынского А.Ф. Закон и право.М.1999.

4. Криминалистика Под.ред. проф. Филиппова А.Г.и Волынского А.Ф. Изд. Спарк. М. 1998.
5. Криминалистика: криминалистическая техника Под ред. Аубакирова А.Ф. Алматы 2002.
6. Андреев Е.С.Грамович Г.И Порубов И.И. Криминалистика,Минск, Высш.школа,1997 г.

## **6 ДӘРІС. КРИМИНАЛИСТИКАЛЫҚ ТАКТИКАНЫҢ НЕГІЗДЕРІ (проблемалық мәселелер бойынша) (1 САҒАТ)**

**Түйінді сөздер:** Криминалистік тактика, тергеуші мен анықтама жүргізуші, тергеу әрекеті, жедел-іздістіру шаралар, криминалистік болжаулар, тергеуді жоспарлау.

### **Сұрақтар:**

Криминалистік тактиканың түсінігі, оның құрылымы және мазмұны. Тактиканың криминалистік техника және қылмыстың жекелеген түрлерін тергеу әдістерімен өзара байланысы.

Криминалистік болжаулардың түсінігі мен мәні, оның логикалық негіздері. Типтік болжаулар және олардың тергеудегі ролі. Тергеу барысында болжауларды құру және тексеру.

Тергеуді жоспарлаудың техникалық әдістері, тергеудің жазбаша жоспарларының түрлері және формалары. Болжаулардың тергеуді жоспарлаудағы атқаратын ролі.

Тергеуші мен анықтама жүргізуші органдардың және қоғаммен қалыптасатын қарым-қатынастың түсінігі және оның түрлері. Тергеу әрекеті мен жедел-іздістіру жұмыстарының өзара байланысы. Екі органның бірігіп жоспар жасауы. Жедел – іздістіру органдарына тергеушінің беретін нұсқаулары. Тергеу әрекеттерін өткізуге жедел-іздістіру органдарының қызметкерлерінің жәрдемдесуі.

Тергеу болжауының және тергеу жоспарының түсінігі, олардың өзара байланысы

Болжаудың мазмұны және мағынасына байланысты тергеу болжамы жалпы және жеке болып екі түрге бөлінеді. Жалпы болжау — ол нақты қандай қылмыстың болғандығы жөніндегі тергеушінің ой-пікірі.

Қылмыстық іс бойынша жасалған болжауларды және одан туындайтын сұрақтарды шешу үшін арнайы тергеу әрекеттерін, жедел-іздістіру және басқа да анықтама жұмыстарын жүргізу керек. Бұл жүргізілетін жұмыстар белгілі бір кезекпен, тәртіппен, жоспарлы түрде өткізілуі керек болғандықтан, анықталатын сұрақтарды, тергеу шараларын толық қамтитын тергеу жоспары жасалады. Тергеу жоспарын осы тұрғыдан алып қарасақ, ол негізінен тергеу болжауын тексеріп, анықтауға бағытталған жоспар екендігі айқын көрінеді. Сонымен тергеу жоспарының логикалық негізі — тергеу болжаулары. Тергеу болжауларының, оны тексеруге бағытталған тергеу жоспарының жалпы бір шығармашылық жұмыстың бірімен-бірі байланысты екі сатысы екендігі, міне, осымен сипатталады. Тергеушінің шығармашылық ой-пікірі, осыған байланысты жасалған болжаулары қағазға жоспар арқылы түсіп, жоспарда көрсетілген тергеу шараларын жүргізу арқылы жүзеге асады.

Тергеу жоспарын жасау белгілі бір принциптерге негізделеді. Жоспарды жасау үстінде тергеушінің міндетті түрде ескеретін шартты принциптері бар. Олар: жоспардың жекелігі, нақтылығы, серпінділігі, жоспарланған шаралардың іске асу айқындығы, заңдылығы және қолайлылығы.

Тергеу жоспарының нақтылығы дегеніміз ол анықтауға жататын сұрақтардың түсінікті және анық болуы, осы сұрақтарды шешу жолдарының нақтыланып көрсетілуі. Жоспарда жалпы және декларативті сипатта көрсетілген тармақтардың болмауы шарт. Егер де іс бойынша анықталуға жататын жалпы сұрақтар болса, олар нақтыланып, анықталып көрсетілуі керек. Сұрақтардың анық көрсетілуі оларды тез арада шешіп, анықтауды жеңілдетеді.

Жоспардың серпінділігі (динамикалық принципі) оның тергеудің әр кезеңінде әрқилы тергеу ситуациясына сай өзгеріп тұруы. Тергеу процесі құбылмалы, әр уақытта өзгеріп отыратын процестердің қатарына жатады. Тергеу үстінде, әрине, бұрын жоспарды құрғанда белгілі болмаған мәселелердің, сұрақтардың туындауы мүмкін.

Анықталуы жоспарланған сұрақтар іс бойынша жасалған тергеу болжауларынан туындайды.

Тергеу жоспары белгілі бір элементтерден құралады, осы қылмыс бойынша жасалған тергеу болжамдарына негізделеді және сол болжауларды тексеруге бағытталады. Сондықтан жоспардың бірінші элементі — осы іс бойынша жасалған тергеу болжаулары. Бұл тергеу болжауларын тексеру үшін белгілі бір сұрақтарды, мәселелерді анықтауға тура келеді

Осы жоспарланған жұмыстарды кім және қай мерзімде өткізу керек екендігі де жоспарда көрсетіледі. Бұл жоспардың төртінші элементі болады. Кей жағдайларда тергеу шараларын орындайтын лауазымды адамның аты-жөні өзінше жеке жазылады. Мұндай жағдайда жоспар бес элементтен құралады.

Тергеу жоспары ойша және жазбаша түрде жасалады. Тергеудің бастапқы кезеңінде қылмыстық іс бойынша мәліметтердің аз мезгілінде тергеуші өз жұмысын ойша жоспарлайды. Кейбір кідіртпей жүргізуді қажет ететін тергеу әрекеттері жоспарсыз да жүргізіледі. Айталық, қылмыс жөнінде хабар алысымен тергеуші оқиға болған жерге барып қарайды және осы қараудың қорытындысынан туындаған тергеу әрекеттерін өткізеді. Осы тергеу шараларын жүргізіп, орындаудан жиналған дәлелдеме деректерді сараптап, оларды айқындап, анықтау арқылы тергеу болжауларын жасап, осы болжауларды тексеруді жоспарлайды.

#### **Қолданылатын әдебиеттер:**

1. Андреев Е.С. Грамович Г.И. Порубов И.И. Криминалистика, Минск, Вышш.школа, 1997 г.
2. Баев О.Я. Основы криминалистики. М., 2001
3. Васильев А.Н. Следственная тактика. М, 1976.
4. Веницкий Л.В. Осмотр места происшествия: организационные, процессуальные и тактические вопросы. Караганда, 1986
5. Белкин Р.С. Тактика следственных действий. М., 1997 г.
6. Криминалистическое обеспечение деятельности криминальной милиции и органов предварительного расследования Под ред. Аверьяновой Т.В. и Белкина Р.С. М:- 1997.

#### **7 ДӘРІС. ТЕРГЕУ ҚАРАУЫНЫҢ ТАКТИКАСЫ (1 САҒАТ)**

**Түйінді сөздер:** Тергеу әрекеті, тергеу қарауы, тергеудің бастапқы кезеңі, оқиға болған жер, тергеу тобы, дайындық шаралар, жұмыс кезеңі, болжаулар, тергеу ситуациясы, арнайы білімі бар мамандар, негативті жағдайлар, инсценировка, хаттама.

#### **Сұрақтар:**

Тергеу қарауының түсінігі, мәні, түрлері және міндеттері.

Оқиға болған жерді қарау – тергеу қарауының анағұрлым күрделі түрі. Оқиға болған жерді қарау – тергеудің бастапқы кезеңінде (кідіртпей) жүргізілетін тергеу әрекеті. Қарауға дайындық. Оқиға болған жерге шықпай тұрып жүргізілетін тергеу әрекеті және келісімен жүргізілетін дайындық шаралары.

Арнайы білімі бар мамандарды қарауға қатынастыру. Оқиға болған жерді қараудың тактикалық әдістері мен кезеңдері. Оқиға болған жерді шолып қарау. Қараудың бағытын белгілеу және кезектілігін анықтау. Жекеленген заттарды, іздерді мұқият, қарау. Қараудың шекарасын анықтаған кездегі болжамның ролі. Негативті жағдайлар және олардың маңызы. Инсценировка танып білу. Қарауға қатысқан адамдардың арасындағы қарым-қатынастар, олардың тиімділігін анықтайтын фактор ретінде. Қарау нәтижелерін

бекіту. Оқиға болған жерді қарау жөнінде хаттама жазу, фотосуретке, бейнежазбаға түсіру жоспарын жасап, схемасын сызу.

1. Қылмысты істерді тергегенде әр түрлі объектілерді қарауға тура келеді. Осы қаралатын объектілерге байланысты тергеу қарауы бірнеше түрге бөлініп, жіктеледі.

Тергеу тәжірибесінде қараудың мынандай түрлері қолданылады: оқиға болған жерді қарау, мәйітті қарау, іздерді және жеке заттарды қарау, құжаттарды қарау, көлікті қарау, жергілікті жерді қарау, басқа да айғақ заттарды қарау.

Жеке заттарды, мәйітті және басқа да объектілерді қарау бірде дербес тергеу қарауының түрі болып саналады да, кей жағдайларда олар оқиға болған жерді қараумен қамтылады. Егер айтылған объектілер оқиға болған жерден тыс жерде қаралса, бұл қарау жеке тергеу әрекеті есебінде саналады. Мысалы, ауыр жарақат алып, халсіз жатқан жәбірленуші емханаға алып барғаннан кейін қайтыс болса, оның мәйітін қарау жеке тергеу әрекеті болып саналады да, оқиға болған жерді қараумен қамтылмайды.

Оқиға болған жерді қарау, тергеудің бастапқы кезеңінде, қылмысты іс қозғалмай тұрғанда-ақ жүргізіледі. Көп қылмыстардың тергеуі оқиға болған жерді қараудан басталады. Бұл тергеу әрекетін кешіктірмей, дер кезінде жүргізген жағдайда қылмысты ашуға керекті, өте құнды дәлелдемелер жинап алуға болады.

Оқиға болған жерді қараудың тергеу әрекеті есебіндегі маңызын дұрыс ұғу үшін алдымен оның түсінігіне тоқталайық. Оқиға болған жер деген түсінікке оқиға болған жер және осы қылмыстың іздері табылған жер жатады. Сондықтан бұл ұғымға тек қана қылмыс жасалған жер ғана жатпайды. Мұнымен қатар бұл ұғымға қылмыс жасауға дайындық жұмыстарын жүргізген жер, қылмыс жасауға қолданған қару және басқа да айғақ заттарды тапқан жер де жатады. Ол — жеке үй, пәтер, ашық алаң, су айдыны, вагон, тағы басқа да объектілер болуы мүмкін.

Айтылғандарды тұжырымдайтын болсақ, оқиға болған жер дегеніміз қылмыстың жасалған жері және де осы қылмыстың іздері табылған ашық алаң, пәтер, жеке үй және басқа да объектілер.

2. Оқиға болған жердің толық, пәрменді және дұрыс қаралуы тергеушінің осы тергеу әрекетіне ұқыпты дайындалуына тікелей байланысты. Тергеушінің дайындық жұмысы екі кезеңге бөлінеді. Бірінші кезең — тергеушінің оқиға болған жерге шықпай тұрып, оқиға жөнінде хабар алысымен жүргізетін дайындық жұмыстары. Бұл бірінші кезеңде тергеуші мына төмендегі дайындық жұмыстарын атқарады:

1). өзі келгенше оқиға болған жерді өзгеріссіз сақтап қалу үшін белгілі бір лауазымды адамдарға, атап айтқанда, полиция қызметкерлеріне нұсқау береді;

2) оқиға болған жерді қарауға өзімен бірге қатынасатын лауазымды адамдарды (жедел-ізвестіру жұмыстарын жүргізетін), мамандарды нақтылап белгілеп, олардың оқиға болған жерге кешікпей келуіне керекті шара қолданады;

3) оқиға болған жерді қарағанда қолданатын криминалистік құрал-саймандарды және басқа да керекті жабдықтарды дайындайды.

Тергеуші оқиға болған жерге өзі келгенше оны өзгеріссіз сақтап қалу жөнінде нұсқау берумен қатар полиция қызметкерлеріне қылмыстың басында болып, оны көрген адамдарды анықтау және басқа да жедел-ізвестіру жұмыстарын жүргізуге арнайы тапсырма береді.

Оқиға болған жерді қарайтын тергеу тобын құрғанда тергеуші қарауға қандай мамандар қатынасуы керек екендігін алдын ала анықтайды. Егер оқиға болған жерде мәйіт бар болса, онда қарауға міндетті түрде сот-медициналық expertті не арнайы медициналық білімі бар адам қатыстырылуы керек. Іздерді және басқа да айғақ заттарды іздеп табу, бекіту, алу және зерттеу үшін қарауға маман-криминалист қатыстырылады. Қаралатын объектілердің ерекшеліктеріне байланысты басқа да мамандардың қатысуы мүмкін.

Қарауға пайдаланылатын құрал-саймандарды дайындау үстінде тергеуші тергеу чемоданының ішіндегі жабдықтардың толық болуын, жарамдылығын тексереді. Осындай

дайындық жұмыстарын бітіргеннен кейін тергеуші жедел оқиға болған жерге шығуы керек.

Оқиға болған жерге келісімен тергеуші мына төмендегі дайындық жұмыстарын жүргізеді:

— жәбірленушінің хал-жағдайы анықталып, керек болса оған жедел медициналық жәрдем көрсетіледі;

— оқиға болған жердің шекарасын анықтайды;

— полиция қызметкерлерінің және басқа да лауазымды адамдардың баяндауынан оқиға болған жерде қандай өзгерістер болғанын біліп, егер оқиға болған жерде өзгерістер болса, олардың қандай себептен болғанын анықтайды;

— қылмысты көзімен көрген куә адамдарды сұрау арқылы, оқиға жөнінде деректі мәліметтер алады;

— керекті жедел-ізвестіру жұмыстарын жүргізу жөнінде полицияға және жедел-ізвестіру органдарының қызметкерлеріне нұсқау береді;

— қарауға қатынасатын куәгерлерді анықтап, оларды заңда көрсетілген құқықтары және міндеттерімен таныстырады, арнайы нұсқау береді;

— тергеу әрекетін қарауға қатысы жоқ бөтен адамдардың бұл жерден кетуін талап етеді;

— жедел-ізвестіру органдарының қызметкерлеріне арнайы дайындығы бар, үйретілген итті пайдалану арқылы қылмыскердің ізіне түсіп, ОНЫ ұстауға нұсқау береді.

3. Оқиға болған жерді қарау екі кезеңге бөлінеді және осыған байланысты арнайы әдіс-тәсіл қолданылады.

Тергеу әрекеті оқиға болған жерді жалпы шолып қараудан басталады да, бұл қараудың бірінші кезеңі деп саналады. Кей авторлар бұл кезеңді оқиға болған жерді бағдарлау сатысы деп те атайды. Негізінен, бұл кезеңде тергеуші оқиға болған жерді толығымен, жалпы шолып қарау арқылы осы жерді бағдарлайды. Сондықтан жалпы шолуды бағдарлау үшін пайдаланатын әдістің бір түрі деп те санауға болады.

Бұл кезеңнің негізгі міндеті — оқиға болған жерді нақтылап анықтау, ондағы орналасқан жеке объектілерді, олардың ара қашықтығын, орналасуын, жағдайын белгілеу.

Жалпы шолып қарау арқылы объектілердің орналасуын, олардың ара қашықтығын және басқа да жағдайларды есептей келіп, тергеуші оқиғаның болу механизмін болжап, көз алдына елестетіп, болған оқиғаның көрінісін ойша жасап көруі керек.

Оқиға болған жердің шетінен бастап, спиральдық әдіспен оның ортасына қарай жүргізілетін қарауды орталыққа шоғырлану концентрлік әдісі дейміз.

Жалпы шолып қарау үстінде оқиға болған жерде пайда болуы ешқандай негізсіз жат, бөгде іздер және қылмыстың болу механизміне қайшы келетін жағдайларды байқап аңғаруға болады.

Оқиға болған жерді қараудың екінші кезеңінде жердегі әр объект бөлшек-бөлшегімен жеке-жеке қаралып, зерттеледі.

— Мәйіттің дене тұрысы және жалпы кейпінің белгілері. Мұндайда мәйіттің мүшелерінің күйі және олардың орналасу қалпы жалпы айтқанда мәйіттің тұрқы анықталып, белгіленеді;

— мәйіттің жатқан орны осы жерден тұрақты және көрнекті объект арқылы белгіленеді. Айталық, мәйіт бөлменің ортасында жатқан болса, мәйіттің басы, аяғы бөлменің қабырғаларынан қандай қашықтықта екендігі белгіленеді;

— мәйіттің үстіндегі киім, оның қандай қалыпта екендігі. Мұндай жағдайда мәйіт киімінің жыртылған, былғанған жерлері бар ма, қалталарында не бар, тағы да басқа көрінеу белгілері бар ма, міне осылар анықталады;

Мәйіт денесінде қандай жарақаттар бар, олардың түрі, өлшемі және орналасқан орны.

Мәйіт дағының және мәйіттің дене мүшесінің тырысуының криминалистік маңызы зор. Себебі бұл белгілер арқылы адамның қашан өлгенін білуге болады. Егер мәйітті қозғаса, бастапқыда ол қалай, қай қалыпта жатқандығы анықталады.

Егер мәйіттің қасында қару (ату қаруы, пышақ) жатса, оның мәйіттен қандай қашықтықта жатқандығы өлшеніп белгіленеді.

Оқиға болған жерді қараудың соңғы кезеңінде табылған іздерді, айғақ заттарды олардың жағдайын, орналасуын, бәрін есептей келе, оларды талдау жасау арқылы бұл жерде не болды, ол қалай болды, оған қанша адам және кімдер қатынасуы мүмкін, болған оқиғаның зардабы қандай деген сұрақтарға жауап алуға тырысу керек.

Оқиға болған жерді бекітудің ең негізгі және заңда нақтылап көрсетілген түрі — хаттама жазу.

Хаттама үш бөлімнен тұрады. Бірінші, кіріспе бөлімінде оқиға болған жердің қай күні және қай уақытта, кімдердің қатысуымен қаралғандығы, оқиға болған жердің мекен-жайы, (не орналасқан жері), қаралған объектілері, оқиға болған жер қандай жағдайда қаралғандығы туралы мәліметтер жазылады.

Екінші, сипаттап жазу бөлімінде қаралатын жердің ерекшелігі, үй (пәтер) болса неше бөлмеден тұратыны, бөлмелердің орналасуы, есігінің қай жақта екендігі, терезелерінің қай қабырғаға қондырылғаны, т. б. ерекшеліктері толық жазылуы тиіс.

Үшінші, қорытынды бөлімінде оқиға болған жерді қарау үстінде қандай айғақ заттар алынғаны, осы хаттамаға қандай қосымша бекіту әдістері қолданылғаны көрсетіледі.

Хаттамаға қосымша оның кей жерлерін нақтылап көрсету үшін, оқиға болған жердің кестесі сызылады. Кестеде оқиға болған жердің жалпы көрінісі түсіріліп, ондағы әр объектінің орналасуы, олардың ара қашықтығы кестелі түрде бейнеленеді, кестеде оның белгілі өлшем көлемі, оңтүстік не солтүстік бағыты көрсетіледі.

Оқиға болған жердің жалпы көрінісін және ол жердегі жеке объектілердің орналасуын түсіндіріп, нақтылап көрсету үшін қарау кезінде арнайы сот-фотографиясының әдістерін қолдану арқылы бұл жер фотосуретке түсіріледі. Бағдарлап және жалпы шолу әдістерімен оқиға болған жердің көрінісі толық қамтылып түсірілсе, түйінді және бөлшекті әдістермен жеке объектілер, іздер, айғақ заттар түсіріледі.

4. Куәландыру. Тергеу әрекетінің ерекше бір түрі — адамдарды куәландыру. Қылмыстық істерді тергеу үстінде кейбір жағдайларда сезікті адамның, айыпкердің не жәбірленушінің, денесінде әр түрлі дақ, ерекше белгілер, не іздер барлығын анықтау үшін оларды заңда көрсетілген тәртіпті сақтай отырып, куәландырып қарауға тура келеді. Өзіндік міндеті бойынша және қарау үстінде қолданылатын тәсілдер бойынша куәландыру бірде тергеу әрекеті есебінде жүргізілсе, екінші жағдайда сот-сараптамасының бір ерекше түрі есебінде жүргізіледі. Осыған байланысты олар тергеулік және медициналық куәландыру деп аталады.

Адам куәландырылғанда, біріншіден, оның үстінде киген киімдері қаралады, олардың жалпы жағдайы, жыртылған жері, үзілген түймесі, дақ, таңба, тағы басқа да ерекше белгілердің бар жоғы анықталады. Киімін қарап болғаннан кейін, оның денесі қаралады. Егер куәландырылатын адамды мұндай қарау үстінде жалаңаштандыруға тура келсе, онда бұл тергеу әрекетіне басқа жыныстың адамдары қатыса алмайды. Сондықтан егер әйел адам жалаңаштандырылып қаралса, бұл тергеу әрекетін әйел тергеуші жүргізу керек те, ал еркек адам куәландырылса, еркек тергеуші өткізуі керек. Қалай болғанда да бұл тергеу әрекетін жүргізу үстінде куәландырушы адамның намысына тиетіндей, оны кемсітетіндей іс-әрекеттер жасалмай, жүргізілетін жұмыстардың бәрі моральдық нормаларға сай болуы тиіс.

Куәландыру сонымен қатар сот-медициналық сараптаманың бір ерекше түрі есебінде жүргізіледі. Сезіктінің, айыпкердің, не жәбірленушінің денесін қарағанда арнайы медициналық білім қолданылып, олардың денесінде бар жарақат тексеріліп, зерттелсе ондай куәландыру сараптамалық зерттеудің бір түрі болып саналады. Мұндай зерттеп қарау үстінде негізінен мына төмендегі сұрақтар анықталады:



- а) куәландырған адамның денесінде, қай жерінде, қандай жарақаттар бар;
- ә) жарақаттардың түрі, өлшемі, саны және олардың жалпы ауырлығының дәрежесі;
- б) куәландырған адамның денесінде бұрын жасалған операцияның белгісі бар ма.

Егер де жай қарау арқылы бұл сұрақтарды шешуге мүмкіндік болмай, оларды анықтауға медициналық зерттеулер қажет болған жағдайда сот-медициналық сараптама тағайындалады.

#### **Қолданылатын әдебиеттер:**

1. Баев О. Я. Основы криминалистики. М., 2001
2. Васильев А. Н. Следственная тактика. М., 1976.
3. Виницкий Л. В. Осмотр места происшествия: организационные, процессуальные и тактические вопросы. Караганда, 1986
4. Белкин Р. С. Тактика следственных действий. М., 1997 г.
5. Жәкішев Е. Г., Исаев А. А., Тапалова Р. Б., Найманова Г. Х., Темирболат Н. С. Криминалистика КазНУ 2005
6. Криминалистическое обеспечение деятельности криминальной милиции и органов предварительного расследования Под ред. Аверьяновой Т. В. и Белкина Р. С. М.: - 1997.
7. Практикум по криминалистике. Под ред. Н. П. Яблокова, М: Бек, 1995.
8. Попов В. И. Осмотр места происшествия. Алма-Ата, 1957; М., 1959.
9. Овчинский С. С. Осмотр места происшествия. М. 1974.
10. Попов А. В. Осмотр места происшествия. Тактические основы следственных действий. Выпуск 1. Алма-Ата, 1977 г.
11. Гинзбург А. Я. Осмотр места происшествия. Освидетельствование. Алматы, 1997
12. Еркенов С. Е., Султанов С. И. Тергеу әрекеттерінің тактикасы Данекер 2002

### **8 ДӘРІС. ТІНТУ ЖӘНЕ АЛУ ТАКТИКАСЫ (1 САҒАТ)**

**Түйінді сөздер:** Тергеу әрекеті, тінту, алу, тергеу тобы, дайындық шаралар, ақпарат жинау, жұмыс кезеңі, болжаулар, тергеу ситуациясы, арнайы білімі бар мамандар, тінтудің тактикалық әдіс-тәсілдері, техникалық құрал-жабдықтар, хаттама.

#### **Сұрақтар:**

Тінтудің және алудың түсінігі, міндеттері. Тінтудің түрлері. Тінту алдында жүргізілетін дайындық жұмыстары. Тінтудің объектісі және тінтілетін адам жөнінде бағдарлау мәліметтерін жинау. Тінтуге қатысатын адамдарды іріктеп алу. Олардың тінтілетін жерде тінту басталмас бұрын алдын ала жүргізетін әрекеті.

Тінтудің тактикалық және ұйымдастарушылық әдістері. Техникалық құралдарды дайындау. Ғылыми-техникалық құралдарды қолдану. Тінту психологиясы. Тінтуді үйдің ішінде және сыртта жүргізудің ерекшеліктері. Жеке адамды тінту. Бірнеше объектіні бір мезгілде тінту.

Тінтудің нәтижесі мен алуды бекіту. Тінтудің хаттамасы, жоспарлар, схемалар, фотосуреттер, заттардың тізімі.

**Тінту** дегеніміз үй-жайды, қора-ауланы еріксіз түрде қарау арқылы іске қатынасы бар айғақ заттарды, тығылып қалған қылмыскерді тауып алу үшін жүргізілетін, заңда көрсетілген күрделі тергеу әрекеті.

Тінтудің мақсаты — әдейі тығып қойған немесе тығулы тұрған айғақ заттарды арнайы тактикалық әдістерді қолдану арқылы тауып алу.

Кейбір авторлар тінту әрекетін жедел-іздістіру әрекеті ретінде қарастырады. Тінтуді жедел-іздістіру әрекеті деп санауға болмайды. Жедел-іздістіру әрекеті, әрине тінту үстінде, тіпті тінту басталғанға дейін де жүргізіледі. Оның мақсаты — тергеушіге тінтуді сапалы жүргізуге керекті деректер тауып беру, атап айтқанда қандай зат қай жерде болуы жөнінде, тінтілетін адамда қару бар ма, жоқ па, тінтуді жүргізуге керекті

мәліметтер жинап, тауып беру. Сондықтан жедел-іздігіру жұмыстарын тінтумен тұтас күйде қарауға болмайды.

Тінтудің басқа тергеу әрекеттерінен айырмашылығы — оның еріксіздігі.

Тінтудің бірнеше түрлері болады. Ол — жеке адамды тінту (личный обыск), тұрғын үйді, жеке бөлмені тінту, ауланы немесе басқа ғимараттар мен нысандарды тінту.

2. Тінту алдында тергеуші арнайы дайындық жұмыстарын жүргізеді. Біріншіден, ол тінту жүргізілетін объект және үйі тінтілетін адам жөнінде керекті бағдарлық мәліметтерді жинап алу керек. Тінтілетін адам және пәтер болса, оның толық мекен-жайы, неше бөлмеден тұратыны, қылмыс ғимараттың қай қабатында жасалғаны, онда телефон бар ма, жоқ па, қанша адам тұрады, жеке үй болса ауласында не бар, қай мезгілде үйде кісілер болады, міне осының бәрі алдын ала анықталады. Тінтілетін адам жөнінде — оның мінез-құлқы, қаруы болу мүмкіндігі және оны сипаттайтын басқа да мәліметтерді жинап алу керек.

Екіншіден, жедел-тергеу тобын құрған кезде алдын ала тінтуге қандай лауазымды адамдардың немесе мамандардың қатысуы керек екендігін анықтап алып, оларды қай жерге орналастыру қажеттігін келісу керек.

Үшіншіден, тінтуге керекті арнайы техника құралдарын дайындау керек, айталық, темірден, не асыл металдан жасалған заттарды іздейтін құралдарды дайындау қажет.

Дайындық жұмыстары толық аяқталысымен тергеуші, жедел топқа кіретін адамдар тінтілетін үйге келеді. Осы тінтілетін жерге тосыннан, күтпеген мезгілде келу үшін де белгілі бір тактикалық әдістер қолданылады. Тінтілетін үйге жақындағанда жедел топтағы адамдар бөлініп, осы нысанға жан-жақтан жеке-жеке келуі тиіс. Үйге жақындар алдында үйдің маңайында бөтен адамдар бар ма, жоқ па, соны абайлап қарау қажет. Тінтілетін пәтер көп қабатты болса, бір қабат жоғары өтіп кетіп, тосу керек.

3. Тінтудің тактикалық әдістері тергеу әрекетінің кенеттен, тосыннан жүргізілуіне негізделеді. Сондықтан тінтуге керекті деректер жиналысымен және дайындық жұмыстары бітісімен, кешіктірілмей дер кезінде жүргізілуі тиіс. Тосыннан, күтпеген жерден жүргізілген тінту арқылы ғана іс бойынша пайдалы және маңызды деректер, дәлелдемелер тауып алуға болады. Сондықтан тергеуші, әр түрлі тактикалық әдістер қолдану арқылы, тінтетін үйге күтпеген жағдайда, кенеттен кіру тәсілін ойластыруы керек. Үйге кіргеннен кейін тінтілетін адамды тінту жөніндегі қаулымен таныстырып, іске байланысы бар объектілерді тергеу орнына өз еркімен беру тінтілетін адамның міндеті екені айтылады. Тергеушінің бұл талабы бойынша олар кейбір нысанды (заттарды) тінтуге өз еркімен беруі де мүмкін.

Бұдан кейін жүргізілетін жұмыс — тінту нысанын жалпы шолып қарау, ауланы, бөлмелерді бақылап, дайындық үстінде алған бағдарлық мәліметтерге сәйкес пе, жоқ па, соны тексеру.

Жеке басты тінтудің өзі екі кезеңге бөлінеді. Әуелі, жалпылай тінтіп, бойында қару бар ма, жоқ па соны қарап, содан кейін басынан төмен қарай киімін, денесін ұқыпты, мұқият тексеріп шығу қажет. Қалтасынан табылған құжаттар, заттар арнайы алдын ала дайындалған жерге қойылып, кейін хаттамаға енгізіледі. Тінтуді, әрине сол тінтілетін адаммен бір жынысты адам жүргізуі тиіс. Тінтілетін адамның денесінде бинттелген, байланған жер болса оны шешіп көру үшін медицина мамандары қатыстырылып, бинтті шешу соларға жүктеледі.

Жалпылай шолудан кейін жеке объектілерді қарау кезеңі басталады. Тінтудің ойдағыдай табысты аяқталуы, оның белгілі бір тәртіппен, бағытпен жүргізілуіне, объектілерді қарау кезегін сақтауға, тағы басқа да тактикалық әдістердің толық және дұрыс қолданылуына байланысты.

Тінтуге кірісер алдында тергеуші нені іздеу керектігіне, қайдан іздеу керектігіне және қалай іздеу керектігіне айрықша назар аударады. Не іздеу керек екенін тергеуші тінтуге келер алдында анықтап, шешіп алады. Ал, қайдан іздеу керектігі тінтілетін нысанды (үйді, бөлмені) жалпы шолып қарағанда анықталады.

Не іздеу керектігін анықтаудың маңызы зор. Айталық, ізделетін нәрсе үлкен зат па, құжат па, ақша ма? Айғақ ізделетін жердің көлемі үлкен, іздеу жұмысы көпке созылатын болса, тінтуді сол ізделетін зат табылады-ау деген жерден бастау керек.

Тінтуге келгенде үйде қанша адам болса, бәрі де тінту біткенше орнында болуы тиіс, кетуге рұқсат етілмейді. Тек жұмыс бабымен келген адамдарға, айталық, укол салуға келген медбикеге, хат тасушыға, жөндеу жұмыстарын жүргізуге келген шеберге, өзінің кәсіби қызметіне байланысты келген тағы басқа адамдарға, олардың құжаттарын, куәліктерін тексергеннен кейін үйден кетуге рұқсат беріледі. Отбасы мүшелеріне, үй-іші, бала-шағаларға бір белгілі жер бөлініп (мысалы, жеке бөлме) тінту біткенше сол орында отыруды талап ету керек. Бірнеше бөлме болса, қай бөлмеден тінту бастау керек екені бірден шешіліп, анықталуы тиіс. Кей жағдайда тергеуші өзі бір бөлмені тінтсе, екінші бөлмені тінту өзімен бірге келген полиция қызметкеріне тапсырылады. Тінтетін нысан тек бір бөлме болса іздеу есіктен басталып, қабырға бойымен бір бағытта оңнан солға, не керісінше жүргізіліп, одан кейін бөлменің ортасында тұрған объектілер қаралады. Табылған заттар алдын ала арнайы белгіленген, айталық, арнайы жеке үстелге кезек-кезегімен қойылады.

Тінту үстінде тінтілетін адамның көңіл-күйін, іс-әрекетін, психологиялық құбылысын бақылап, осының бәріне сын көзбен қарау керек, себебі мұндай жағдайда тінтілетін адам асып-сасып, заттың тығылған жерін өзі білдіріп қоюы мүмкін.

Мысалы, бір іс бойынша тінту жүргізілгенде үйде жалғыз тұратын, тінтілген бір сатушы әйел басында ашуы келіп, асып-сасып абдырай берген еді. Тінту ортасында бөлменің бір бөлігі тексерілгеннен кейін оның көңіл күйі көтеріліп, тінтіп жатқан адамдармен қалжыңдаса бастады. Тергеуші тінтілуші әйелдің көңіл күйінің өзгеруін байқап қалып, дер кезінде оған мән береді, тексерілген нысандарды тағы бір мұқият қарап шығуды жөн көреді, әсіресе, осы әйелдің тапжылмай тұрып алған төсек-орын тұсы сезік келтіреді. Айтқандайын, қайта тексергенде төсектің алмалы арқалығының қуысынан толған ақша, тергеуге қажет жалған құжаттар табылады. Міне, сөйтіп тергеуші тінтіліп жатқан адамның психологиялық көңіл күйіне дер кезінде дұрыс мән беруінің нәтижесінде іске керекті нысандарды тауып, тінтуді табысты аяқтайды. Сондай-ақ тінтуде бір нәтиже беретін тактикалық, психологиялық әдіс — "ауызша барлау". Бұл тактикалық әдістің мәні тергеуші өзінің көмекшілеріне нұсқау берген болып немесе ақылдасқан болып, ауызша тінтілушіге естіртіп, қай жерлерді, қай нәрсені, нендей нысанды мұқият қарау керек екендігін айтады. Сонымен бір мезгілде тінтілетін адамның психологиялық көңіл күйін бақылайды. Затты тыққан жері аталғанда, өзін қанша ұстамды ұстаса да, тінтілетін адам көбіне қобалжыған көңіл - күйін білдіріп қояды, құты қашып асып-сасып қалады.

Жасырын, құпия жерді іздегенде тінтілетін адамның мамандығын, оның кәсіби қабілетін де ескерген жөн.

Қабырғадағы қуыс балғамен қаққан кезде күңгірт дыбыс береді, ол құлаққа естіледі. Жаңадан сырланған, жаңадан тұсқағаз жабыстырылған жер болса осы жерді аса ұқыптылықпен қарау керек, қабырғадағы суреттер де алынып қаралады. Металдан жасалған асыл бұйымдарды іздеуге арнаулы құрал-жабдықтар пайдаланылады.

Ұйымдастыру тәсіліне орай тінту екі түрге — *қайтара тінту* және *топтасып тінту* түріне бөлінеді. Алғашқы тінту оған қолайсыз жағдайда жүргізіліп ойдағыдай нәтиже бермеген, тінтуші жұмысқа жедел тартылып, оның қолында қажетті құрал-жабдықтар жеткілікті болмай, тінтуге көмектесетін арнаулы мамандар немесе басқа да қатысушылар жетіспей, тінтудің сапасына нұқсан келтірілген алғашқы тінту кезінде кейбір жерлердің назардан тыс қалып немесе асығыс тінтіліп, тергеу ісіне нұқсан келтірген, сондай-ақ алғашқы тінту кезінде оқиғаға қатысты айғақ заттар болмаған, оны жаңадан іздестіру қажеттігі туған немесе қылмыскер алғашқы жасырып қалған заттарын кейін бұрынғы орнына қойған жағдайларда тінту қайтара жүргізіледі.

Топ болып тінту кезінде операцияны бір мезгілде, үйлесімді жүргізудің маңызы айрықша. Бұл қылмыскерлердің бір-бірімен байланыс орнатып, әр түрлі айла-әрекеттер қолданып, жазадан құтылып кетудің жолын кеседі.

Тінтуді топтасып жүргізген кезде де оған дайындық және оны өткізу жеке-жеке жүргізіледі. Алайда, олардың бәрі бір жоспарға бағындырылып, бір жетекшінің басшылығымен ұйымдастырылады. Операцияның жетекшісі оның барлық қатысушыларына нұсқау беріп, тінтудің басталар мезгілін белгілеуге, аяқ астынан туған шараларға, айталық, тінтуді қайтара жүргізу қажет болған кезде, қосымша күш бөлуге міндетті.

Тергеу әрекеті хатталады. Онда қандай заттың қай жерден табылғаны, заттың ерікті не еріксіз түрде алынғаны, ол заттардың қалай сақталғаны көрсетіледі. Заттарды бейнелегенде оның сезік тудыратын белгілерін қағазға түсірудің қажеті жоқ. Алынған заттар тінтуге қатысушылардың көз алдында қолдары қойылып, мөрленеді.

Хаттамада қай заттың кімнің жауапкершілігімен сақтауға қойылғаны, қатысушылардың арыз - өтініштері де көрсетіледі. Оған тінту барысында түсірілген фотосуреттер қоса тіркеледі. Хаттаманың көшірмесі тінтілген адамға беріледі.

#### **Қолданылатын әдебиеттер:**

1. Ратинов А. Р. Обыск и выемка. , М,1980 г.
2. Попов А. В. Обыск. Тактические основы следственных действий. Выпуск 1. Алма-Ата. ,1977 г.
3. Михайлов А. И. ,Юрин П. С. Обыск. М. ,1971 г.
4. Шейфер С. А. Следственные действия. Система и процессуальная форма. М, 1981.
5. Юрин Г. С. Опыт сравнительного экспериментального исследования различных технических средств обнаружения тайников. М. 1975.
6. Криминалистика. Учебник для вузов под ред. И. Ф. Герасимова, Л. Я. Драпкина - М, 1994 г.
7. Жәкішев Е. Г. , Исаев А. А. ,Тапалова Р. Б. , Найманова Г. Х. , Темірболат Н. С. Криминалистика КазНУ 2005
8. Еркенов С. Е. , Султанов С. И. Тергеу әрекеттерінің тактикасы Данекер 2002

### **9 ДӘРІС. ЖАУАП АЛУ ЖӘНЕ БЕТТЕСТІРУ ТАКТИКАСЫ (1 САҒАТ)**

**Түйінді сөздер:** Тергеу әрекеті, жауап алу, беттестіру, көрсетпелердің қалыптасуы, дайындық шаралар, психологиялық контакт, ақпарат жинау, жұмыс кезеңі, тергеу ситуациясы, қайшылықты және қайшылықсыз жағдайлар, мамандар, жалған көрсетпелерді әшкерелеу, жауап алудың тактикалық әдіс-тәсілдері, техникалық құрал-жабдықтар, хаттама.

#### **Сұрақтар:**

Жауап алудың түсінігі, оның міндеті және түрлері. Жауаптың қалыптасуының психологиялық процесі.

Жауап алуға дайындық. Істегі материалдармен оқып танысу.

Жауап алғанда анықталатын сұрақтарды дайындау. Жауап алынатын адамды танып білу. Оның іске қатысатын басқа адамдармен өзара қарым-қатынасын анықтау. Жауап алуға дайындық кезінде жедел-ізвестіру әрекеттерінің маңызы. Жауап алу жоспарын құру. Жауап алуға қолайлы жағдай туғызу.

Жауап алынатын адаммен психологиялық байланыстың қалыптасуы. Бірнеше куәдан және айыпкерден жауап алу кезегін анықтау. Жауап алудың тактикалық жағдайлары. Қайшылықты жағдайда пайдаланылатын тактикалық әдістер.Қайшылықсыз жағдайда пайдаланылатын тактикалық әдістер.

Айыпкерден жауап алу кезінде сарапшының қатысу мүмкіндігі. Айыпкердің алибиі болған жағдайдағы жауап алу тактикасының ерекшелігі. Кәмелетке толмаған куәлар мен айыпкерлерден жауап алудың тактикасы.

Беттестірудің түсінігі және оны жүргізудің тактикасы.

Жауап алу мен беттестіруді жазып алу. Дыбыс құралдарын қолдану.

Сотта жауап алудың мүмкіндіктері мен тактикалық әдістерді қолданудың шарттары.

**Жауап алу дегеніміз** заңда көрсетілген тергеу және сот әрекеті. Ол арқылы жасалған қылмыстың мән-жайлары жөнінде керекті деректі мәліметтер алынып, олар қылмысты ашуға пайдаланылады. Іс жүргізу жағдайына байланысты жауап беретін адамнан жауап алудың бірнеше түрі бар. Атап айтқанда: жәбірленушіден, сезікті адамнан, куәден, айыпкерден жауап алу деп, бұл тергеу әрекеті төрт түрге бөлінеді. Кімнен жауап алынса да ол қылмыстық іс жүргізу заңында көрсетілген тәртіп бойынша жүргізілуі тиісті, Бірақ, іс бойынша неғұрлым көп, маңызды мәліметтер жинап, осы тергеу әрекетінің сапасын арттыру үшін жауап алғанда, бұған тиімді, ыңғайлы тактикалық әдістер қолданылады. Бірақ ол қаншалықты тиімді болғанымен ол заңда көрсетілген тәртіпке қайшы келмеуі керек.

Жәбірленушінің, куәнің жауаптары істегі басқа деректерді нақтылап, тергеушінің, соттың оқиғаның мән-жайына толық қанығып, тиісті шешім қабылдауына зор септігін тигізеді.

2. Жауап алудың пәрменділігіне және сапасына тергеушінің осы тергеу әрекетін өткізу алдында жүргізген дайындық жұмыстары көп әсер етеді.

Жауап алуға дайындық үстінде осы адамның мінез-құлқы, моральдық және интеллектуалдық қасиеттері жөнінде белгілі мәліметтер жинап, ол адамның кім, қандай адам екенін біліп, онымен қандай бағытта қалай сөйлесу керек екендігін тергеушінің алдын-ала жүйелеп алғаны жөн.

Дайындық жұмыстарын өткізу барысында жауапты қай уақытта, қай күні алу керектігін шешу керек. Бұл мәселені шешкенде, жауап алуға шақырылатын куәнің денсаулығы, жасы есепке алынуы тиіс. Әрине, егер оны біреулер өтірік жауап беруге азғырып, көндіруі мүмкін деген қауіп туса, одан уақыт өткізбей дереу жауап алған жөн.

Жауап алу уақытын белгілегенде тергеуші бұған өзінің бос уақыты бар ма, жоқ па соны мұқият ескеруі тиіс.

Жауап алуға керек жағдайда мамандар, тілмаш, ал жасы толмаған куәден жауап алғанда педагог, дәрігер, не тергеушінің қалауы бойынша жасы толмаған куәнің ата-анасы да қатысады.

Дайындық жұмысы жауап алу жоспарын құрумен аякталады.

3. Жауаптың қалыптасу кезеңдері.

Жауаптың қалыптасу процесі бірнеше кезеңнен құралады. Бірінші кезең — оқиғаны, не істің басқа бір мән-жайын қабылдау (көру, есту), екінші — осы қабылдап алған мәліметті ойда сақтау, үшінші — осы мәліметтерді есіне түсіріп, тергеушіге айтып жеткізу қабілеті.

Болған оқиғаны қабылдап алу, оқиғаға қатысты мәліметтердің толық қабылдануы белгілі бір себептерге байланысты. Бұл себептер объективті және субъективті болып екі топқа бөлінеді. Объективті себептер — көруге, естуге бөгет болатын жағдайлар, субъективті — есту, көру мүшелерінің қабілеті.

Қабылдауға субъективті түрде әсер ететін себептермен, яғни жауап беріп отырған адамның қабылдау мүшелерінің кемістігімен, есту, көру мүшелерінің қабылдау қабілетінің төмендігімен бірге, оқиғаны толық және анық қабылдауға жауап беруші адамның мамандығы, жасы, интеллектуалдық қабілеті, ол оқиғаға зер салып, көңіл аударып, бақылай алды ма, жоқ па, міне, осының бәрі әсер етеді.

Жауаптың толықтығына, шындығына, сонымен қатар куәнің, жәбірленушінің болған оқиғаны ұмытпай, ойында сақтау қабілеті де әсер етеді. Ал, ондай қабілет әр адамда әр түрлі — кейбіреулер белгілі бір қимыл-әрекетті есте жақсы сақтайды, екінші біреу — көрген жерін ұмытпайды, сондай-ақ естігенін есте жақсы сақтайтын, керісінше, өте ұмытшақ адамдар бар. Тергеуші жауап алғанда осының бәрін ескеріп, қажеттілік туса ұмытылған жәйттерді еске түсіру үшін қолайлы жағдай жасауға әрекет етуі керек.

Болған оқиғаны есіне түсіріп, жауабын толық айтып жеткізу қабілеті де әр адамда әр түрлі. Жауап алғанда бұл да мұқият ескерілуі тиіс. Жауап куәнің, не жәбірленушінің болған оқиғаның мән-жайын еркін баяндауынан басталады. Куә, не жәбірленуші, өзінің өтініші бойынша, жауап бергеннен кейін, жауабын өз қолымен жазуына құқығы бар. Тергеуші толық жауапты естігеннен кейін, жауап беруші адамға қосымша сұрақтар қойып, істің кейбір мән-жайын нақтылайды.

Қосымша сұрақ бергенде тергеуші заңда көрсетілген тәртіпті ескеруі керек:

— қойылған сұрақтардың анық және түсінікті болуы, куәні, не жәбірленушіні шатастырмауы тиіс;

— жетектеуші сұрақтарды қоюға болмайды;

— берілген сұрақтар куәні, не жәбірленушіні кемітіп, қорлауға, қорқытуға бағытталмауы керек.

Жауап алғанда осы тергеу әрекетін жүргізуге қолайлы, тиімді жағдай жасалуы тиіс. Егер куә асып-сасып, ренжіп, қобалжып отырса, оның көңілін жуатып, жайландырып, содан кейін ғана жауап алуға кірісу керек.

**4. Жауап алғанда қолданылатын тактикалық әдістер.** Жауап алғанда тергеуші мен жауап беруші адамның арасында белгілі бір қарым-қатынас қалыптасады.

Кейбір куәден, жәбірленушіден жауап алғанда көбінесе жауап үстінде пікір қайшылығы жоқ жағдай байқалады да, *ал сезікті* адамдардан және айыпкерлерден жауап алғанда келіспеушілік жағдай жиі кездеседі. Осыған байланысты жауап алуда қолданылатын әдістерді қалыптасатын тактикалық жағдайға сәйкес қарайық.

Біріншіден, жауап алып отырған адамға жайлы тыныш жағдай туғызса, оның асықпай, болған оқиғаны толық есіне түсіруіне жеңіл болады. Болған оқиғаны хронологиялық тәртіппен басынан аяғына дейін айтқызу арқылы да толық жауап алуға болады, себебі, мұндай жағдайда жауап берген адам болған оқиғаны белгілі бір ретпен, тізбектей, оның ұмытылған кейбір сәттерін есіне тез түсіреді. Сонымен қатар, болған оқиғаны, керісінше, соңынан басына қарай қайталатса жауап беруші оқиғаның кейбір мән-жайын есіне түсіріп, өзінің жауабын толықтыруы мүмкін.

Жауап берушінің ойында белгілі бір фактілерді қайтара жаңғыртуына сонымен қатар, жауап үстінде құжаттарды, фотосуреттерді көрсету де үлкен әсер етеді. Кейде куә көрген адамның бет-әлпетін сипаттап беруде қиналады. Мұндай жағдайда криминалистикада қалыптасқан, бет-әлпетін сипаттау терминдерін айтып көмектесуге болады.

Егер тергеуші жауапты оқиға болған жерге барып алса, жауап беруші көптеген мән-жайды қайтадан көз алдына келтіріп, оқиға жөнінде толығырақ, қанықты жауап бере алады. Естіген фактілерді де ойға түсірудің тиімді әдістері бар. Айталық, куә бір кісінің тегін, немесе есімін есіне түсіре алмай отыр дейік, бірақ ол кісінің тегі А. әрпінен басталатынын ұмытпаған.

Жауап алушы және жауап беруші адамның арасында қайшылықты жағдай қалыптасқан кезде, басқаша тактикалық әдістер қолданылады, ол әдістер жауап беруші адамның өтірік айтып отырғандығын әшкерелеуге бағытталады. Біріншіден, мұның, яғни ең елеусіз сәттерге дейін ескеріліп, жауап алынуы, олар тексерілген кезде бекімесе, жауап беруші адамның өтірігін шығаруға көмектеседі. Екіншіден, айыпкер жалпы оқиға бойынша беретін жауабын алдын ала дайындап келгенмен сұрақтың бұлай қойылатынын білмегендіктен, ол жауап бергенде абдырап өз өтірігін өзі шығарып алады. Әсіресе, қайта жауап алғанда осылай болады.

Жауапкер адамның өтірік айтып отырғанын әшкерелеу үшін істе осы факті бойынша жиналған басқа дәлелдемелерді, айғақ заттарды пайдалану керек.

Деректерді пайдалану тәсілдері бар. Ең алдымен дәлелдеме есебінде елеусіздеу деректерді айыпкерге көрсетіп, оны мойындамаса неғұрлым маңызды, бұлтартпас деректерге көшіп, жалған жауапты әшкерелеуге болады.

Айыпкерден жауап алудың тағы бір тактикалық әдістерінің бірі ішкі істер органдары арқылы жауап алу процесіне жедел-ізвестіру деректерін пайдалану. Мұндай деректер:

— жауап берушінің қылмысты оқиғаға қатыстылығын, оның жасалған қылмыс жөнінде каншалықты хабардарлығын болжаттыратындай жеке сипатына, тергеу кезінде оның аталған істің нәтижесіне мүдделілігіне;

— қылмыстың жекелеген элементтерін жариялауға немесе қылмыстың ашылуына;

— жауаптау кезінде алынуы мүмкін дәлелдемелерді тексеру әдістеріне қатысты пайдаланылады.

Аталған деректерді жауап алу барысында пайдалану сипаты әрқилы. Егер жауап берушінің жеке басына қатысты мәліметтер жауап алу тактикасын саралаған кезде ескеріліп, бірақ оның жауабында айтылмаса, жауапты тексерудің мүмкін жолдары туралы мәліметтер, жауап алу процесінде ғана ескерілсе, онда қылмысты оқиға және оның жасалу тәсілі туралы жедел-ізвестіру деректері, жауап берушінің жауабына қолданылуы керек.

Жауап алу кезінде жедел-ізвестіру барысында алынған деректердің орнын мейлінше құпияландырудың маңызы өте айрықша. Сондықтан, тергеуші жедел-ізвестіру деректері бойынша айыпкерден жауап алғанда, қойылатын сұрақтарына өте мұқият болуы тиіс. Егер жауап алу күрделі жағдайда өтетін болса, онда тергеуші ең маңызды сұрақтарды алдын - ала іріктеп, құрастырып алғаны жөн. Жедел-ізвестіру деректерін пайдаланғанда, мұның маңызы өте зор болады.

Сондай-ақ, мұндай деректерді қай кезде қалай пайдалану керектігін де ескеру қажет. Жедел-ізвестіру деректеріне қатысты сұрақтар, оның құпиясы берік сақталған кезде қойылуы тиіс.

Жедел-ізвестіру деректерін белгілі бір мәліметтермен бірге қатарластыра пайдалануға болады. Мұндай жағдайда, бұл деректерге жауап берушінің назары әдейі аударылмайтындай деңгейде әрекет еткен жөн.

Жедел-ізвестіру деректерін пайдаланудың барлық әдістерін егжей-тегжейлі сипаттап беру мүмкін емес.

а) жауап алу барысында сұрақтардың сипатына орай айыпкер оның шыққан көзін байқап қалатын деректерді пайдаланбағаны жөн;

ә) егер қолданылған шаралардың барысында айыпкердің қылмыстық жолмен жинаған құнды заттары, мүліктері;

б) жауап алу барысында қаралатын іс бойынша барлық айғақтарды айыпкерге толық көрсетуге асықпау керек. Мұндай асығыстық тергеу орнына қайсыбір айғақ заттардың қалай түскенін айыпкердің байқап қалуына соқтыруы мүмкін;

в) егер жауап алушыға жедел-ізвестіру шараларын жүргізу барысында анықталған қайсыбір фактілерді жауап алу жөніндегі хаттамаға енгізу қажеттігі туса, ол фактіні растайтын жәйттерді (уақытқа, тұраққа т. б. байланысты) алдын ала мұқият тексеріп алу керек.

Қылмыскерлер, әсіресе, аса қауіпті қылмыскерлер, сондай-ақ басқа да айғақ заттардың, келтірілген құжаттардың бұлтартпайтындығына көздері жеткен, бірақ қылмысын қалай, қандай жолмен болсын мойындаудан бас тартуға әбден бекінгендер, жаңағы айғақ заттардың, құжаттардың көзін құртуға тырысады.

5. Беттестіру тактикасы Қылмысты істі тергеу үстінде өте жиі кездесетін жағдай — бұрын жауап алынған адамдардың жауаптарында елеулі қайшылықтардың болуы. Мұндай жағдайда, осы қайшылықтарды анықтап, оны жою үшін оларды беттестіріп, жауап алынады.

Беттестіру өте күрделі тергеу әрекеті, сондықтан оны сапалы, нәтижелі өткізу үшін тергеуші оған мұқият дайындалып, беттесу жүргізу үстінде белгілі тактикалық әдістерді қолдануы, заңда көрсетілген қылмысты іс жүргізу тәртібін қатаң сақтауы керек. Тергеу әрекетінің мұндай түрін өткізуге дайындық кезінде тергеуші мынандай мәселелерді шешіп алуы тиіс:

1. Беттестіру үстінде қандай қайшылықтарды шешу керек;
2. Беттестіруге қатынасып отырған адамдарға қандай сұрақтар қою керек;
3. Беттесуге қатынасатын адамдардан қандай кезекпен жауап алу керек.

Тергеу әрекетін бастамас бұрын тергеуші беттесуге қатынасатын адамдардың өзара қарым-қатынасын, егер олардың бас араздығы болса оның себебін, ал егер екеуі де куә болса олардың айыпкерге, жүргізіп отырған іске қандай қатынасы бар екенін анықтап біліп алуы керек. Беттестіру мезгілінде жауапқа қатынасып отырған адамдарға ұсынылатын айғақ заттарды, құжаттарды алдын ала белгілеп, дайындап қоюы тиіс.

Заң бойынша беттестіру тек бірімен-бірі таныс адамдардың арасында жүргізіледі. Егер беттесуші адамдар куәлер болса, оларға дұрыс жауап беруге міндетті екендіктерін түсіндіріп және жауап беруден бас тартқаны немесе біле тұра өтірік жауап бергені үшін жауапты болатынын ескертіп, қолхат алу керек. Бұдан кейін тергеуші беттесуге қатынасып отырған адамның біреуіне істің мән-жайын, атап айтқанда, жауаптың қайшылықты тұстары жөнінде сұрақ қояды. Тактикалық тұрғыдан бірінші сұрақ тексеріп отырған фактіні дәлелдеп, растап отырған адамға беріледі. Ол өзінің осы факті бойынша бұрын берген жауабын растайтынын айтып, берген жауабын беттесуге қатынасушы екінші адамның көзінше қайталап, баяндап береді. Беттесуге қатынасып отырған екінші адам, бұл жауапты толық естігеннен кейін оны растайтынын немесе растамайтынын білдіреді, егер бекітпесе себебін айтып, өзінің бұрынғы берген жауабын қайталайды. Осыдан кейін тергеуші бірінші жауап берген адамға сұрақ қойып, екінші адамның жауабы жөнінде оның пікірін сұрайды. Беттестіру үстінде тергеушінің рұқсатымен беттестіруге қатынасып отырған адамдар бір-біріне сұрақ қоя алады. Бірақ мұндайда тергеуші бұл екі адамның бір-бірімен алдын ала өзара келісіп, істі жүргізуге бөгет болатындай сарында қоймауына мұқият назар аударады, егер қажетсіз, яғни іске тікелей қатынасы жоқ сұрақ қойылса, оны тоқтатып тастауы керек. Беттестіріп отырған адамдардың бір-бірімен сөз таластырып, айтысып кетуіне де жол бермеуге тиіс.

Беттесу үстінде берген жауаптарды тергеуші хаттамаға жазып бекітеді. Беттесушілердің біреуінің жауабы хаттаманың оң жағына жазылса, екіншісінің жауабы қағаздың сол жағына жазылады. Кей жағдайда хаттаманы екіге бөлмей, жауап беру кезегіне сәйкес әуелі бірінші сұралған адамның жауабы, содан соң екінші адамның жауабы жазылады.

#### **Қолданылатын әдебиеттер:**

1. Васильев Л. Н. , Карнеева Л. М. Тактика допроса при расследовании преступлений. М,1981.
2. Доспулов Г. Г. Психология допроса на предварительном следствии. М, 1976.
3. Порубов Н. И. Научные основы допроса на предварительном следствии. Минск,1978.
4. Карнеева Л. М. , Ордынский С. С. , Розенблит С. Я. Тактика допроса на предварительном следствии. Минск, 1978.
5. Доспулов Г. Г. Психология допроса в уголовном процессе. Алматы, 1996.
6. Усманов У. А. Тактика допроса (справочник),М. ,2001
7. Коновалова В. Е. Допрос: тактика и психология. Харьков, 1999
8. Соловьев А. Б. Процессуальные, психологические и тактические основы допроса на предварительном следствии. М. ,2002

#### **10 ДӘРІС. ТЕРГЕУ ЭКСПЕРИМЕНТІНІҢ ТАКТИКАСЫ (0,5 САҒАТ)**

**Түйінді сөздер:** Тергеу әрекеті, тергеу эксперименті, дайындық шаралар, реконструкциялау, жұмыс кезеңі, мамандар, тәжірибе жүргізу, тергеу экспериментінің тактикалық әдіс-тәсілдері, техникалық құрал-жабдықтар, хаттама.

#### **Сұрақтар:**

Тергеу экспериментінің түсінігі, оның түрлері. Тергеу экспериментін жүргізуге жол берілмейтін жағдайлар.



Тергеу экспериментіне дайындық. Реконструкция жасау. Экспериментке қатысатын адамдар, олардың ролі. Мамандарды пайдалану. Тергеу экспериментінің жекелеген түрлерін өткізу ерекшеліктері. Тәжірибе шарттарының зерттеліп отырған жайдың шарттарына мейлінше сәйкес келуі. Тәжірибелердің варианттары. Эксперимент нәтижелерін бекітіп жазып алу. Тергеу экспериментінің қортындысын бағалау.

**1. Тергеу эксперименті дегеніміз** ол қылмысты оқиғаның кейбір мән-жайларын осы оқиғаға ұқсас және сәйкес жағдайда әр түрлі сынақ тәжірибелер жүргізу арқылы осы жағдайдың, құбылыстың болу мүмкіндігін тексеру үшін жүргізілетін тергеу әрекеті.

Осы келтірілген тергеу экспериментінің түсінігінен туындайтын негізгі қағидалар: бұл тергеу әрекеті, біріншіден, басқа тергеу әрекеттерін жүргізу үстінде алынған, іске қатынасы бар деректердің, мәселелердің шындығын тексеру үшін жүргізіледі. Екіншіден, мұндай тексеру, осы тексерілетін құбылыс (әрекет) қылмысты оқиға болғанда қандай жағдайда өтсе, соған сәйкес, ұқсас жағдайда арнайы сынақ тәжірибелерін жүргізу арқылы өткізіледі. Жүргізілетін сынақ тәжірибелердің қорытындысының объективтігі, оның, сол тексерілетін оқиға болған жағдайға сәйкес жағдайда өткізілуімен тікелей байланысты. Әрине, тәжірибе жүргізілгенде тура болған жағдайдың өзін, тексерілетін іс-әрекетті болған күйі қайталауға болмайды, себебі ондай жағдайда жаңа қылмыс жасалған болар еді. Сонымен қатар тәжірибе арқылы болған оқиға толық қайталанбайды, тек оның кейбір бөлігі, эпизодтары ғана сынақ тәжірибе жүргізу арқылы қайталанатын.

Эксперимент арқылы іс бойынша жинақталған кейбір дәлелдемелердің, мәліметтердің шындығын ғана анықталып қоймайды, сонымен бірге жаңа деректер де алынады. Тергеу экспериментін жүргізудің нәтижесінде көбінесе жәбірленушінің, куәгердің, айыпкердің жауаптарында, сондай-ақ басқа да қосымша айғақтарда келтірілген мәліметтердің шындығы, оның болу мүмкіндіктері тексеріліп, анықталады. Тергеуші осындай жолмен өзінің кейбір болжамдарына көз жеткізеді. Яғни, оқиғаның қалай болғаны, оның мән-жайы, орындалу тетігі тәжірибе өткізу жолымен тексеріледі.

Тергеу эксперименті шешетін сұрақтарына орай үш түрге бөлінеді. Эксперименттің бірінші түрі — кейбір құбылыстың не әрекеттің айтылған, көрсетілген жағдайда болуы мүмкін бе, жоқ па, соны анықтау. Яғни, белгілі бір затты, нәрсені айтылған жағдайда көрсетілген адам көтеріп кете ала ма немесе белгілі бір қашықтыққа көрсетілген уақытта барып жетуге бола ма, айтылған жұмысты ол адам өзі атқара ала ма, ол оның қолынан келе ме, қоймадағы тесіктен белгілі бір затты алып шығуға бола ма, жоқ па, міне осындай толып жатқан сұрақтар төңірегіндегі шындықты анықтау.

Тергеу экспериментінің екінші түрі — белгілі бір жағдайда қашықтықта болған оқиғаны, құбылысты көріп қабылдауға, сөзді, дыбысты естуге бола ма, соны анықтау.

Эксперименттің үшінші түрі — із қалдыру (сындыру, соғу, аралау, т. б.) сипатын, оның механизмін анықтау. Тергеу экспериментінің бұл түрі өзінің мән-мазмұны жағынан криминалистік сараптаманың кейбір түрлеріне жуықтайды. Алайда, із қалдыру сипатын анықтау үшін ғылыми саралаудың қажеті жоқ, экспериментті тергеушінің өзі жүзеге асырады.

**2. Тергеуші экспериментінің құрылымына** орай оған әзірлік екі кезеңде — эксперимент жүргізілетін жерге барғанға дейін және нақ эксперимент жүргізілетін жерде өткізіледі.

Эксперимент жүргізілетін жерге барғанға дейінгі әзірлік кезінде тәжірибенің мән-мазмұнын, оны өткізу тәртібін, жағдайдың өзгерісін анықтап алу керек

Тергеушінің эксперимент өткізетін жерге шықпай тұрып жүргізетін дайындық жұмыстарын үш топқа бөлуге болады: тәжірибе өткізілетін жерді бұрынғы қалпына келтіру; эксперимент өткізуге қатынасатын адамдарды анықтап, белгілеп алу; керекті құрал-саймандарды, материал, жабдықтарды дайындау.

а) Тергеу эксперименті кезінде тәжірибе өткізілетін жерді бұрынғы қалпына келтіру

Эксперимент болып өткен белгілі бір оқиғаны, әрекетті қайта тудыру, сөйтіп, істі тексеру барысында ақиқатты анықтау мақсатын көздейді. Эксперименттің түрі мен мақсатына сәйкес ұқсас жағдайлар ретінде — қылмыс жасалған кезге сәйкес келетіндей етіп мекен, жылдың кезеңі мен тәуліктері, ауа райы; ұқсас заттар ретінде — қылмыс жасалған кезде қолданылғандай материалдар, құрал-жабдықтар түсіріледі.

Қалпына келтіру барысында кей жағдайда өзгерістер де енгізілуі мүмкін. Мұндай өзгерістер ойластырылмаған, кездейсоқ (мысалы, оқиға болған жерде адамдардың байқаусыз қимылдарына байланысты туған өзгерістер) және мақсатты түрде ойластырылған, полиция қызметкерлерінің өздері жүргізетін (мысалы, көлік апатына байланысты жағдайды байырғы қалпына келтіру кезіндегі, зардап шегушіге көмек көрсету кезіндегі) өзгерістер түрінде болады.

Қылмыстық іс жүргізу заңына сәйкес тергеу экспериментіне қатысушылардың екі түрі қарастырылған - міндеттелетін және міндеттелмейтін қатысушылар. Тергеу экспериментіне міндетті түрде қатысушылар — тергеушілер. Тергеуші экспериментті әзірлейді, тәжірибелі іс-қимылымен оған басшылық жасайды, оны өткізу, қайтадан өткізу қажеттігін анықтайды, экспериментті өткізуге қатысты барлық ұйымдық және іс жүргізу мәселелерін шешеді. Кейбір жағдайларда экспериментті жүргізетін тергеушіге көмекке басқа тергеуші немесе полицияның жедел қызметінің қызметкері бөлінуі мүмкін.

Экспериментке айыпталушы, сезіктелуші, куәгер, жәбірленуші, маман, сондай-ақ қорғаушы міндеттелмей-ақ қатыса алады.

Маман тергеу экспериментінің бір мүшесі ретінде тергеушінің жағдай өзгерген кезде тиімді шешім қабылдауына, кейбір жағдайларды шешуге арнайы білім қажет болғанда, іс-қимылды ақылмен жүргізуіне көмектесуі үшін қатыстырылады. Ал маман-криминалист фотосуреттерге немесе кинобейнелерге, дыбыс жазбаларына қатысты мәселелерге орай кәсіби көмек көрсетеді.

Дайындық жұмыстарын жүргізу үстінде тергеуші эксперимент өткізуге қандай құрал-саймандар керек екендігін алдын ала шешіп, осы керекті техникалық саймандарды және басқа да жабдықтарды дайындап алуы керек. Мысалы, тергеу экспериментін жүргізуге өлшеу құралдары, фотоаппарат, бейне жазба, кейбір қосалқы құралдар да керек болуы мүмкін. Сондықтан осының бәрін алдын ала анықтап, керекті құрал-саймандарды тергеуші тергеу экспериментін өткізетін жерге шықпай тұрып дайындап алуы керек.

Күрделі жағдайларда тергеуші арнайы жоспар жасауы тиіс. Ол жоспарда тәжірибенің өткізілетін жері мен уақыты, қатысушылардың құрамы, олардың міндеттері мен байланысы нақтыланып көрсетіледі.

Экспериментке қатысушыларға олардың эксперимент кезінде орындайтын міндеттерінің мән-мазмұнын түсіндіреді.

Тәжірибе жүргізуге қажетті заттай айғақтардың немесе олардың орнын алмастыратын заттардың жеткіліктілігі, сақталуы мен тәжірибеге жарақтылығы тексеріледі. Экспериментке қатысушылардың барлығына да бұл тергеу әрекетінің мәні мен нәтижесі жайлы ешкімге жария болмауы мұқият ескертіледі.

Дайындық жұмыстары толық аяқталғаннан кейін, тергеуші осы тергеу әрекетіне қатынасатын адамдарға олардың міндеттерін, кімнің не істейтінін түсіндіріп, әрқайсысын орын-орындарына орналастырып қояды. Тәжірибе екі жерде жүргізілсе екі топтың бір-бірімен қалай, қандай белгімен байланыс жасайтыны, тәжірибе қайталанған кезде екі жақты басқару әдістері айтылады.

Эксперимент тергеушінің берген белгісі бойынша басталады. Осы белгі берілгеннен кейін тәжірибенің барысын бақылаушы топ зер салып бақылап, арнайы белгімен тәжірибе-сынақтың дұрыс жүргізілуін басқарып отырады. Егер тәжірибе барысында алдын ала қойылған шарт, міндеттер орындалмаса, не басқаша орындалса (мысалы қатынасушы дублерлер тәжірибені дұрыс жасамаса) тергеуші белгі беріп тәжірибені тоқтатады, оны басынан бастап қайта жүргізуді талап етеді. Әр тәжірибенің

қорытындысы тұжырымдалып, жазбаша түрде және суретке түсіру арқылы бекітіліп отырады.

Әр түрлі тергеу экспериментін өткізудің өзінше тактикалық ерекшеліктері бар. Сонымен қатар осылардың бәріне тән жалпы тактикалық нұсқау, ұсыныстар да бар. Олар:

1. тәжірибе өткізуге тым көп адам қатыстырмау керек, себебі артық адамдар бір-біріне бөгет жасап, эксперименттің нәтижелі өтуіне кедергі келтіреді; тергеу эксперименті сол тексерілетін оқиға болған жағдайға ұқсас жағдайда өткізілуі тиіс. Ол үшін:

а) эксперимент тексерілетін оқиға болған уақытта, сондай көріну, естілу жағдайында өткізілуі;

ә) эксперимент егер мүмкіншілік болса сол оқиға болған жерде өткізілуі тиіс. Егер бұл жердің көрінісі және басқа жағдайлары өзгеріп кеткен болса, оны бұрынғы қалпына келтіру жұмыстары жүргізілуі керек;

2. тәжірибе бірнеше рет қайталанып жүргізілуі қажет. Егер тергеу эксперименті үстінде әр тәжірибе бірнеше рет қайталандырылып жүргізілсе, оның барысын, қорытындысын дұрыс анықтап, түсінуге болады. Осы қайталау кезінде тәжірибе күрделі және қарапайым түрде өзгертіліп отырылады.

Қайталап өткізу дегеніміз тек бір тәжірибені бірнеше рет қайталау деп түсінуіміз керек. Егер бір тергеу экспериментін өткізгенде екі, үш, не одан да көп тәжірибе өткізілуі көзделсе, онда әр тәжірибе бірнеше рет қайталануы керек.

Тәжірибені қайталап өткізу деген түсінікті - экспериментті қайта өткізу деген түсініктен ажырата білу керек.

3. Тергеу экспериментінің барысы мен қорытындысы, ең алдымен, хаттамалар арқылы көрсетіледі. Хаттаманың баяндау бөлігінде тәжірибені кімнің қашан, қандай мақсатта қалай жүргізгені, тәжірибені өткізу жағдайы, оған қандай заңдардың пайдаланылғаны, кімнің қатысып, жаңағы заттарды қалай пайдаланғаны басынан аяғына дейін, яғни еш нәрсе назардан тыс қалдырылмай толық жазылуы тиіс.

Тәжірибе фотосуреттермен немесе бейнетаспалармен нақтылануы мүмкін. Суретке эксперименттің жалпы барысы және оның әр кезеңі жеке-жеке түсіріледі. Бейне таспасына түсіргенде де осы тәсіл қолданылады. Мұндай жағдайда мынандай шарттар мұқият сақталуы тиіс:

а) жалпы жағдайды, қалпына келтіру процесі мен оның нәтижесін тәжірибе жасағанға дейін назарға тоқып алу керек;

ә) жалпы әрекеттен оның әр бөлшегіне көшуге дейінгі іс үшін мәні бар әр тәжірибені есте ұстау қажет;

б) бейнетаспаны шығарғаннан кейін оны тергеу эксперименті хаттамасының мазмұнына сәйкес құрастырған жөн.

Бейнетаспалар, әрине экспериментті хаттауды алмастыра алмайды, тек оны толықтыра түсуге ғана қызмет етеді.

Қажеттілігіне байланысты тергеуші эксперимент өткізілетін жердің сызбалық жоспарын жасайды, онда жекелеген заттардың, экспериментке қатысушылардың орналасу жағдайын, олардың қозғалу бағытын, басқа да сәттерді көрсетеді.

Бірнеше рет қайталағанда нәтижесі бір-біріне сәйкес келмесе, ондай тәжірибені ақиқат оқиға ретінде бағалауға болмайды.

Егер тәжірибе қылмыстың қалай жасалғанына көз жеткізетіндей нәтиже көрсетсе, оны бұлтартпайтын ақиқат ретінде емес, тек тексерілген фактінің шындығын анықтауға ықпал ететін, ақиқаттығы мүмкін болжам ретінде ғана қабылдау керек. Айталық, қылмыскердің терезеден түсуін айғақтайтын фактілер әлі де бұлтартпайтын ақиқат факт емес, өйткені басқа да ақиқат фактілер болуы әбден мүмкін.

Егер қылмысты ашу эксперимент жүргізу жолымен расталса, ондай тұжырым бұлтартпайтын ақиқат ретінде қабылданады. Ал, керісінше, қалдырылған ізді анықтау жолы эксперимент кезінде сезік тудырса, тергеуші қылмыстың ізін анықтаудың басқа

жолын іздестіреді. Сезік тудырмайтын нәтижелер ғана бұлтартпайтын ақиқат ретінде қабылданады.

**Қолданылатын әдебиеттер:**

1. Белкин Р. С. Теория и практика следственного эксперимента. М, 1959г.
2. Белкин Р. С. Эксперимент в следственной и судебно-экспертной практике. М. 1964 г.
3. Тактические основы следственных действий. Вып. Гинсбург А. Я. , Мажитов Ш. М. , Алматы, 1977 г.
4. Селиванов А. Н. , Терещилова В. И. Первоначальные следственные действия. М, 1969 г.

Порубов А. Н. Ложь и борьба с ней на предварительном следствии. Минск, 2002

**10 ДӘРІС. ТАҢУ ҮШІН КӨРСЕТУ ТЕРГЕУ ӘРЕКЕТІНІҢ ТАКТИКАСЫ (0,5 САҒАТ)**

**Түйінді сөздер:** Тергеу әрекеті, тану үшін көрсету, дайындық шаралар, жұмыс кезеңі, мамандар, мәйітті тануға ұсыну, тану үшін көрсетудің тактикалық әдіс-тәсілдері, техникалық құрал-жабдықтар, хаттама.

**Сұрақтар:**

Тану үшін көрсету, оның міндеті және түрлері. Тану үшін көрсетудің психологиялық негіздері және процесуалдық шарттары.

Тануға көрсетер алдындағы дайындық. Танитын адамнан жауап алудың ерекшелігі. Тануға ұсыналынатын объектіге ұқсас объектілерді іріктеп алу. Тануға көрсету жағдайы мен шартын таңдау. Адамды, мәйітті, жеке заттарды (бұйымдарды) малды, сондай-ақ ашық алаңды және үйдің ішін тануға көрсетудің тәртібі.

Объектілерді олардың фотосуретін көрсету арқылы таныту. Тануға көрсетудің қортындысын бекіту. Танудың дәлелдемелік маңызын бағалау.

Қылмысты істерді тергегенде кей жағдайда жеке адамның, заттардың, бұйымдардың және басқа да объектілердің осы тергеліп жатқан қылмысқа байланысын анықтау үшін оларды жәбірленушіге, куәге таныту мақсатымен ұсынып, көрсетуге тура келеді. Бұл объектілерді танытуға көрсету тергеу әрекетінің қылмысты ашуда, іске керекті дәлелдемелерді тауып, жинауда маңызы зор. Себебі осы әрекет арқылы қылмыс жасаған адамның кім екені анықталады, іс бойынша қажетті айғақ заттар табылады. Бұл тергеу әрекетінің мағынасы — ол қылмысқа байланысты бұрын көрген объектіні танушы адамның өзінің ойында қалған осы объектінің белгілері бойынша танып, айыруы. Яғни, психологиялық жағынан алғанда бұл да криминалистік идентификациялау процесінің бір түрі. Мұнда да танушы адам өзіне көрсетіп отырған объектідегі белгілерді, өзінің бұрын көрген объектіні ойында қалған белгілерімен салыстырып, теңестіріп, сол бойынша мына көріп тұрған объектісі бұрын көрген объектінің нақ өзі, немесе ол еместігін айырып, шешуі керек.

Тануға көрсетілетін объектілер қатарына жататындар: адамдар, мәйіт, зат, бұйым, мал, кей жағдайларда пәтер, бөлме не жеке бір жер де көрсетілуі мүмкін.

Тануға көрсету дегеніміз ол жәбірленушіге, куәге, сезікті адамға немесе айыпкерге белгілі бір объектіні көрсету арқылы, осы объектіні оның бұрын көрген не көрмегенін анықтап, егер көрген болса, қашан және қандай жағдайда көргендігін, оны нақты қандай белгілері бойынша танитындығын айырып, шешу үшін жүргізілетін заңда көрсетілген тергеу әрекеті.

Бұл тергеу әрекетін өткізудің қажеттігі тергеу үстінде алынған жауаптан туындайды. Сондықтан бұл тергеу әрекетінің жауап алумен көп ұқсастығы бар. Тіпті, бұрынырақ бұл тергеу әрекеті жауап алудың бір түрі есебінде саналып жүрді. Қылмыстық істер жүргізу кодексінде бұл тергеу әрекеті адамның кім екені, яғни, заттарды танытқанда жауап алу деп аталып, жауап алудың бір түріне теңестірілді. Бірақ бұл тергеу әрекетін өткізудің психологиялық процесіне талдау жасасақ, ол криминалистік идентификациялау

процесінің бір түрі ретінде идентификациялық принциптер тұрғысында өткізіледі. Бұл тергеу әрекеті объектілерге тән белгілерді теңестіруге негізделеді. Әдетте, көзбе-көз көріп тұрған белгілерді салыстыру арқылы идентификациялық сұрақ шешілмейді. Салыстыруға негіз есебінде алған белгілердің бір тобын танушы адам көзбе-көз көріп тұрса, салыстыруға қолданатын екінші белгілер, олардың бейнесі жаңағы танушы адамның ойында.

2. Объектілерді танытуға көрсетер алдында тергеуші біраз дайындық жұмыстарын жүргізу керек. Осы жұмыстардың ұқыпты, мұқият жүргізілуіне бұл тергеу әрекетінің сапасы, нәтижелілігі, қорытындысының объективтігі тікелей байланысты.

Жоғарыда айтылғандай, объектілерді танытуға көрсетудің керектігі бұдан бұрын куәден, жәбірленушіден, не айыпкерден алынған жауаптарынан туындайды. Сондықтан бұл тергеу әрекетін өткізу қажеттігін, оны өткізу мүмкіндігін шешер алдында тергеуші осы адамдардың объектіні қандай жағдайда көргендігі, оның сол объектіні қандай жеке белгілері, ерекшелігі бойынша тани алатындығы жөнінде жауап алады.

Дайындық жұмыстарының ең бір күрделісі — көрсетілетін объектіге ұқсас объектілер табу. Айталық: адамды танытуға осы адамға сыртқы тұрпаты, пішіні ұқсас адам болса белгілері ұқсас зат табу.

Бұл тергеу әрекетін жүргізгенде бұған белгілі бір мамандарды қатынастыруға тура келеді. Айталық: мәйіттің кім екенін таныту үшін оны көрсетуге тура келсе сот-медицина саласындағы маманды, ал объектіні танушы жасы жетпеген куә, жас бала болса педагогты қатыстыру керек.

Дайындық үстінде тергеуші керек құрал-саймандарды, ғылыми-техникалық құралдарды әзірлеп алуы тиіс. Суретке не бейнетаспаға түсіру керек болса, фото-бейне аппаратын дайындап, оны қолданып, түсіретін адамдарды тағайындау қажет.

Танытуға көрсетілетін объектілерге байланысты бұл тергеу әрекеті бірнеше түрге бөлінеді. Атап айтқанда: адамның кім екенін таныту, заттарды танытуға көрсету, мәйіттің кім екенін, оның аты-жөнін білу үшін танытуға көрсету. Малдарды танытуға көрсету: белгілі бір жерді, не бөлмені, тұрғын-үйді танытуға көрсету. Объектілердің түрлеріне байланысты оларды көрсету тактикасында да ерекшеліктері бар.

3. Адамдардың кім екенін таныту үшін танушы адамнан алдын - ала танылатын адамның сыртқы бейнесі, пішіні, киімі туралы, оны қандай жағдайда көргені жөнінде асықпай жауап алу қажет. Танытуға көрсетілетін адам, өзіне ұқсас, кем дегенде екі адамның арасында, қалаған орында тұруы керек. Танушы адам танытуға көрсетілетін адамды тергеу әрекеті басталғанша көріп қоймайтындай жағдай жасалуы тиіс. Танытылуға тиісті адам кем дегенде екі адамның арасынан өзі қалаған орын алғаннан соң, танушы адамды кіргізіп: "Кәне, танитын кісіңіз қайсы, көрсетіңіз және қандай нақты белгілер бойынша ол кісіні танитыныңызды түсіндіріңіз" деп тергеуші ұсыныс жасайды.

Танушы адам осы екі кісінің ортасында тұрған адамды тиісті жасалған қылмысқа байланысты белгілі бір жағдайда қалай көргенін, оны қандай белгілері, сыртқы бейнесінің қандай ерекшеліктері бойынша танығанын айтуы керек. Уақыт өткеннен кейін көрсетілген адамның сыртқы бейнесінде, әрине өзгерістердің болуы мүмкін. Сондықтан көрсетілген адамды танығанмен оның бейнесінде қандай өзгерістер бар екенін де танушы адам толық айтып беруі тиіс.

Осы тергеу әрекетін жүргізгенде танушы адамның өзіне көрсетілген адамды тануы сол адамның бейнесінде, пішінінде бар белгілерге негізделеді. Сол ойында қалған белгілерді, көріп тұрған адамның пішініндегі белгілермен танушы адам ойша салыстырады.

Бұл сыртқы бейне және пішін белгілері криминалистикада - екі түрге бөлінеді. Біріншісін *анатомиялық* белгілер, ал екіншісін *функционалдық* не *динамикалық*, белгілер дейді.

Таныту жүргізілгенде осы көрсетілген белгілер бойынша белгілі адам танылса, оны бейнелеп, сипаттап айту кейде танушыға өте қиынға түседі. Осыған байланысты тергеуші

криминалистикада қолданылатын адамды бейнелейтін әдісті — "портретті ауызша бейнелеу" әдісін қолдануы керек, яғни адамның келбетін, ауызша бейнелеу.

Кісі танытуда әр адамға тән, қалыптасқан дене қимылдары да жеке белгі есебінде пайдаланылады. Атап айтқанда: оның даусы, сөйлеу мәнері, тіл ерекшелігі, жүрісі, аяқ алыс ерекшеліктері. Кей жағдайларда осы белгілерге ғана негізделіп кісіні танытуға болады. Бірақ бұл динамикалық белгілерді өте оңай өзгертуге болатындықтан, мұндай көрсету көбіне тиісті нәтиже бере алмайды. Себебі танылатын адам даусын да, жүрісін де көрсету үстінде өзгертіп жіберуі мүмкін. Сондықтан бұл белгілер, әдетте, анатомиялық белгілермен қоса көрсетіліп, пайдаланылады.

4. Мәйіттің жеке басын анықтау. Мәйіттің кім екенін анықтап, сөйтіп өлген адамның аты - жөнін білу үшін, ол тануы мүмкін делінген адамға көрсетіледі. Мұндай танытуға көрсетудің өзіндік ерекшелігі бар. Басқа объектілердей емес мәйіт жеке көрсетіледі.

Мәйітті көрсету тергеу әрекеті заңды түрде жүргізілсе тергеуші танушыдан мәйітті қандай бет келбетінің, дене құрлысының ерекшеліктерінен танығандығы жөнінде анықтап сұрауы керек. Мәйіттің өзі ғана емес, оның жеке дене мүшелері де танытуға көрсетілуі мүмкін. Мұндай жағдайда осы дене мүшесінің қандай ерекше белгілері бойынша танылғандығы анықталып, хаттамаға жазылады.

5. Жеке заттарды, бұйымдарды және басқа да объектілерді танытуға көрсету ерекшеліктері. Тергеу үстінде, тінту жүргізілгенде, не сезікті адамды ұстағанда алынған заттарды жәбірленушіге, не куәге көрсету қажет болады.

Кей жағдайда таныту кезінде заттарды танушы адамның белгілі бір жағдайларға, не себептерге байланысты қате жауап беруі де мүмкін екендігін естен шығаруға болмайды.

6. Тұрғын-үй, бөлмені не жер учаскесін танытуға көрсету ерекшеліктері Кейбір қылмыстарды тергегенде тұрғын пәтерді, жеке бөлмені, ал кей жағдайда бір жер учаскесін көрсетуге тура келеді. Осындай объектілерді көрсету арқылы қылмыс жасалған жерді анықтап, білуге болады.

7. Малды танытуға көрсету ерекшеліктері. Әр малдың өзіне тән сыртқы белгілері бар. Сондықтан малдың ұрланғаны туралы қылмысты іс қозғалғанда оның осы сыртқы белгілерін білетін жәбірленушіге немесе куәге таныту үшін мал да көрсетіледі. Көрсету объектісі ретінде малдың өзімен бірге оның мүшелері — басы, сирағы, тұяғы, терісі, т.б. пайдаланылады. Тергеу әрекетінің бұл түрін қолданғанда да жалпы заңдылық қатаң сақталуы тиіс.

8. Фотобейнелерді танытуға көрсету ерекшеліктері. Адамды бетпе-бет көрсету мүмкіндігі болмаған жағдайда ол оның фотобейнесін көрсету арқылы танытылады. Мұндай әдіс танушы немесе таныстырушы қылмысты істі тексеретін органдан шалғай қашықтықта жүрген, сезікті немесе айыпталған адам тергеуден немесе соттан жасырынған, жәбірленушінің қайтыс болғандығын немесе хал үстінде жатқандығын, жерленгеннен кейін марқұмның түр-тұлғасын анықтау қажет болған басқа да жағдайда қолданылады.

Фотобейненің негізгі немесе жекелеген белгілері мүлдем өзгертіліп кететіні, сондықтан объектіні тану қиындыққа түсетіні танытуға көрсету кезінде жиі кездеседі. Бұл көбінесе сурет түсірілген кездегі жағдайға, суретке түсірушінің шеберлігіне, суреттің, өңделуіне, сондай-ақ суретке түсірілгеннен кейін арада көп уақыт өткендігіне байланысты болады. Сондықтан мүмкіндігінше өңделген не ескірген суреттерді танушыға көрсетпеген дұрыс. Куәден жауап алған кезде, суреттің иесін анықтаудың да мәні зор.

Танытылатын сурет осыған ұқсас басқа суреттерге қосылады, содан соң олар жалпақ қағаздың бетіне жапсырылады да, әрқайсысы жеке-жеке нөмірленеді және әрбіреуіне тергеу органдарының мөрі басылады, фотосуретке тергеушінің қолы қойылады. Осы күйінде ол танушыға ұсынылады.

Егер көрсету кезінде танушы суреттің бірін көрсетсе, одан объектіні қандай белгілеріне қарап танығанын, суреттегі белгінің жаңағы адамның есіндегі белгілерге қалай

сәйкес келетіндігін түсіндіру сұралады. Осылай тәптіштеп жауап алу арқылы танушының дәлелдемесін анықтауға болады. Мәйіттің суретін көрсеткенде ғана мұндай ұқсас суреттер іріктелмейді, яғни танушыға тек мәйіттің суреті ұсынылады.

Қазір жеке объектіні анықтау үшін фотосуреттерді жинақтап және бейнені қолмен салып, сондай-ақ бас сүйекті қайта құрап түсірілген суреттер де көрсетіліп жүр. Бірақ азаматтарға ұсынылған мұндай суреттерді танудың негізі ретінде қабылдауға болмайды, өйткені қылмыстық іс жүргізу заңдылығы бойынша тек тікелей объектінің өзі немесе оның фотосуреті ғана тануға көрсетілуі тиіс.

9. Танытуға көрсетудің нәтижелерін бекіту. Танытуға көрсетудің барысы және нәтижелері туралы хаттамада жазылады. Хаттама үш бөліктен — кіріспеден, баяндау мен қорытындыдан тұрады. Кіріспеде объектіні тануға көрсетілген жер мен уақыт, бұл әрекетке қатысқан басқа да адамдар туралы мәліметтер көрсетіледі. Онда сондай-ақ көрсетуге ұсынылған ұқсас адамдар мен заттардың сыртқы белгілері суреттеледі. Хаттаманың бұл бөлігінде қатысушыларға бұл тергеу әрекетінің мәні түсіндірілгені, куә мен жәбірленушінің жауап беруден жалтарғаны немесе жалған жауап бергені үшін жауапты екендігін ескертілгені туралы айтылады. Жауап диктофон таспасына жазылатын болса, бұл туралы да танушыға ескертілгені баяндалады.

Хаттаманың баяндау бөлігінде танытуға көрсетілген жердегі жағдай, көрсетілген адамдардың (заттардың, малдардың) қалай орналастырылғаны, жарықтың қалай түскені мен күші, уақыты туралы мәліметтер жазылады.

Хаттаманың қорытынды бөлігінде қолданылған ғылыми-техникалық құрал-жабдықтар туралы көрсетіледі. Бұл бөлікте қатысушылардың тануға көрсету кезіндегі тергеушінің әрекетіне және басқа да жекелеген жағдайларға байланысты ескертулері айтылады. Мысалы, танушы хаттамада танудың дұрыс-бұрыстығы туралы жазылғанын қаласа, ол қысқаша түрде көрсетілуі тиіс, хаттамаға әрекетке қатысушылар қолдарын қояды. Хаттамаға тіркелген фотосуреттер кестеленіп, оны тергеуші куәландырады.

#### **Қолданылатын әдебиеттер:**

1. Бодалев А. А. Восприятие и понимание человека человеком. М, 1982.
2. Гапанович Н. Н. Оpozнание в судопроизводстве. Минск, 1975.
3. Гинзбург А. Я. Оpozнание в следственной и оперативно-розыскной тактике. М. , 1996.
4. Гинзбург А. Я. , Поврезнюк Г. И. , Салаев Б. А. Криминалистические методы и средства отождествления личности. Алматы, 1998.
5. Поврезнюк Г. И. Криминалистические методы и средства отождествления личности. Алматы, 2001

### **11 ДӘРІС. ҚЫЛМЫСТЫҢ ЖЕКЕЛЕНГЕН ТҮРЛЕРІН ТЕРГЕУ ӘДІСТЕМЕСІ (0,5 САҒАТ)**

**Түйінді сөздер:** Қылмыстың жекелеген түрлері, тергеу әдістемесі, тергеу әдістемесінің құрылымы, элементтері, тергеу ситуациясы, жедел-іздістіру шаралары, қылмыстардың криминалистік сипаттамасы.

#### **Сұрақтар:**

Қылмыстың жекелеген түрлерін тергеу әдістемесінің түсінігі және міндеттері. Қылмыстың жекелеген түрлерін тергеу әдістемесінің құрылымы.

Тергеу ситуациясы, түсінігі және оны тергеу әдістемесін жасаған кезде пайдалану.

Криминалистикалық топтастырудың түсінігі және оның қылмысты тергеу кезіндегі маңызы.

#### **I. Криминалистік әдістеменің жалпы ережелері.**

**Жекеленген қылмыс түрлері мен топтарын тергеу әдістемесі – бұл криминалистиканың басқа бөлімдерімен тығыз байланыса отырып, криминалистік ілімнің бірыңғай жүйесін құрайтын қорытынды бөлім болып табылады.**

Қылмыстардың жекеленген түрлері мен топтарын тергеу әдістемесі немесе криминалистік әдістеме – криминалистиканың жеке тарауы бола отырып, нақты заң талаптарына сәйкес тергеу әрекетін неғұрлым тиімді әрі нәтижелі жүргізуге ғылыми негізделген ұсыныстарды жасау мақсатында жекеленген қылмыс түрлерін ашу, тергеу, олардың алдын алу шараларын ұйымдастыру мен жүзеге асыру заңдылықтарын зерттейді.

Криминалистиканың төртінші бөлімі – адам өлтіру, зорлау, тонау, ұрлық жасау және т.б. әрекеттерді тергеу әдістемелерінде мазмұндайтын бірқатар тараулардан тұрады.

Жеке әдістемелер – бұл қылмыстардың нақты түрлері мен топтарын тергеудің ұсыныстары, бағдарламалары болып табылады. Жалпы ережелер мен жеке әдістемелер өзара тығыз байланысты, олар алдын-ала тергеудің сапасын арттыру мәселелерін, сондай-ақ қылмыстылықпен күресті күшейту міндеттерін көздейтін ұсыныстардың ғылыми негізділігін көрсетеді (жалпы негізділігінен тұрады).

Бұл бөлімнің негізгі міндеті – қылмысты тергеу мен оның алдын алу әдістерін өңдеу және жұмыс барысында криминалистік техника мен тактиканың әдіс-тәсілдерін неғұрлым тиімді пайдалану болып табылады.

Тергеу ситуациясы – тергеудің белгілі бір кезеңінде қолданылатын тергеушінің қолындағы тергеу ісіне маңызды ақпараттар (дәлелдемелер, сондай-ақ процесуалдық емес жолмен алынған мәліметтер).

• Типтік ситуациялар – белгілі бір қылмыс түрі немесе тобын тергеудің нақты бір кезеңіндегі жинақталған ақпараттар көлемі мен мазмұнына тән ситуациялар.

Нақты ситуацияларға – белгілі бір қылмыстық істі тергеу кезіндегі жинақталған ситуациялар жатады. Олар типтік ситуацияларға сәйкес келуі де, келмеуі де мүмкін.

Қылмыстарды тергеудің жекелеген әдістемесі олардың криминалистік сипаттамасымен тығыз байланысты. Көптеген ғылыми мақалаларда, ҚР-ның және жақын шетелдердегі қорғалған кандидаттық және докторлық диссертацияларда криминалистер аталған түсініктерге байланысты өздерінің пікірлерін дұрыс деп есептейді.

Қылмысты істер жүргізу кодексінің талабы бойынша тергеуші заңда көрсетілген тергеу әрекеттерін өткізу арқылы әр қозғалған іс бойынша қылмыстың мән-жайын анықтап, жасалған қылмысты дер кезінде ашуға тиіс. Бірақ тергеуші тек заңда көрсетілген әрекеттерді жүргізу арқылы, өзінің күшімен ғана бұл заңда көрсетілген міндетті орындай алмайды. Сондықтан тергеушінің жедел-ізвестіру жұмыстарын орындайтын, анықтама жүргізетін органдардың қызметкерлерін көмекке алуға, оларға тергеу үстінде жасалған қылмыстың кейбір мән-жайларын анықтау жөнінде бұл органдардың қызметкерлеріне арнайы нұсқаулар беру жайындағы өкілеттігі заңда көрсетіліп, бекітілген. Тек жедел-ізвестіру жұмыстарын жүргізу үстінде анықталған мәліметтерді және осы органның басқа да мүмкіншіліктерін толық пайдаланған жағдайда ғана тергеуші тергеп отырған қылмысты дер кезінде аша алады. Тергеуші мен жедел-ізвестіру органдарының бірлесіп істеуі арқылы қылмысты тез арада ашуға, қылмыскерді дер кезінде ұстауға, керекті айғақтарды толық жинап алуға болады. Қандай қылмысты тергегенде болсын бұл екі органның алдында тұрған тағы бір міндет — ол қылмыстың алдын алу, қылмысқа әкелетін себептер мен жағдайларды анықтап, оларды жоюға арнайы жедел шаралар қолдану. Осындай ортақ міндеттері бар екі органның бір тергеу комитетінде шоғырлануы, атап айтқанда, бір мекеме шеңберінде болуы олардың қылмысқа қарсы күрес саласындағы ұйымдық тактикалық жұмыстарын, әрине сөзсіз арттырады.

Сонымен тергеу және анықтама жүргізуші органдардың тергеу үстінде қалыптасатын қарым-қатынасының түсінігі - қылмысты істі тергегенде бір-біріне әкімшілік тұрғыдан тәуелсіз тергеу және жедел-ізвестіру органдарының қылмысты ашуға, оны сапалы тергеуге, қылмыстың алдын алуға бірлесіп, іскерлікпен істейтін жұмыстары.

Тергеуші мен анықтама жүргізуші органдардың арасында екі түрлі қарым-қатынас қалыптасуы мүмкін: тұрақты және бір жолғы. Тұрақты қатынас жағдайында тергеуші мен жедел-ізвестіру органдарының қызметкерлері бір істі басынан аяғына дейін бірлесіп, бір



жедел топ құрып тергейді. Қарым-қатынас қылмыс осы органдарға белгілі болған кезеңнен, тіпті іс қозғалмай тұрып-ақ қалыптасады.

Қылмыстық іс қозғалғаннан кейін жедел топ құрылып, оған тергеуші және қылмыстың түріне байланысты бірнеше жедел-ізвестіру органдарының қызметкерлері кіреді. Жедел топқа кірген тергеуші және жедел-ізвестіру органдарының қызметкерлері жалпы тергеу жоспарын жасап, онда көрсетілген іс әрекеттерді нақтылы кім орындайтынын көрсетеді.

Жедел топқа кіретін жедел-ізвестіру органының қызметкерлеріне тергеуші кейбір жеңіл тергеу әрекетін өзі жеке өткізуді де жүктеуі мүмкін. Сонымен, тергеуші мен жедел-ізвестіру органдарының тергеу үстіндегі тұрақты қарым-қатынасы жедел топты, сондай-ақ, жалпы тергеу жоспарын құрумен және кейбір тергеу әрекеттерін бірігіп өткізумен сипатталады.

Күрделі тергеу әрекеттерін тергеуші жедел-ізвестіру органдарының қызметкерлерімен бірлесіп, іскерлікпен өткізуі бұл тергеу әрекетінің нәтижелігін сөзсіз арттырады.

#### **Қолданылатын әдебиеттер:**

1. Жәкішев Е.Г., Исаев А.А., Найманова Г.Х., Тапалова Р.Б., Темирболат Н.С.

Криминалистика. Жеті-жарғы, 2006

2. Белкин Р.С. Курс криминалистики в 3 т., М., 1997

3. Криминалистика. Под ред. Герасимова И.Ф., Драпкина Л.Я, М., 1994

4. Криминалистика Под ред. Яблокова Н.П. М., Бек, 1990, 1995, 1996, 2005

5. Криминалистика Под ред. Пантелеева И.Ф., Селиванова Н.А М., 1988

6. Криминалистика Под ред. Крылова И.Ф., Ленинград, 1976

7. Криминалистика Под ред. Филиппова А.Г., Волынского А.Ф. М., Спарк, 1999

8. Образцов В.А. Криминалистика М., Юристъ, 2001

9. Порубов Н.И. Курс криминалистики, Минск, 2000

### **11 ДӘРІС. ҚЫЛМЫСТАРДЫҢ КРИМИНАЛИСТИКАЛЫҚ СИПАТТАМАСЫ (өзекті мәселелер бойынша) (0,5 САҒАТ)**

**Мақстаы:** Қазіргі заманның жаһандану жағдайында қылмыстардың халықаралық сипатқа ие болуы, экономика саласында күйзеліс процестерінің жүруі, қылмыстардың жасалу тәсілдерінің жаңа түрлерінің пайда болуы, қылмыстардың механизміне қатысты өзгерістердің болуы қылмыстардың криминалистикалық сипаттамасын, оның элементтерінің жүйесін қайта қарауды талап етеді.

**Түйінді сөздер:** қылмыстардың криминалистік сипаттамасы, дәлелдеу пәні, қылмыскердің, жәбірленушінің жеке басы, қылмыс жасау әдістері, материалды жағдайлар, қылмыс жасау механизмі, қылмыстық қол сұғушылықтың заты.

#### **Сұрақтар:**

Қылмыстың криминалистік сипаттамасының түсінігі және мазмұны.

Криминалистік сипаттама және дәлелдеу пәні. Криминалистік сипаттаманың құрылысы: қылмыскердің, жәбірленушінің жеке басының ерекшеліктері; қылмыс жасау әдістері, материалды жағдайлар, қылмыс жасау механизмі, қылмыстық қол сұғушылықтың заты.

Ұйымдасқан қылмыстың криминалистикалық сипаттамасы және тергеу әдістемесінің ерекшеліктері.

**Криминалистік сипаттама туралы ілім** – криминалистік әдістеменің құрамдас бөлігі болып табылады. Криминалистік сипаттаманың жалпы ережелері - криминалистік әдістеменің жалпы теориялық бөлімінің маңызды жағы. Ал жекелеген қылмыс түрлерінің криминалистік сипаттамасы осы қылмыстарды тергеудің криминалистік әдістемелерінің құрылымдық элементі.

Қылмыскер тұлғасы – криминологиялық ғылымның негізгі зерттеу объектісі. Криминалистика ғылым ретінде қалыптасқан сәттен бастап, қылмыскер тұлғасын зерттеу мәселесіне көп көңіл бөлініп келеді.

Қылмыстың криминалистік сипаттамасы үшін қылмыскердің әлеуметтік, демографиялық, психологиялық қасиеттері де үлкен маңызға ие.

Әр түрлі қылмыстар жасайтын субъектілердің тұлғасы жөніндегі осы мәліметтерді жалпылау - қылмыскер тұлғасын қылмыстың криминалистік сипаттамасының маңызды элементері ретінде нақтылауға көмектеседі.

### **1. Қылмыстың құрбаны**

Кейбір қылмыстар бойынша криминалистік талдауда жәбірленушінің типологиялық ерекшеліктері алдыңғы орынға ие болады. Себебі, жәбірленуші алдын ала тергеу мен сот мәжілісінің орталық фигурасы болып табылады.

### **2. Қылмыс жасау әдісі**

Көптеген криминалистердің пікірлері бойынша, бұл элемент өте үлкен маңызға ие. Әрбір жекелеген жағдайларда қылмыс жасау әдісі нақты болады.

Криминалистикада қылмыс жасау әдісі – қылмыс іздерін қайдан, кімнен іздеуді, ол іздер қандай құралдармен қалдырылғандығы, т.б. мән-жайларды анықтауға көмектесетін ақпараттың маңызды қайнар көзі болып табылады.

Қылмыс жасау әдісі деп қоршаған орта жағдайлары мен қылмыскердің психофизиологиялық қасиеттерімен анықталған, қылмысқа дайындалу, оны орындау мен ізін жасыру жөніндегі әрекеттердің жүйесін түсінеміз. Қылмыс жасау әдістерін қалыптастыруға объективтік және субъективтік факторлар негізделеді.

### **3. Қылмыс жасау механизмі**

Криминалистік талдау жасалғанда қылмыс жасау әдісімен бірге, қылмыс жасау механизмі сияқты түсінікте қолданылады.

### **4. Бастапқы тергеу жағдайы (ситуациясы).**

Әр түрлі қылмыс түрлерін тергеудің бастапқы кезеңіне тән тергеу жағдайлары өз сипаты мен сапасы бойынша ерекшеленеді.

### **5. Қылмыс жасау жағдайы.**

Қылмыс оқиғалары объективтік шындық процесстерімен және қылмысқа қандай да бір қатысы бар тұлғалардың жүріс-тұрысымен өзара байланысты болатын: уақыт, жер және қоршаған ортаның нақты жағдайларында орын алады.

### **6. Қылмыстық қол сұғушылықтың пәні.**

Қылмыс жасау процессінде қылмысқардың тікелей әсер етеуіне ұшыраған материалды құнды заттар – қылмыстық қол сұғушылықтың пәні болып табылады.

### **7. Қылмыстың материалдық іздері.**

Іздер – қылмысты ашу үшін қажетті маңызды әдістер болып табылады. Бірақ барлық криминалистер криминалистік сипаттамаға іздер және оларды табуға мүмкін болатын жерлер туралы мәліметтерді енгізуге бірдей қарамайды.

### **8. Қылмыстың ниеті және мақсаты**

Ниет және мақсат – қылмыс құрамының субъективтік жағының өзара тығыз байланысты белгілері болып табылады.

### **10. Қылмыстың салдары**

Қылмыстың салдары немесе нәтижесі деп тұлғаның әрекетімен қамтамасыз етілген және қылмыс құрамының объективтік белгілеріне жатқызылатын, қылмыстық заңмен қорғалатын қоғамдық қатынастардағы немесе қоршаған ортада болған өзгерістерді айтамыз.

### **11. Қылмыс жасауға итермелейтін себептер мен жағдайлар**

- Себеп – бұл тергеуді туындататын құбылыс, оның әрекет етуі салдар туындау үшін қажетті оқиғалардың белгілі бір дамуын алдын ала анықтайды.

**12. Қылмыс мән-жайлары бойынша көрсетпелерді қалыптастыруға әсер ететін факторлар**

- Қылмыстарды тергеу процесінде іс бойынша дәлелдік ақпараттың маңызды бөлігін тергеуші куәлардан, жәбірленуші, сезікті, айыпталушыдан жауап алу кезінде алады.

### 13. Қылмыс іздерін жасыруға бағытталған мүмкін болатын әрекеттер

Қылмыс іздерін жасыру бойынша жүргізілетін әрекеттер тергеуге кедергі жасауға бағытталады және жасыру (утаивание), жою (уничтожение), маскировка және жалғандық (фальсификация) түрінде көрініс табуы мүмкін.

#### Өзін-өзі бақылау сұрақтары:

1. Қылмыстардың криминалистикалық сипаттамасының түсінігі?
- 2.

#### Қолданылатын әдебиеттер:

1. Жәкішев Е.Г. , Исаев А.А., Найманова Г.Х., Тапалова Р.Б., Темирболат Н.С. Криминалистика. Жеті-жарғы, 2006
2. Белкин Р.С. Курс криминалистики в 3 т., М., 1997
3. Криминалистика. Под ред. Герасимова И.Ф., Драпкина Л.Я, М., 1994
4. Криминалистика Под ред. Яблокова Н.П. М., Бек, 1990, 1995, 1996, 2005
5. Криминалистика Под ред. Пантелеева И.Ф., Селиванова Н.А М., 1988
6. Криминалистика Под ред. Крылова И.Ф., Ленинград, 1976
7. Криминалистика Под ред. Филиппова А.Г., Волынского А.Ф. М., Спарк, 1999
8. Образцов В.А. Криминалистика М., Юристь, 2001
9. Порубов Н.И. Курс криминалистики, Минск, 2000
10. Мозговых Г. А. Криминалистическая характеристика преступления. Алматы, 2001 г.

## 12 ДӘРІС. ЖЕКЕ ТҮЛҒАЛАРҒА ҚАРСЫ ҚЫЛМЫСТАРДЫ ТЕРГЕУ (1 САҒАТ)

**Түйінді сөздер:** қылмыстардың криминалистік сипаттамасы, дәлелдеу пәні, типтік тергеу ситуациялары, қылмыскердің, жәбірленушінің жеке басы, қылмыс жасау әдістері, материалды жағдайлар, қылмыс жасау механизмі, тергеудің алғашқы және кейінгі кезеңдері.

#### Сұрақтар:

Адам өлтірудің криминалистік сипаттамасы. Нақтыланып, анықталатын жағдайлар. Тергеудің алғашқы кезеңінің ерекшелігі. Әдеттегі тергеу жағдайлары. Куәлардан жауап алу. Мәйіттің аты-жөнін анықтаудың әдістері мен тәсілдері. Мәйітті тану үшін әкелу және аты-жөнін анықтау жөніндегі басқа да шаралар мен оның ерекшеліктері. Тергеуші мен анықтау органдарының арасындағы қарым-қатынастар. Сот-медициналық және басқа да сот сараптамаларын тағайындау.

Адамның хабар-ошарсыз кетуіне байланысты оның біреу өлтірген болар деген болжаумен жүргізілетін алғашқы тергеу және жедел-ізвестіру әрекеттері. Адам өлтірудің тәсілдеріне байланысты тергеу болжауларын жасау. Мәйітті бөлшектеп, оны жойып жіберген істер бойынша тергеу жүргізуінің ерекшелігі.

Қылмыскердің жалдап кісі өлтіру қылмысын тергеу ерекшелігі.

Қылмыстық істі қозғау кезіндегі тергеушінің қолындағы алғашқы мәліметтердің сипаты мен көлеміне байланысты барлық қылмыстарды шартты түрде мынандай үлкен екі топқа бөліп қарастырылуы мүмкін: 1. адам өлтіру қылмысы анық жағдайда жасалған; 2. адам өлтіру қылмысы анық емес жағдайда жасалған.

Бірінші топқа, тергеудің басында-ақ адам өлтіру қылмысын жасаған тұлға белгілі болған айқын фактілерді жатқызамыз.

Мұндай қылмыстар әдетте «тұрмыс-тіршіліктік қатарына жатады, олар көбінде, күнделікті тұрмыс-тіршіліктегі болатын жан-ұядағы, сондай-ақ көршілердің, болмаса туыскандардың тағы басқа да жақын танытын адамдардың бір-бірімен ұрыс-керістері, өзара келісе алмаушылықтарынан туындаған жан-жалдар мен жеке бастық араздар. Бұл қылмыстарды жасау кезінде қылмыскерлер қылмысты жасауға байланысты алдын-ала

айла әдістерді таңдап, болмаса оның ізін жасыруға алдын ала дайындалмайды. Керісінше күтпеген жерден туындаған жан-жалдың нәтижесінде қолына түскен тұрмыс-тіршілікте қолданылатын заттарды, атыс қаруын т.б. қылмыс құралы ретінде пайдаланады.

Анық емес жағдайларда жасалған адам өлтіру қылмыстарын – күш қолдану белгілері бар мәйіттің табылуына байланысты немесе хабар-ошарсыз кеткен адамдардың өлгендерін куәландыратын мәліметтер бойынша қылмыстық іс қозғауға байланысты тергеу әрекеттері жүргізілетін қылмыстарды жатқызамыз. Мұндай жағдайларда қылмыстық іс қозғау кезінде тергеушіде адам өлтіру қылмысының жасалу жағдайы (қылмыскердің, көбіне жәбірленушінің жеке басы туралы; қылмысты жасау ниеті мен мақсаты) туралы ешқандай мәліметтер болмайды.

**Қылмыскердің адам өлтіру үшін нақты бір тәсілді таңдап алуына мынадай факторлар әсер етеді: жәбірленуші мен айыпкердің жасы, жылы, физикалық дамуы, қылмыстың жасалу уақыты мен жері, оның ниеті мен мақсаты, қылмыскердің қылмыс құрбанымен өзара байланысының болуы мен оның сипаты, сондай-ақ басқа да жағдайлар.**

Адам өлтіру қылмыстарын жасауда қолданылатын тәсілдердің кеңінен тараған түрлеріне келесілерді жатқызуға болады:

- әртүрлі құралдарды, заттарды қолдану арқылы жәбірленушіге тікелей дене жарақатын салу;

- жәбірленушіні жылжып келе жатқан транспорт құралдарынан (поезд, автокөлік, теплоход) лақтырып жіберу.

- жәбірленушінің организміне улы заттарды жіберу және т.б.

Қылмыскерлер адам өлтіру қылмыстарын жасау кезінде қылмыс құралы ретінде тұрмыс-тіршілікте пайдаланатын (асханалық және жиналмалы пышақ, балға, балта және т.б.) заттарды, қылмыскердің қылмыс жасау үстінде қолына түскен оқиға болған жердегі кездейсоқ заттарды (тас, құбыр, темір кесінділері, бөтелке т.б.) және басқа да қолдан жасалған әртүрлі суық қаруларды қолданады

Қылмыскерлер адам өлтіру қылмысын жасыру тәсілдерін таңдап алуына қылмыс жасалатын жер (орын) және қылмыскер мен жәбірленушінің өзара арақатынас сипаты әсер етеді.

Жәбірленуші мен қылмыскер өзара таныс болмаған, болмаса олар кездейсоқ танысқан жағдайларда, қылмыс болған жер айыпкерге еш қатысы жоқ болған жағдайларда, адам өлтіру қылмысын жасап болған соң, олар оқиға болған жерден тезірек қашып кетуге тырысады

Егер қылмыскер мен оның құрбанының арасында – туыстық, достық, жыныстық (ашыналық) немесе басқа да тұрақты қатынастар, болмаса адам өлтірген жер айыпкердің жеке басына қатысты (тұрғын-үй, сая-жай, жеке гараж, жұмыс орны т.б. болған жағдайларда жәбірленушінің өлімі туралы факт, яғни нақты бір жерден оның мәйітін табу жағдайлары нақты бір тұлғаға сезік келтіруге әкеп соқтырады.

Адам өлтіру тәсілі мен мәйіттің денесіндегі жарақаттардың сипатына байланысты жәбірленушінің өлу фактісін жасыру мүмкін емес жағдайларда қылмыскерлер адам өлтіру қылмысын жасырудың басқа да әртүрлі тәсілдерін жүзеге асыру әрекеттерін ойластырады

Қылмыс жасауға себеп болатын жағдайларға – айыпкер мен оның құрбанының арасындағы жеке бас араздығы, бұзақылық, кек алу, көре алмаушылық, қызғаншақтық, пайдақорлық ниет, сонымен қатар басқа қылмыстың ізін жасыру немесе оны жасау жолдарын жеңілдету жатады.

Нақты қылмысты, адам өлтіру қылмысын жасау ізін жасыру үшін қылмыскер алдын-ала, күні бұрын арнайы дайындалып, өзінің және жәбірленушінің әрекетінің кезектілігін анықтап жоспарлап алады.

**Жәбірленуші.** Адам өлтіру қылмысын криминалистік сипаттауда жәбірленушінің өзінің жүріс-тұрысын виктимологиялық аспекті тұрғысынан қарастыруға болады. Яғни ол дегеніміз қылмыстың жасалуына, қылмыс құрбанының өзі себеп болады. Олар спирт

ішімдіктерін кездейсоқ адамдармен бірге ішіп, мас болып кездейсоқ адамдардың немесе айналасындағы адамдарды балағаттап өздері тиісіп, соның негізінде ұрыс, жанжал, төбелес шығып, қылмыстың жасалуына бірден бір себеп болады. Көбінде мұндай жағдайларда адам өлтіру бойынша жасалған қылмыстың жәбірленушісі ер адамдар болады. Ал әйел адамдары қылмыстың құрбаны болуына – жыныстық қатынас жасау, пайдакүнемдік ниет, сондай-ақ қызғаныштың пайда болуы себеп болады.

Қылмыскер мен жәбірленушінің жүріс-тұрысында белгілі бір байланыс болады. Жәбірленушінің жеке басы мен оның өлер алдындағы мінез-құлқын жақсылап тексеру қажет.

Кейбір жағдайларда өзге тұлғаларға қарағанда өте қауіпті тұлғалар категориясы да кездесіп жатады, олар айналасындағыларға қауіп төндіре отырып, ақырында қылмыстың құрбаны өздері болулары мүмкін.

Қылмыскер. Адам өлтіруге байланысты қылмыстарды әдетте 18-бен 50 жас аралығындағы алкогольдік ішімдікке немесе нашақорлыққа құмар ер адамдар жасайды. Олар, қоғамдағы басқа тұлғалардан өздерінің: дәрежеліктерімен, қатыгездіктерімен, жыныстық құштарлығы жоғарлығымен, әйелдерді силамайтындығымен, бұрын қылмыстық жазаға тартылғандығымен ерекшеленеді. Тәжірибеде қылмыскерлердің арасынан психикалық аурулармен ауыратын адамдар да жиі кездеседі, олардың маскүнемдіктен немесе нашақорлықтан емделуге мұқтаж екендіктері көбінде тергеу барысында нақтыналады .

Мәселен, мәйітті оңаша жерлерге көміп тастау, оны бүркемелеу (құммен, шөппен, жапырақтармен және т.б.), мәйітті немесе оның бөлшектерін суға ағызып жіберу, жәбірленушінің бетін адам көріксіз етіп бұзу әрекеттері, бұл мәйіт қылмыскердің жақын адамы (әйелі, туысы, досы және т.б.) екендігін жиі куәландырады. 5 және 17-ті жас аралығындағы балалар мен жасөспірімдерді өлтіру қылмыстардың көбінде 10 мен 16-ты жас аралығындағы ер жыныста жасөспірімдер жасайды. Көбшілігінде олар жәбірленушінің досы, танысы болып келеді.

Мәйітке әдеттен тыс айдаларды қолдану белгілері (мәйітті жалаңаштау, киімсіз қалдыру немесе оның киімін тығып тастау, жағуға жарамсыз заттарды қолданбақшы болып әрекет ету, мәйітті ұсақ бөлшектерге бөліп тастау) немесе мәйіттің денесіне сансыз көп жарақаттар салу белгілері қылмыскердің жүйке ауруымен ауыратындығын көрсетеді.

#### ***Типтік тергеу ситуациялары, тергеу болжауы мен жоспарлау.***

Типтік ситуациялар – тергеу әдістемесінің ерекшеліктерін (типтік тергеу болжауларының, типтік мәселелерді, сондай-ақ оларды шешу құралы мен тәсілдерін) алдын-ала анықтауға мүмкіндіктер беретін, тәжірибеде барынша жиі кездесетін тергеу ситуациялары.

Нақты ситуацияны тексере отырып, тергеуші типтік мәселелерді шешу жөніндегі білімді қолданады, шындықты ескере отырып, оларды модернизациялайды (жаңа жағдайға сәйкес өзгертеді).

1-ситуация – қылмыс анықталған (ашылған), қылмыскер ұсталған және оны жеке басы анықталған. Кейде тергеудің бастапқы кезінде подлинные мақсаты мен ниеті анық емес болады, ал кейде оның кінә формасы да. Қылмысқа қатысушылар да анықталмауы мүмкін. Жәбірленушіні өлтірген кездегі әрекет құқыққа қайшы болып табылатындығы немесе табылмайтындығы алғашқыда айқын болмайды (мысалы, қажетті қорғану кезінде).

2-ситуация – қылмыс анықталмаған (ашылмаған), бірақ мәйіт бар (жасырылмаған), ешқандай инсценировка жасалмаған және ол бірден табылған немесе қылмыс біте салып көпке ұзамай табылған. Қылмыскер белгісіз. Қылмыскердің ізіне түсу мен оны ұстау бойынша жедел-іздігі әрекеттерін ұйымдастыруға мүмкіндіктер бар. Сондықтан да типтік болжаулар да осындай ұқсас ситуацияларда болып келеді. Бұл қылмыскердің жеке басы (немесе сезіктінің араласатын ортасы) жөніндегі болжаулар, мүмкін болатын дәлелдемелер туралы болжаулар және қылмыскердің жасырынған жері жөніндегі іздестіру болжаулары.

3-ситуация – қылмыс ашылған, жақын арада жасалған, бірақ оның механизмі белгісіз. Мәйіт табылып, оның жеке басы анықталған. Өзін-өзі өлтіргендігі, немесе бақытсыздық жағдайдан өлгендігін, немесе өзінің табиғи өлігі жөнінде көрсететін мәліметтер бар, бірақ қылмыстың ізін жасыру үшін иценировка жасау мүмкіндігі туралы (күмән бар) сезік келтіріледі. Мұндай ситуацияларда болжаулар тергелетін оқиғаның механизмі жөнінде құрылады, содан кейін қылмыстың мотиві мен қылмыскердің жеке басы бойынша болжаулар жасалады.

4-ситуация – қылмыс ашылмаған, танылмаған мәйітті тауып алу фактісі бойынша қылмыстық іс қозғалған. Мәйіттегі жарақаттар қылмыстың жасалғандығын көрсетеді, бірақ мәйіт адам танымастай жағдайда болғандықтан, оны сыртқы бейне белгілері бойынша тану соншалықты қиын. Мұндай ситуацияларда болжаулар алдымен қылмыс құрбанының жеке басы бойынша құрылады және тексеріледі.

5-ситуация – қылмыс ашылмаған және бұрын жасалған (жасалғанына көп уақыт болған), қылмыс жасалған деп жорамалдауға болады. Себебі адам басының және басқа да мүшелерінің, сүйектері киімдерінің қалдықтарымен табылған, бірақ өлімнің себебі белгісіз (тергеудің бастапқы кезінде), қылмыс жасалған деп болжауға болады, сондай-ақ қылмыс жасалмаған өлімнің себептері басқа да жағдайларға байланысты болған деп те болжауға болады.

6-ситуация – қылмыс ашылмаған, мәйіт бөлшектелген және бұл бөлшектер жасырылған. Қылмыстың барлық элементтерінің ішінен тек қылмыстың ізін жасыру тәсілі мен мәйіттің бөлшегі табылған жер ғана белгілі.

7-ситуация – адам жоғалған. Қылмыс ашылмаған, оның жоғалғанына көп уақыт болған, мәйіттің табылмауына байланысты, ол өлді деп жорамалданады.

8-ситуация – жаңа туған нәрестенің мәйіті табылған. Қылмыс нәрестенің шешесімен немесе оған жақын басқа да адамдармен жасалуы мүмкін.

Күш қолдану белгілері бар мәйіт табылған жағдайларда жүргізілетін алғашқы тергеу әрекеттері.

Оқиға болған жерді қарау. Адам өлтіру ісі бойынша оқиға болған жерді қараудың ерекшеліктері, криминалдық ситуацияның ашылуымен және қылмыс жасалған жердің сипатымен қамтамасыз етіледі.

Оқиға болған жердің және нақты бір қылмыс жағдайының ерекшеліктеріне байланысты топ құрамына басқа да мамандар кіргізілуі мүмкін. Мәйіт қаралады, қылмыстың ізі табылу мүмкіндігіне байланысты ол табылған жер мен оның территориясы қаралады. Мәйіт табылған жерден едәуір ара қашықтықтан іске қатысты іздер мен басқа да объектілер табылған жағдайларда, оларды қарау өзінше жекеленген тергеу әрекетін құрайды (әрекеттерінен тұрады).

Мәйітті қарау барысында оның-жынысы, шамамен жасы, дене бітімі, бойы; оқиға болған жердегі жылжымайтын объектіге қарысты мәйіттің орналасу жағдайы анықталады; мәйіттің орналасу жәй-күйі, сондай-ақ басының және аяқ-қолдарының орналасу жағдайлары мен ерекше белгілері бекітіледі. Қарау кезінде мәйіт танылмаған жағдайларда ауызша суреттеу әдістемесі бойынша хаттамаға толық сипаттамаланып бекітіледі. Содан соң хаттамаға белгілі біркезектілікпен мәйіттің денесі мен киімдері, олардан табылған заттар және оның жатқан территориясы сипатталып жазылады.

Мәйіттің киімдерін қарау барысында, оның киімінің жай-күйіне, оның жыл-мезгіліне сәйкестігіне және жәбірленушінің дәл осы кездегі физикалық жағдайына аса назар аудару қажет.

Мәйіттің денесін қарау кезінде одан табылған мәйіттік құбылыстардың көрінісі мен оның дәрежесі, дене жарақаттары - қан болса оның тоқтағандығы, олардың саны, өзара орналасуы, размері, (түр-түсі) денесіндегі бөгде іздер мен басқа да бөлшектер нақты сипатталып көрсетіле отырып хаттамаға бекітіледі.

Қылмыстың жасалу тәсілі көрініс табатын дене жарақатының сипатына байланысты мәйітті қараудың белгілі бір ерекшеліктері бар. Мәселен, мәйіттің денесіндегі шауып-

кесуден түскен жарақаттарды, сондай-ақ өтпейтін қатты заттармен келтірілген жарақаттарды қарау кезінде жарақаттың-санына, жарақаттың өзара орналасуына, размеріне формасына, киімдерінің жай-күйіне, денесіндегі жарақаттардың киіміндегі зақымдармен сәйкестігіне, жәбірленушінің денесіндегі арпалысу және қорғаныс іздерінің болуына аса назар аудару қажет.

Оқиға болған жердегі қан іздерінің сот-медициналық ғана емес, сонымен қатар криминалистік маңызы бар екендігі міндетті түрде ескерілуі тиіс. Оларды зертеу негізінде тергеу жағдайына маңызды мынандай мән-жайлар: қылмыстың жасалған жері, оның механизмі, жәбірленушіге дене жарақатын салу кезіндегі оның күй-жайы және т.б. анықталады.

Оқиға болған жердегі қылмыстық іздерді табу, бекіту алу және зерттеу үшін криминалистік техника құралдарын тергеу әрекетіне пайдалану, жоғары мамандықты талап етеді. Танылмаған мәйіттің жеке басын анықтауға жүргізілетін әрекеттер. Егер, мәйітті қарау барысында оның құжаты табылмаған және оқиға болған жердегі тұлғалармен танылмаған жағдайларда, тергеуші жәбірленушінің жеке басын анықтауға байланысты шаралар қолданады.

Куәлерден жауап алу. Адам өлтіру қылмыстық ісі бойынша куәлер ретінде – қылмысты көзімен көрушілерден, туысқандарынан, таныстарынан, бірге жұмыс істеген қызметтес тұлғалардан сондай-ақ, сезіктілерден жауап алынады.

Көзімен көрушілерден жауап алудың негізгі мақсаты – олардан қылмыстың жасалу жағдайы мен қылмыскердің белгілері туралы мәліметтер алу.

Жәбірленуші мен сезіктінің тізімдегі куә ретіндегі таныстары, көршілері мен қызметтестерінен жауап алу, тәртіп бойынша айыпкер мен оның құрбанының жеке басымен, сондай-ақ қылмыстың жекеленген жағдайларын анықтауға байланысты сұрақтар бойынша жауап алынады.

Сезіктінің туыстарынан жауап алу кезінде жоғарыда аталған сұрақтардан басқа да, яғни оның қылмыс жасамай тұрып және қылмыс жасағаннан кейінгі жүріс-тұрысы, қылмыстың ізін жасыруға байланысты әрекеттері туралы мән-жайлар анықталады.

Сот-медициналық сараптама. Кейінге қалдыруға болмайтын тергеу әрекеттерінің ішінде адам өлтіру қылмыстары бойынша өлімнің болу себептері мен дене жарақаттарының сипатын анықтауда сот-медициналық сараптаманың алатын орны ерекше. Сонымен қатар, сот-медициналық сараптаманың шешіміне бұл жалпы сұрақтардан басқа да мән-жайлар жатады, анықтау бағытталған, яғни олар іс бойынша тергеу әрекетіндегі құрылған болжауларға байланысты келесідей сұрақтарды анықтауға бағытталуы мүмкін:

- Жасалған қылмыс жағдайы бойынша: өлімнің себебі мен болу уақыты; мәйітте дене жарақатының болуы немесе болмауы, олардың саны, пайда болу механизмі мен сипаты; қандай жарақат тірі кезінде, ал қайсысы өлгеннен кейін келтірілген; дене жарақатын салудың кезектілігі, жарақат келтіру кезінде жәбірленуші қандай күйде болды; дене жарақатынан кейін оның қозғалып-жылжуға, қарсы әрекет етуге қабілеті болды ма; дене жарақатының қайсысы өміріне қауіпті болды; соққы қандай күшпен берілді; мәйітте қорғану немесе арпалысу белгілері бар ма;

- Оқиғадан бұрын болған жағдайларға байланысты: жәбірленушінің қанында ішімдік құрамы бар ма және жиналған ішімдік құрамына оның мас болу дәрежесі сәйкес келе ме, жәбірленуші өлер алдында тамақ ішкен бе, тамақтанған уақыты қашан және қандай тамақ түрін ішіп-жеген, жәбірленуші қайтыс болар алдында жыныстық қатынаста болған ба;

- Қылмыс құралы бойынша: жәбірленушіге дене жарақаты бір әлде бірнеше қару құралын қолдану арқылы салынған ба; бұл құралдардың түрі, формасы, размері қандай; дене жарақаты сараптамаға ұсынылған құралдардан болған ба;

- Жәбірленушінің жеке басын анықтауға байланысты: бөлшектенген мәйіттің бөлшектері аталып отырған нақты бір тұлғаныкі ме, жәбірленушінің жынысы, шамамен

жасы қандай; жәбірленуші тірі кезінде қандай аурулармен ауырған; қанша рет операция жасалған; ішкі организміңде қандай да бір патологиялық өзгерістер мен аномалиялық ауытқулықтар бар ма; тіс құрылысының ерекшеліктері; жәбірленушінің қанының түрі мен тобы қандай;

- Сезіктің жеке басына қатысты: жәбірленушінің жыныстық мүшесінен табылған қан дақтары мен азға іздері қандай топқа жатады; мәйітті бөлшектеген тұлғаның анатомия саласынан және техника бөлімінен тәжірибесі болған ба; мәйітті бөлшектеген адам солақай емес пе;

- Қылмыстың ниеті мен мақсаты бойынша: мәйіттің денесінде күш қолданып жыныстық қатынасқа түсуді сипаттайтын іздер бар ма; түсік тастау белгілері жоқ па; келтірілген дене жарақаттары қинау арқылы салынғандығын сипаттайтын белгілер бар ма; олар жәбірленушіні ерекше азаптаумен жасалған жоқ па;

- Тергелетін оқиғаны инсценировкалауға байланысты: мәйіттің қалпы өзгеріске ұшыраған ба; жәбірленушінің денесіндегі жарақаттар оның өзіне-өзі қол жұмсауы арқылы келтірілмеген бе; жәбірленушідегі дене жарақаттары оның киіміндегі зақымдармен сәйкес келе ме; егер сәйкес келсе оны немен түсіндіруге болады; жәбірленушінің мойнына ілмек, жіп байланған ба; мәйіт табылған жер қылмыстың жасалған жері ме, жоқ па және т.б.

Мәйітті сот-медициналық зерттеулер барысында сарапшының алдына қосымша сұрақтарды қоюға байланысты фактілер анықталуы мүмкін, бұл фактілер дереу тексерісті қажет етеді.

Адам өлтіру қылмыстарын тергеу барысында сот-медициналық сараптамамен қатар, зерттеудің басқа да түрлері жүргізіледі. Шаш, қан іздерін және организмнен бөлініп шығатын басқа да іздерді зерттеу үшін сот-биологиялық сараптама тағайындалады. Мәйіттің тырнағының астынан, болмаса қылмыс құралынан бөлшектері, ішкі орган ткандері табылған кезде, олардың пайда болуы мен тобын анықтау мақсатында цитологиялық зерттеулер жүргізіледі. Мәйіттің және айыпкердің денесі мен киімдерінен талшық іздері табылған жағдайларда заттар мен материалдарды зерттеу сараптамалары тағайындалады. Оқиға болған жерден табылған қол, аяқ, транспорт және бұзу құралдарының іздері бойынша әртүрлі трасологиялық зерттеулер жүргізіледі.

Адам өлтіру қылмысының жасалу тәсілдері мен тергеліп отырған істің нақты жағдайына байланысты, балистикалық, пиротехникалық, химиялық, физика-химиялық, токсикологиялық, гидрологиялық және басқа да сараптамалар тағайындалуы мүмкін.

Сезікті мен айыпкерден жауап алу. Мұндай алуды жоспарлау мен оны жүргізудің тактикасы тергелетін қылмыс жағдайына, тұлғаның жеке басы туралы жиналған мәліметтер мен дәлелдемелерге қарамастан құрылады және таңдалып алынады, жауап алудың мақсаты – жауап алу барысында алынған барлық факторлардың нақтылығын және олар жөніндегі мәліметтердің қайнар көздерін анықтау, осыған байланысты берілген жауаптарды нақтылау мен таңдап тексерудің маңыздылық ерекшеліктерін анықтау.

Сезіктіден (айыпкерден) жауап алу кезінде барлық уақыттарда шынайы, нақты жауаптар алына бермейді, көбінде дәлелді жауаптар тергеушінің қолында бар мәліметтерді дәлелдеме ретінде ұтымды пайдалану жолымен алынады. Осыған байланысты жауап алудың мынандай ерекше маңызды тактикалық тәсілдері бар: жауап алынатын тұлғаны логикалық әңгімеге тарту арқылы оның сезімін ояту; оны дәлелдемелерді тексеруге қатыстыру; тергеу арқылы алынған фактілердің мағынасын түсіндіру.

Жауап алынатын тұлғалардың жеке басы мен тергелетін іс бойынша нақты бір жағдайларға байланысты басқа да тактикалық тәсілдер қолданылады.

Тергеу барысында айыпкер ретінде қылмыстық іске тартылатын тұлға анықталған жағдайларда тергеудің жаңа кезеңі басталады. Тергеудің бұл кезеңінің міндеті қылмыскерді әшкерлеу және олардың кінәлілігін дәлелдеу.

Сезіктің жауаптарын (көрсетпелерін) тексеру. Сезіктің берген жауаптары мен көрсетпелері дәлелдеменің қайнар көзі болып табылады. Жауап алу кезінде дәлелді



жауаптар алудың маңызы ерекше. Қылмыстың әрекеті орындаушы тұлғаға ғана мәлім фактілер дәлелдеме болып табылуы мүмкін. Сондықтан да олар мұқият тексерілуі қажет. Тексеру әрекеттері қатарына тергеу эксперименті, көрсетпені оқиға болған жерде тексеру және басқа да әрекеттер жатқызылуы мүмкін. Қылмыскер өзінің кінәлілігін өкінішпен мойындауы, болмаса мойындамауына қарамастан келесі мәселе оны әшкерелеу болып табылады.

Қылмыскерді әшкерелеу оқиғаны көзімен көрген-куәлердің берген жауаптары мен көрсетпелерінің көмегімен оларға қылмыскері танытуға көрсету және қажет болған жағдайларда беттестіру әрекетін жүргізу арқылы; сондай-ақ қылмыскердің тұрғын-жайларына, жұмыс орындарына және т.б. тінту жүргізу; қылмыскерді куәландыру, олардың киімдеріне және бұл шараларды жүргізу кезінде табылған объектілерге қарау әрекетін жүргізу; бұл объектілерді танытуға көрсету мен заттай дәлелдемелерді идентификациялық зерттеу нәтижелері көмегімен жүзеге асырылады.

Қылмыскердің жеке басын зерттеу – тергеліп отырған бұл кезең тек процесуалдық сипаттағы сұрақтарды шешу, айыпкердің әрекетін қылмыстық-құқықтық саралау және кейінгі соттық жазалауды жекелеумен ғана емес, сонымен қатар, бұл әрекеттер құрылған болжаулардың жылжуына маңызды ықпал етуімен және тергеу әрекеттерінің тактикалық тәсілдерін таңдап алумен де тығыз байланысты.

Кінәнің түрі мен мотивін анықтау – тергеудің бұл кезеңіндегі маңызды бөлімі. Қылмыс жасауда нақты бір кінә түрі мен белгілі бір ниеттің болуын міндетті түрде дәлелдеу қажет. Келесідей мән-жайлар анықталуы тиіс: Жәбірленушінің өлер алдындағы және қылмыс жасалу кезіндегі жүріс-түрісі мен мінез-құлқы (жәбірленуші жағынан балағаттаудың, шантаж жасаудың, арандатудың және т.б. болу, болмауы). Тергеушінің қорытынды кезеңіндегі басты мәселе қылмыстық істі кейінгі сот-тергеуіне жіберуге байланысты негізді, әрі дұрыс шешім қабылдау болып табылады. Бұл шешімді қабылдау алдын-ала дайындық жұмыстарын қажет етеді.

#### **Қолданылатын әдебиеттер:**

1. Мозговых Г. А. Криминалистическая характеристика преступления. Алматы, 2001 г.
2. Видонов Л. Г. Криминалистическая характеристика убийств, типовые версии по делам об убийствах. Горький. , 1976.
3. Васильев А. Н. Проблемы методики расследования отдельных видов преступлений. М. , 1978 г.
4. Гусев С. И. Руководство по расследованию убийства. М. ,1977 г.
5. Звирбуль А. К. Расследование и предупреждение детоубийств. М. , 1967.
6. Яковлев Я. М. Расследование убийств. Душанбе. , 1960.
7. Жәкішев Е. Г. и др. Криминалистика КазНУ 2005
8. Еркенов С. Е. , Султанов С. И. Тергеу әрекеттерінің тактикасы. Данекер 2002

### **13 ДӘРІС. МЕНШІККЕ ҚАРСЫ ҚЫЛМЫСТАРДЫ ТЕРГЕУ (1 САҒАТ)**

**Түйінді сөздер:** меншікке қарсы қылмыстардың криминалистік сипаттамасы, дәлелдеу пәні, типтік тергеу ситуациялары, болжаулар, қылмыскердің, жәбірленушінің жеке басы, қылмыс жасау әдістері, материалды жағдайлар, қылмыс жасау механизмі, тергеудің алғашқы және кейінгі кезеңдері, тергеу әрекеттерінің тактикасы,

#### **Сұрақтар:**

Ұрлықты, тонау мен шабуыл жасап тонаудың криминалистік сипаттамасы. Тергеу болжаулары және тергеуді жоспарлау.

Алғашқы тергеу әрекеттері және жедел-іздігі шаралары. Куәдан және жәбірленушіден жауап алу. Қылмысты тіркеу органдарынан алынған мәліметтерді пайдалану. Ұрланған бұйымдарды іздігі.

Ұрлықты тергеудің ерекшелігі. Алғашқы тергеу әрекеттері және жедел-іздігі шаралары. Жәбірленушіден жауап алу. Оқиға болған жерді қарау. Сот сараптамасын

тағайындау және басқа да тергеу әрекеттерін жүргізу ерекшелігі. Ұрлықты, тонауды инсценировкалау, оны әшкерелеудің әдістері. Тергеудің қорытынды кезеңінің ерекшеліктері.

Тонау мен қарақшылық қылмыстарының криминалистік сипаттамасы. Тергеу болжаулары және тергеуді жоспарлау.

Алғашқы тергеу әрекеттері және жедел-іздігі шаралары. Куәдан және жәбірленушіден жауап алу. Қылмысты тіркеу органдарынан алынған мәліметтерді пайдалану. Ұрланған бұйымдарды іздігі.

Оқиға болған жерді қарау. Сот сараптамасын тағайындау және басқа да тергеу әрекеттерін жүргізу ерекшелігі.

Ұрлықтың қауіптілігі меншік иесінің экономикалық тәуелсіздігіне қол сұғандығынан көрінеді және оны ашу мен тергеу кезінде айтарлықтай қиындықтар туындайды.

Ұрлықтың жасалу жолдары мен әдістерін білу ұрлықты ашуда жетістіктерге әкелуі мүмкін. Қылмыскердің ұрлық жасау кезінде қолданған әдіс-тәсілдерін анықтап, оларды криминалистік тіркеуден іздігі тексеруге болады.

Жеке мүлікті ұрлау көбінесе күндізгі уақытта, куә болмаған кезде, иелері жұмыста болатын кездерде жасалынады. Қарастырылып отырған қылмыстар жаңадан салынған ықшамаудандарда жиі кездеседі. Бұл тұрғындардың алғашқы уақытта подъезд және этаж көршілерінің бір-бірін танымауымен түсіндіріледі. Қылмыскерлер үй тұрғындары ретінде кедергісіз пәтерлерге кіріп, ұрланған заттарды оңай алып шығуына өз себебін тигізіп отыр.

Пәтерден және материалдық құндылықтарды сақтайтын басқа да жерлерден ұрлау есік құлыптарын ашқыштардың көмегімен, ригельді қысу, ілмелі құлып иемгін кесу арқылы, форточка арқылы кіру, есіктер мен терезелерді сындыру, торларды автогенді аппаратпен кесу, қабырғаны немесе төбені тесу арқылы, шатырды көтеру арқылы, түтін жүргішті ашу арқылы, қоймаларды бұрғылау немесе шабу жолымен ашу, сейфтерді және басқа да шағын көлемді сақтайтын орындарды ұрлау, тауарларды сатып алу кезінде ұрлау жолымен жасалынады.

Қылмыскерлер ұрлықты ашу мен тергеуді қиындату мақсатында қылмыстың іздерін жасыруға ұмтылады. Ұрлықтың жасалғандығы туралы жәбірленушіде күмән туғызуға тырысады. Үйге ұрлыққа түсу кезінде бөгетті бұзбай кіріп, көзге түскен заттардың барлығын емес, тек ақша мен заттардың бір бөлігін ғана алады.

Қалталық ұрлықтар жасау үшін қылмыскерлер адамдардың көп жиналған шоғырланған жерлерін таңдайды. Бұл қылмыстар, әдетте, ұрлықшылар тобымен олардың рөлдерді өзара бөлісуі арқылы: біреулері жәбірленушілерді қыспаққа алып, екіншілері ұрлап, ал үшіншілері ұрланған заттарды тығады.

Ұрлық жасайтын қылмыскерлердің жеке тұлғасының ерекшеліктерін қарастыратын болсақ, олардың екі негізгі топқа бөле аламыз. Бірінші топқа ер адам және әйел адамдар ішінен жұмыс жасағысы келмейтін бұрын сотталған, алдын ала өз әрекеттерін егжей-тегжейлі ойластыратын, қылмыс жасау дағдысы, тәжірбиесі бар адамдар. Екінші топтағы адамдар қатарына – жұмыссыз қалғандар, тұрақты мекен-жайсыз, ұя-жайлары жоқтар жатады. Олар үшін ұрлық қалыпты жағдайда аяқ астынан пайда болған ниет бойынша жасалынады немесе қылмыс жасау жағдайы алдын-ала еш дайындықты талап етпейді.

Көбіне олар сотталғаннан кейін, бас бостандығынан айыру орындарынан жазасын өтеу кезінде қылмыс дағдыларына қалыптасады.

Ұрлық қылмыстарымен күресу үшін жедел-іздігі қызметі мен ішкі істер органдарының тергеу жұмыстарын жетілдіруге байланысты шаралар қабылданады. Олардың қатарына, мысалы, республиканың бірқатар қалаларында «Пәтер» атты жедел-іздігі шараларының жоспарын құрып, қолдану, сонымен қатар, ұрлықты ашу жөнінде жедел-тергеу топтарын құру жатқызылуы мүмкін.

Ұрлық жөніндегі қылмыстық істерді қозғау үшін тек себептер ғана емес, сонымен қатар жеткілікті негіздер болуы қажет. Себептер қатарына жәбірленушілердің және ұйымдар өкілдерінің ұрлық жөніндегі арыздары жатады. Қылмыстық іс, сонымен қатар, ұрлықтың жасалғандығы туралы жедел-ізвестіру сипатындағы мәліметтерді алу арқылы да қозғалуы мүмкін. Ұрлық жөніндегі істерді қозғау негіздеріне - ұрлықтың болғандығын куәландыратын мәліметтер және ұрлық фактісі бойынша тергеу жүргізу керек екендігін сипаттайтын мәліметтер танылады.

Тексеру шараларын жүргізу нәтижесінде ұрлықтың жасалғандығын куәландыратын мәліметтер алынса, қылмыстық іс қозғалады және тергеу жүргізіледі.

Тергеу жоспарының негізін мазмұны ұрлықтың сипатымен, оны жасау тәсілдерімен және тергеу жүргізушіде бар мәліметтермен анықталатын болжаулардан тұрады.

Жеке меншікті, азаматтардың жеке мүлкін ұрлауды тергеген кезде ішкі істер органдарына белгілі ұрлықшы-гастролерлер, тіркеуде тұрған ұрлықшы-қылмыскерлер, қалтаға түсушілердің қатыстылығы туралы болжаулар ұсынылады.

Ұрлық қылмыстарын тергеу барысында төмендегідей ситуациялары байқалынады:

1-ситуация – ұрлық жасауда сезікті адам ұсталған. Ол оқиға болған жерде немесе тікелей қылмыс жасалғаннан кейін болуы мүмкін.

2-ситуация – қылмыскер ұсталмаған, дегенмен ол туралы мәліметер бар, мысалы, қылмыскердің туысы немесе танысы болып табылады.

3-ситуация – қылмыс жөнінде ешбір мәлімет жоқ.

Ұрлықты тергеуді жоспарлау көбінесе қалыптасқан тергеу ситуациясына және ең алдымен тергеудің алғашқы кезеңінде сезікті адамдардың бар-жоғына байланысты.

Тәжірибе көрсеткендей қылмыстың осы категориясын тергеу кезінде анықтау органдары қылмыскерлерді қылмыс жасау үстінде ұстау жағдайлары (пәтерде, дүкенде, дәріханада, қоймаларда және өзге де материалды құндылықтарды сақтайтын орындарда орнатылған күзет сигнализациясының қосылуы нәтижесінде), қылмыстың суымаған іздері бойынша немесе жәбірленушіден, куәдан, көзбен көрушілер немесе көршілерден жауап алу кезінде ұрлық жасауы мүмкін қылмыскерлерді нақты көрсетуі арқылы ұстау жағдайлары кездеседі. Осындай жағдайларда жоспарлау ұсталған сезікті адамдардың тергеліп жатқан оқиғаға қатыстылығын көрсететін дәлелдемелерді анықтау мен жинауға және де ұсталған адамдардың бұрын жасалған басқа да ұқсас қылмыстарға қатыстылығын тексеруге бағытталады. Бұл істер бойынша жоспарлау болжауларды ұсынуға, тергеу әрекеттері мен жедел-ізвестіру шараларын жүргізіп, оларды тексеруге бағытталады.

Көп жағдайларда қылмыскер қылмыс жасағаннан кейін жасырынып үлгіріп, тергеудің басында сезіктінің белгісіз болу жағдайлары жиі кездеседі. Мұндай жағдайларда болжауларды ұсынғанда және тергеу жоспарын жасағанда қажетті дәлелдемелерді жинауға, сезіктіні анықтау мен ұстауға көңіл бөлінеді. Осындай жоспар бойынша жұмыс істегенде ең бастысы ұрлық жасауы мүмкін адамдарға қатысты болжауларды ұсыну мен тексеру болып табылады. Яғни, жасалған қылмыстың мән-жайлары ескеріліп, оларға егжей-тегжейлі талдау жүргізіледі және де осындай қылмыстарды бұрын ашып тергеу кезінде жиналған тәжірибе қолданылады. Осыны есепке ала отырып, жоспарда келесі тұлғалармен ұрлықтың жасалу мүмкіндігін қарастыратын болжаулар ұсынылуы тиіс:

- осындай қылмыстар үшін сотталғандар, күмәнді өмір сүретін (маскүнемдер, шығу тегі белгісіз заттарды сату арқылы өмір сүретіндер, үйінде қонбайтындар және т.б.) бұрын сотталмағандар;

- қылмыс жасау мақсатында қалалар мен облыстар арасында көшіп жүретіндер;
- бас бостандығынан айыру орындарынан қашқандар;
- көршілес территорияларда осыған ұқсас қылмыстар жасағандар (қол сұғушылықтың объектісі мен затын таңдау ерекшелігімен, қылмысты жасау уақыты және қылмыскердің басқа да әрекеттерімен анықталады).

Тергеу жоспарында куәлардың көрсетпелерін, табылған іздерді және басқа да заттай дәлелдемелерді қолдану сұрақтары маңызды орын алу керек. Егер өз көзімен көрген

куәлар қылмыскердің түрін есінде сақтап қалса, онда криминалист-мамандарға фоторобот жасап көбейтіп, оларды барлық жедел-іздістіру бөлімдеріне, учаскелік инспекторларға, патрульды қызмет қызметкерлеріне тарату тапсырылады. Егер де қылмыскерлер маскіде болып немесе қандай да бір жағдайларға байланысты олардың түрлерін көру мүмкін болмаса, онда өз көзімен көрген куәлардың сипаттауы бойынша ұқсас киімдерді таңдап (бас киім, пальто, костюм, жейде), оны манекенге кигізіп суретке түсіру (мүмкіндігінше түрлі-түсті фотосурет қолдану) және барлық белгілерін сипаттау арқылы оны іздістіру кезінде қолдану ұсынылады.

Тергеу әрекеттерінің кезектілігі ұрлықшы қылмыс үстінде ұсталған ба, әлде оның жеке басы тергеу барысында анықталатындығына байланысты. Егер қылмыскер ұрлық жасау үстінде ұсталынса, ең алдымен жеке тінту жүргізіледі, ұстау орнына қарау жүргізіледі, жәбірленушілер мен куәлар анықталады, қылмыскердің жеке басы мен тұрғылықты жері анықталады. Қылмыскерден жауап алынады, іс үшін маңызы бар заттар алынуға жатады және оларға қарау жүргізіледі, олар іске айғақты заттар ретінде тіркелуі мүмкін. Одан кейін қылмыскердің тұрғылықты жері мен ұрланған заттар жасыруы мүмкін жерлер тінтіледі. Ұрлықшы ұсталған кезде жеке тінту ұстара, пышақ, үшкірленген тиын ақшаларды, яғни қылмыс жасау кезінде қолданған құрал-саймандарды табу мақсатында жүргізіледі. Ұстау кезінде ұрланғандығы өзіне мәлім емес жәбірленушілер де болуы мүмкін, сондықтан оларға өздерінің заттарын тексеру ұсынылуы керек.

Қылмыскер ұрлық үстінде ұсталынбаса, белгісіз болса, ең алдымен жәбірленушіден жауап алынады, куәлар мен өз көзімен көрушілер анықталынып олардан жауап алынады, ұрланған заттар жатқан жерлер қаралады, қажетті жағдайларда оқиға болған жерге қарау жүргізіледі.

Ұрлық істері бойынша алғашқы тергеу әрекеттері ретінде оқиға болған жерді қарау, жәбірленушіден, өз көзімен көрген куәлардан жауап алу, сезіктіні ұстау және жауап алу, тінту жүргізіледі. Оқиға болған жерді қарау – қажетті тергеу әрекеті ретінде сапалық жағынан қылмыстың дұрыс ашылуына өз септігін тигізетін тергеу әрекеті. Қарауды жәбірленуші немесе материалды жауапты тұлғаның қатысуымен жүргізген дұрыс. Ал ұрлық істері бойынша жүргізілетін оқиға болған жерді қарау тергеу әрекетіне криминалист-маманның міндетті түрде қатыстырылуы қылмыс іздерінің жиі кездесіп анықталуымен байланысты.

Қылмыскерлерді және ұрланған заттарды суымаған іздері бойынша тез арада табу үшін іздістіру қызметіндегі иттерді қолдану жақсы нәтиже береді.

Қарау кезінде ұрланған заттардың үлгілері (паспорттың, аттестаттың, фабрикадан жабыстырылған қағазының (ярлык), буып-түйген қорабының) алынып, іске тіркелуі керек.

Ұрлық істері бойынша қарау кезінде алынатын мән-жайларды бекіту, алу және қолдану қылмыстық-процессуалдық заңдар талабына және криминалистикамен өңделіп бекітілген ережелерге сәйкес жүзеге асырылады.

Жәбірленушіден жауап алу кезінде келесі мәселелер анықталады: қылмыс қайда және қашан жасалғаны, нақты не ұрланғаны, ұрланған заттардың айрықша белгілері қандай; отбасының мүшелері және олардың ұрлық болған кезде қайда болғаны; ұрлық кезінде пәтер жабық тұрды ма (жабық тұрса қалай), кілттер қайда тұрды; олар тұрған жер туралы кім біледі, үйде ешкімнің жоқ екенін кім біледі; ұрланған заттарға кім қызығушылық білдірді; жәбірленушілер ұрлық жасады деп кімді ойлайды. Жәбірленушіден жауап алу кезінде жоғалған заттарды отбасы мүшелерінің бірі немесе оның қайда тұрғанын білетін және пәтерге кіре алатындардың біреуі алды ма деген негіз жоқ па екенін анықтау керек.

Мемлекеттік және қоғамдық мүлікті ұрлау істері бойынша материалды жауапты тұлғалардан (дүкеннің қойманың базаның меңгерушісі, сатушылар), сонымен қатар ұрлық жасалынған объектіні күзеткен адамдардан жауап алынады. Материалды жауапты тұлғалардан ұрлық болғаны қашан анықталды, оны кім және қалай анықтағаны; нақты қандай құндылықтар ұрланған, олардың құны және ерекше белгілері; құндылықтар қай

жерде сақталынған және оның орналасқан жері туралы кім білгені; объект күзетілді ме, егер күзетілсе қалай; полиция келгенге дейін объектіге өзгерістер енгізілген жоқ па; объектіні сұрастырған немесе ұрлық болғанға дейін, ұрлық болған кезде жанында адамдардың болған болмағанын; жұмыс режимі және одан ауытқушылықтардың болғанын; бұрын ұрлық немесе ұрлыққа оқталу болған болмағаны анықталып сұралады.

Ұрлықты өз көзімен көргендерден өздері куә болған мән-жайлар және ұрлықты ашу үшін маңызы бар мән-жайлар бойынша жауап алынады. Әсіресе, сезіктінің көзге түсетін белгілерін және олардың болуы мүмкін жерлерін анықтауға ерекше көңіл бөлінеді. Ұрланған заттарды сатып алушылардан қай кезде және қандай жағдайларда келісім жүргізілгендігі, ұрланған заттарды сатқан тұлғалардың ерекше белгілері туралы, олардың болуы мүмкін жерлері туралы жауап алынады.

Сезіктілерді анықтаған және ұстаған жағдайда бірден жеке тінту жүргізіледі, сонымен қатар, тұрғылықты және жұмыс орны бойынша тінту жүргізіледі. Оның мақсаты – ұрланған заттарды, бұзу құралдарын және ұрлық жасауды жеңілдететін құрал-жабдықтарды; ұрлықты жасағанын көрсететін құжаттарды (тауарға жабыстырылатын қағазды, этикеткаларын, пасторттарын) немесе оларды комиссиялық дүкенге тапсырғандығын көрсететін құжаттарды (квитанция) табу.

Сезіктіден жауап алу ол ұсталғаннан кейін және ұстау негізін тексеретін және ұрлыққа қатыстылығын көрсететін жағдайларды анықтауға мүмкіндік беретін тінтуден кейін жүргізіледі. Шынайы көрсетпелер алынған жағдайда тергеуші мойындалған фактілер мен жағдайлардың шынайылығын нақтылайтын мән-жайларға көңіл бөлуі қажет. Ұсталған адам оларды басқа қылмыстарға қатысу фактісін жасыру мақсатында мойындауы мүмкін.

Егер сезікті өзінің ұрлыққа қатыстылығын мойындамаса, онда одан ұрлық жасалған уақытта қайда болғандығы, оған тиесілі емес заттар қайдан келгендігі, ол өзінің осы қылмысқа қатыстылығын көрсететін дәлелдемелерді қалай түсіндіретіндігі анықталады. Сезіктіні ұрлық үстінде ұстаған кезде жауап алу одан ұрланған заттардың одан табылғандығының фактісі маңызы жойылмайтындай етіп жүргізілуі керек. Егер сезікті бұл заттарды тауып алдым, жалақы ретінде төленді, сыйлық ретінде алдым және т.б. деп айтса, оның көрсетпелері мұқият тексеріледі, ал нәтижелері кейін сезіктіні қылмыс жасағанында әшкерелеу үшін қолданылады.

Кейбір тергеу ситуацияларында ұрлық істері бойынша алғашқы тергеу әркеті ретінде танытуға көрсету жүргізіледі.

Ұрлық істері бойынша кейінгі тергеу әрекеттеріне айыпталушыдан жауап алу, беттестіру, тергеу эксперименті, танытуға көрсету, сараптама тағайындау және жүргізу, көрсетпені оқиға болған жерде тексеру жатады.

Ұрлық істері бойынша айыпталушыдан жауап алу кезінде қолданылатын тактикалық әдіс-тәсілдер сезіктіден жауап алу кезіндегі тактикалық әдістермен бірдей болып келеді. Айып тағу кезінде тергеу жүргізушіде айыпталушының қылмысқа кінәлілігін дәлелдейтін дәлелдемелердің қажетті көлемі жиналады.

Беттестіру айыпталушының, жәбірленушінің, куәгердің көрсетпелерінде қарама-қайшылықтар болған жағдайда және оларды жою қажеттілігі туындағанда жүргізіледі. Ұрлық істері бойынша жүргізілетін беттестірудің тактикалық әдістері мен тәсілдері басқа қылмыстық істер бойынша қолданылатын тактикалық әдіс-тәсілдерге ұқсас.

Тергеу эксперименті ұрлықты жалған ұйымдастыруды ашу мақсатында, сонымен қатар, куәлардың көрсетпелерінің дұрыстығын тексеру үшін жүргізіледі. Ұрлық істері бойынша эксперимент есту, көру және істің өзге де жағдайларды анықтау үшін жүргізіледі.

Қарастырылып отырған қылмыстық істер бойынша сонымен қатар сараптамалардың түрлері жүргізілуі мүмкін: трасологиялық – табылған іздер бойынша бұзудың әдісін анықтау мақсатымен, қолданылған техникалық құралдардың түрін анықтау үшін, ұрлық кезінде қолданылған көліктің, аяқ киімнің іздері бойынша идентификация жүргізу үшін;

дактилоскопиялық – оқиға болған жерде табылған алақан және саусақ іздерін оларды қалдырған тұлғалармен идентификациялау мақсатымен; қолжазбатану – жазба құжаттарды зерттеу үшін. Аталғандардан басқа тауартану сараптамасы – сезіктіден табылған заттар мен ұрланған заттардың бір топқа жататындығын, сонымен қатар, тауардың сортын, бағасын, артикулын анықтау туралы сұрақтарды шешу үшін. Заттай дәлелдемелердің сот-медициналық сараптамасы оқиға болған жерде қалдырылған қан, сілекей іздері бойынша қылмыскерді анықтау мақсатында тағайындалады. Бұл категория істері бойынша материал мен заттарды зерттеу сараптамасы заттардың химиялық құрамы бойынша олардың бір топтылығын, сонымен қатар, арнайы химиялық заттарды, соның ішінде люминофорларды анықтау үшін тағайындалуы мүмкін.

Тергеудің алғашқы кезеңінде тергеу әрекеттерімен қатар басқа ұйымдастырушылық тәртіптегі шаралар жүргізіледі. Олардың ішінде ұрлық істерін тергеу кезінде инвентаризация мен ревизия (аудит) ерекше орын алады. Инвентаризацияны жүргізудің мақсаты – объектіде қалған материалдық құндылықтардың барлығын бекітіп, оларды мүдделі тұлғалардың жоғалтып, жойып жіберуіне жол бермеу. Ревизияның көмегімен тауар-материалды құндылықтардың жеткіліксіздігінің фактісі, есептеу және есеп беру тәртібінің бұзылғандығы, мемлекеттік және қоғамдық мүлікті сақтау мен пайдаланудың ережелерінен тыс кетулері анықталады.

Тонау мен қарақшылықты тергеу

**Тонау** – бұл бөтен мүлікті ашық ұрлау, яғни осы мүлікті иемденуші тұлғалардың және басқа азаматтардың көзінше ұрлау. Мүлік иелері және басқа тұлғалардың қатысуын ұрлаушы түсінеді, бірақ саналы түрде ескермейді.

Қарақшылық – бұл бөтен мүлікті ұрлау мақсатында шабуыл жасауға ұшыраған адамның өмірі мен денсаулығына қауіпті күш көрсетумен немесе тікелей осындай күш қолданамын деп қорқытумен ұштасқан шабуыл жасау.

Тонау мен қарақшылық шабуылды жасау кезінде қылмыстық қол сұғушылықтың тікелей объектісі болып мемлекеттік, қоғамдық және азаматтардың жеке және өзіндік меншігі болып табылады. Белгілі бір көлемде заттардың бірлігі (мүлік) осы қылмыстардың жасалу әдістері мен оларды тергеу әдістемесінің ұқсастықтарын көрсетеді.

Алдын ала дайындық жұмыстарын жүргізу аталған қылмыстардың көбісіне тән қасиет. Қылмыскерлер алдын ала қылмыс жасау орнын (дүкен, қойма, пәтер) немесе шабуыл жасауға ниеттенген тұлғаны белгілейді (инкассатор, сатушы, күзетші), қылмыс жасауға қажетті құралдарды дайындайды (бұзу құралдарын, атыс немесе суық қаруларды), көлік құралдарын дайындайды, өзара рөлдерді бөледі, ұрланған заттарды жасыру мен өткізу жерлерін іздестіреді.

Тонау және қарақшылық шабуылдар, тәжірибе көрсеткендей, көбінесе екі-үш немесе төрт адамнан тұратын топпен жасалады. Бұл топтар тұрақты болып келеді және олармен бірнеше қылмыстар жасалады. Топты бұрын сотталған трасологияның, дактилоскопияның, баллистиканың мүмкіндіктерін, ауызша суреттеудің маңызын білетін қылмыскерлер басқарады. Қылмыскерлердің көп жағдайларда қылмыс жасау кезінде беттеріне жәбірленушілер мен өз көзімен көрген-қуәлармен шабуыл жасаушылардың сыртқы белгілерін анықтап көруге кедергі келтіретін маскілерді киіп (шүберек, беторамал, көзге арналған тесігі бар шұлықтар), қылмыс жасаған орнында саусақ іздерін қалдыру мүмкіндігін болғызбайтын қолғаптарды пайдалануы, қылмыс жасағандарын әшкерелейтін заттай дәлелдемелерді табуды қиындататын арнайы қару-жарақтарды немесе ұрланған заттарды сақтайтын жабдықтарды дайындауы осымен түсіндіріледі.

Дүкен, банк қызметкерлеріне, инкассаторларға шабуыл жасауға мұқият дайындалады: қылмыскерлер өнеркәсіптің, мекеменің, ұйымның жұмыс режимін, инкассаторлардың, кассирдің, банкке ақшаны жеке өзі өткізетін сауда орындары қызметкерлерінің қозғалыс маршрутын байқап зерттейді. Қажетті мәліметтерді алғаннан кейін олар шабуыл жасау орны мен уақытын, топтың құрамын анықтайды, көлік құралдары мен қару-жарақтарын дайындайды, қылмыс жасағаннан кейінгі кету жолдарын

ойластырады, ұрланған заттарды жасыру үшін орын дайындайды. Мұндай қылмыстар күндізгі уақытта немесе электрлік жағынан жақсы жарықтанған жерлерде (адамдар көп жүретін көшелерде, ғимараттарда) жиі жасалатындықтан, оларды тануға қиындық туғызатын жағдайлар жасауға ерекше көңіл бөлінеді.

Алдын ала егжей-тегжейлі дайындығы жоқ тонау мен қарақшылық қылмыстары жиі кездеседі. Оларға қылмыстық қол сұғушылық үшін алдын ала белгіленген объектінің болмауы тән болып табылады.

Қылмыскерлердің жеке басына сипаттама беретін болсақ, олардың типтік психологиялық портреті – жұмыс жасамайтын, аморальды өмір сүретін, жүйелі түрде алкоголь, есірткі заттарды қолданатын ер адамдар жатады. Олардың басым көпшілігі бұрын осындай қылмыстар үшін сотталған болып келеді. Қылмыскерлер әр уақытта тонау және қарақшылық шабуылдарын кенеттен жасауға талпынады. Пәтер тұрғындарына немесе күзетшілерге шабуыл жасауда олар үй-жайға кедергісіз кіру мақсатымен өздерін жеке меншік пәтерлер кооперативтердің (КСК), газ қызметкерлері, энергия жабдықтау, полиция, өртпен сақтандыру қызметінің өкілі ретінде, жәбірленушінің отбасы мүшесі жұмыс істейтін өнеркәсіптің өкілі ретінде атайды. Егер қылмыс ашық жерлерде жасалынса, шабуыл кенеттен артқы жағынан немесе торуылдан (құрылыстың бұрышынан, бұталардан немесе жекелей тұрған ағаштардан) жасалады. Жәбірленушімен оның күдігін тудырмай қасына келу үшін қылмыскерлер арақашықтықтан шылым тұтатып алуға, жолды көрсетіп жіберуді немесе өзге де назарын аударатын сұрақтарды қояды. Әңгіме басталып кеткен уақытта олар жәбірленушіге жақындаса, шабуыл жасайды.

Тонау мен қарақшылық шабуылдың құрбандары болып көбінесе әйелдер немесе мас күйінде болып қарсылық көрсете алмайтын ер адамдар болады.

Тонау мен қарақшылық шабуылдарда әдетте теріден жасалған бұйымдар, бағалы заттар, ақша, хрусталь, суреттер, антиквариатты бұйымдар, тұрмыстық техника және жоғары сұраныстағы заттар мен құндылықтар ұрланады.

Тергеудің алғашқы кезеңіндегі тергеу ситуациясы тергеуші іс-әрекетінің алгоритмін анықтайды.

Тонау мен қарақшылық шабуылдарын тергеудің алғашқы кезеңіндегі типтік тергеу ситуацияларына келесілер жатады:

- тонауды немесе қарақшылық шабуылды жасаған тұлға қылмыс үстінде немесе оны жасағаннан кейін бірден ұсталса;
- тергеушіде қылмыстық жазаланатын іс-әрекетті жасаған тұлға жөнінде жеткілікті мәліметтер бар, бірақ ол әлі ұсталынбаса;
- қылмыс жасаған тұлға жөнінде мәліметтер болмаса.

Егер тонау мен қарақшылық шабуылы туралы хабар жәбірленушіден тез арада түссе, тергеу әрекеттерінің тәртібі келесідей болу керек: суымаған іздері бойынша сезіктіні ұстау (ізін суытпай сезіктіні ұстау), жәбірленушіден жауап алу, танытуға көрсету, жәбірленушіні және сезіктіні куәландыру, оқиға болған жерді қарау.

Жәбірленуші мен өз көзімен көрген-куәлардан жауап алу кезінде шабуылдың жағдайлары, қылмыскердің ерекше белгілері, сонымен қатар, ұрланған заттардың белгілері мен бағасы анықталады.

Егер қылмыстық іс қылмыстың жасалу фактісі бойынша қозғалып жатса, онда тергеу әдетте, жәбірленушіден жауап алудан, оқиға болған жерді қараудан, киімді қарау және жәбірленушіні куәландырудан, жәбірленушіге сот-медициналық сараптама тағайындаудан, өз көзімен көрген-куәгерлерден жауап алудан басталады.

Жәбірленушіден жауап алу кезінде тонау мен қарақшылық шабуыл ол үшін әр уақытта кенеттен болған жағдай екенін ескеру керек. Қарсы алдынан қылмыскерді, әсіресе қаруланған қылмыскерді көргенде, жәбірленуші сасқалақтап қалады. Кейбір жәбірленушілер қорқыныш сезімінен белгілі бір уақытқа есінен танып қалады, ал есін жинап бұл жағдайда не істеу керектігін: көмекке шақыру керек пе, қарсылық көрсету керек пе, қылмыскерге затты ешбір қарсылықсыз беру керек пе, әлде қашу керек пе

екендігін ойлағанша біраз уақыт өтеді, яғни бұл уақыт қылмыскердің қажетті құндылықтарды алып жасырынуына жеткілікті болып табылады

Көп жағдайларда жәбірленуші оған шабуыл жасалғандығы туралы бірден хабарлайды. Сондықтан бірінші жауап алу кезінде жәбірленуші өзіне өзі келе алмайды: жылайды, қылмыскердің бетпақтығына ашуланады, қорқыныш сезімінде болады, ұрланған құндылықтардың жоғалғанына көне алмайды, алынған дене жарақаттарынан ауырсынады. Осы психологиялық жағдайды ескере отырып, жәбірленушіні жауап алар алдында жұбату керек, оған қауіптің өткендігін және барлық көңілін болған мән-жайды, әсіресе қылмыскерді іздеу мен әшкерелеуге маңызы бар мән жайларға баса назар аударып есіне түсіру керектігін түсіндіру керек.

Жәбірленуші өзіне келгеннен кейін мыналар анықталады: тонау немесе қарақшылық шабуыл қай уақытта және қай жерде (қала, ауыл, көше) жасалды; қандай жағдайлармен жәбірленуші ол жерде жүрген және қай жерде шабуылға ұшырады; қандай жағдайда ол қылмыскерді көрді, оның артынан біреудің аңдып келе жатқандығын байқамады ма; қылмыскердің іс-әрекеті қандай болды, құнды заттарды беруді талап етті ме, әлде жұлып алды ма, егер қылмыскерлер бірнешеу болса, онда олардың арасында қандай әңгіме болды, олар бір-бірін аты-жөндері бойынша немесе лағап аттары аталған жоқ па, қандай заттармен қорқытты, бұл заттардың белгілері; қандай заттар ұрланды, олардың жекелеген белгілері немесе заводтың нөмері. Ұрланған заттар жасалынған материалдар жәбірленушіде сақталынып қалды ма немесе бұл заттардың қандай да бір бөлшектері (сағаттың бауы, жұлып алып кеткен сумканың бауы, сыртқы киім матасының бөліктері) қалғандығы анықтау өте маңызды болып табылады. Ұрланған заттардың бағасы (құны) анықталады.

Қылмыскердің белгілерін жәбірленушіден мұқият түрде анықтау керек (сыртқы бет-келбетінің ерекшелігі, киімі, жүрісі, жекелеген сөздерді айту ерекшеліктері).

Киімді қарау мен жәбірленушіні куәландыру. Тонау мен қарақшылық шабуылдары кезінде жәбірленуші мен қылмыскер арасында төбелес болуы мүмкін. Төбелес нәтижесінде қылмыскер киімінің талшықтары жәбірленушінің киімінде немесе керісінше қалуы мүмкін. Олардың табылуы қылмыскерді әшкерелеуде маңызды рөл атқаруы мүмкін, сондықтан жәбірленушінің киімін мүмкіндігінше тезірек қарауға жіберу керек.

Киімді қарау кезінде денеге келтірілген жарақат құралдарының түрін анықтау мәселесі де кіреді. Келтірілген жарақаттан қалған іздің формасы арқылы қылмыскердің немен қаруланғанын анықтауға болады (пышақпен, үш жүзді үшкір қайрағышпен, тескішпен).

Кейде жәбірленуші киімін қарау кезінде қылмыскердің төбелес нәтижесінде алған жарақат іздерін, яғни қан іздерін табуға болады. Көрінбейтін қан іздерін табу үшін ультракүлгін жарықтану қолданылады.

Егер жәбірленуші соққыға ұшыраған болса, онда ҚІЖК-ң баптарына сәйкес куәландыру жүргізіледі. Куәландыру кезінде жарақат сипаты міндетті түрде іске тіркеліп, масштабты фотосуретке түсіру ережесі арқылы суретке түсіріледі. Егер куәландыру барысында жәбірленуші денесінен қан іздері немесе өзге де микроіздер табылса, олар тампондардың көмегімен алынып, сараптамаға жіберіледі.

Жәбірленушіден жауап алынғаннан соң, ал кей жағдайларда оған дейін оқиға болған жерді қарау жүргізіледі. Оны жүргізу тактикасы көбінесе ұрлық істері бойынша жүргізілетін оқиға болған жерді қарау тактикасына ұқсас болып келеді. Ал негізгі ерекшелігіне келсек, тонау мен қарақшылық шабуылдарында оқиғаны өз көзімен көруші – жәбірленуші болып келеді және оған орта, ауыр дәрежедегі дене жарақаттары келтірілмесе қарауды оның қатысуымен жүргізген жөн. Жәбірленушінің оқиға болған жерде көрсетпелер беруі іздеу жұмыстарын, яғни оқтарды, гильзаларды, қылмыскердің қолы мен аяқ киімінің іздерін, оның түсіріп алған жеке заттарын (пышақ, қолғап, бас киім), жәбірленушіден ұрлап лақтырылған заттарды (сөмке, кошелек, олардың ішіндегі заттар) табуды жеңілдетеді. Төбелес болған жер аса мұқият қаралуы тиіс. Мұнда көбінесе



шарфтар, үзіліп қалған түймелер, бас киімдер, басқа да дәлелдемелік маңызы бар заттар табылуы мүмкін.

Тонау мен қарақшылық шабуыл істері бойынша тергеу қарауына жәбірленуші мен өз көзімен көрген куәларды қатыстырған жөн. Бұл тұлғалардың қатысуы тергеу жүргізушіге шабуыл болған жерді дұрыс анықтауда, қылмыс іздерін іздеу жұмыстарын жеңілдетуде, хаттамада немесе өзге де құжаттарда бекітуде көмегін тигізеді. Ал егер де тонау мен қарақшылық қылмыстарын жалған ұйымдастырған деген негіздер болса, жәбірленушіні қарау тергеу әрекетіне қатыстырмаған жөн, өйткені ол қараудың мән-жайларымен танысып, оларды өз мүддесіне қарай пайдалануы мүмкін.

Оқиға болған жерді қарау тергеу әрекетін кейінге қалдырылмай, тез арада жүргізу қажеттілігіне қарамастан, оны бастамас бұрын жәбірленуші денесіне келтірілген жарақаттың сипаты мен төбелес іздері туралы, киімі мен аяқ киімінің жағдайы мен іздері туралы мәліметтер алған жөн болып табылады.

Тергеуші қарау барысында қылмыс жағдайларын анықтау үшін маңызы бар іздер мен заттарды бекітеді және алады, жеке өзі немесе мамандардың көмегімен ғылыми-техникалық құрал-жабдықтарды қолданады, қарауға қатысушы тұлғалардың іс-әрекеттерін ұйымдастырады, қарау кезінде табылған іздер мен заттарға куәгерлердің назарын аударады, қылмыскерлерді анықтау мен іздестіру шараларын жүргізу үшін маңызы бар мәліметтерді қылмыстық іздестіру қызметкерлеріне хабарлайды.

Қылмыстық іздестіру қызметінің жедел-іздестіру қызметкері суымаған іздер бойынша қылмыстық элементтерді іздестіруді жүзеге асырады, тонау мен қарақшылық шабуылды өз көзімен көргендерді және қылмыстың жасалу жағдайлары туралы білетін куәларды анықтайды. Учаскелік инспектормен бірге қылмысты ашу мақсатында осы ауданда тұратын немесе жұмыс жасайтын полицияның штаттан тыс қызметкерлерінің көмегін қолдану арқылы шараларды қабылдайды. Осы мақсатпен жақын тұрған үйлердің тұрғындарынан және басқа да азаматтардан сұрау жүргізіп, қылмыскерлердің қашуы мүмкін жолдарға кедергілер қою мен ұстау шараларын ұйымдастырады. Қылмыскерлерге іздеу салу мен жасырынуы мүмкін жерлерді: үйлердің шатырларын, подвалдарды, қораларды, қоймаларды, ашық жерлерді зерттеп, ұрланған заттарды өткізуі мүмкін жерлерге бақылау қояды.

Қылмыстық іздестіру қызметкері жедел-іздестіру тіркеулерінің көмегімен бұрын осыған ұқсас қылмыстарды жасаған тұлғаларды анықтап, олардың осы қылмысқа қатыстылығы бар-жоғын тексереді. Егер ұрланған заттарды тығып қойған жерлер анықталса, осы жерлерге бақылау қойылады. Қарау барысында және ол аяқталысымен жедел-іздестіру қызметкері ішкі істер органдарының кезекші бөлімімен байланысып, олар арқылы патруль және жолға бақылау жүргізетін пост инспекторларына, жол полиция қызметкерлеріне, тәртіп сақтау пунктеріне қылмыс жасауда сезікті тұлғаларды анықтау және ұстау үшін қарау кезінде алынған мәліметтерді жібереді. Жедел-іздестіру қызметкері өз тарапынан жедел-іздестіру шараларын жүргізу нәтижесінде алынған мәліметтерді тергеушіге дер кезінде хабарлауға, оқиға болған жерді қарауда көмек көрсетуге, тергеушінің тапсырмаларын орындауға міндетті.

Қылмыскерді ұстау және жеке тінту. Тонау немесе қарақшылық шабуылдарын жасаған тұлғалар анықталса, оларды ұстау тез арада жүзеге асырылады. Мұндай қылмыстарды жасайтын қылмыскерлер көбінесе, қаруланған болатынын ескеру керек. Сондықтан мүмкіндігінше ұстауды полиция қызметкерлерінің жүргізгені жөн. Қаруланған қылмыскерлерді ұстауда кинологтардың қатысуының да маңызы зор.

Ұсталғандарға тез арада жеке тінту жүргізіледі. Тінту кезінде қарулар мен оның макеттері жәбірленушіні қорқыту үшін немесе оны ұрып соғу үшін қолданылуы мүмкін өзге де заттар алынады. Сонымен қатар, тінту кезінде жәбірленушіден ұрланған заттар немесе бағалы заттар (сағат, ақша, құжаттар, кошелектер, қолғаптар, шарфтар және т.б.), шабуыл жасалған немесе жаңа қылмыстың дайындалып жатқанын көрсететін ғимарат, үй-жайдың немесе жолдардың жобалары, жеке құжаттар алынады. Қылмыскерлер жеке

басын анықтауды қиындату мақсатында немесе жалған құжаттардан құтылу үшін тінту алдында оларды лақтырып тастауға тырысады.

Жеке тінтуден соң сезіктінің киімін қарау жүргізіледі. Мұнда жәбірленуші киімінің микроталшықтары ізделініп, төбелестің іздері тіркелінеді: киім бөлшектері мен үзілген түймелер, толығымен немесе жартылай жұлынған қалталар, жағалар, пальто мен пиджактардың хлястиктері, борттары. Киімнен оқиға болған жердің топырақ бөлшектері (грунт) немесе жәбірленуші киімінің микроталшықтары табылуы мүмкін.

Егер сезікті қылмыс жасалғаннан кейін ұсталса, киімін қараудан кейін куәландырудан өтуі керек. Куәландыру кезінде тырнақтың астындағы микрозаттарға, денесінде және қолдарындағы тырнақтың, тістің іздеріне көңіл бөлу қажет. Қажетті жағдайларда сезіктіні куәландырудан кейін сот-медицина сараптамасына жібереді.

Сезікті мен айыпталушыдан жауап алу. Қылмыскерлер тонау мен қарақшылық шабуылын жасамас бұрын алдын-ала алибиін дайындайды: кино немесе өзге де көрініс мекемелеріне билет сатып алады немесе жұмыс уақыты кезінде жұмыс орнын қалдырып қылмыс жасаған кездер де кездеседі. Кейде қылмыскерлер туысқандарымен, таныстарымен, басқа қылмысқа бірге қатысушылармен шабуыл жасаған кезде басқа жерде болған деп көрсетпе беру туралы алдын-ала келісім жасайды. Осындай қылмыскерлер тарапынан жалған жолға түсіру үшін жасалатын әрекеттері сезіктіні әшкерелеуге қиындық туғызады. Сондықтан жауап алуға дайындықты егжей-тегжейлі дайындауды талап етеді.

Сезіктіден жауап алуды қылмыс жасаған кезде қайда болғанын анықтаудан бастау керек. Егер сезікті өзінің болған жерін, көрген, сол кезде араласқан адамдарын атап көрсетсе, олардың алдын ала келісіп айқындап алулары мүмкін емес детальдарға көңіл бөлу керек. Мысалы, кездесу нақты қай жерде болды, кездесудің қандай себебі болды, тағы да кім болды, кездесу жерінің жағдайы, кім қандай орындықта отырды, не жөнінде әңгіме айтылды және т.б. Сезіктінің көрсетпелері толығымен тексеріледі.

Егер айыпталушы тонау мен қарақшылық шабуыл жасағанын мойындаса, жауап алу кезінде қылмыстың барлық жағдайлары толығымен, соның ішінде қылмысты алдын алу шараларын ұйымдастыруға қатысты жағдайлар да анықталады.

Кінәсін мойындап отырған сезіктінің (айыпталушының) көрсетпесін оқиға болған жерде тексерген жөн болып табылады. Мұнда көрсетпесі тексерілетін тұлғаның түсініктемесін бейнетаспаға бекіту керек.

Қол іздерін оқиға болған жерде табылған заттардан ғана іздемей, жәбірленушіден тонау мен қарақшылық шабуыл нәтижесінде алынған заттардан және сезіктіні, айыпталушыны тінту кезінде табылған заттардан да іздеу керек.

Қарақшылық шабуыл атыс қаруын қолданып жасалған жағдайда оны қолдану іздерін, гильза мен оқты табу маңызды мәселелердің біріне жатады.

Объектілерден табылған иіс іздерін (қылмыскермен қалдырылған киім, қолданған немесе қолында ұстаған заттар) сақтау үшін оларды арнайы герметикалық жабылатын құбырларға немесе альминий фольгаларға салады. Кейін оларды қылмыскерлерді суымаған іздері бойынша іздестіруде немесе қызметтік-іздеу салу итінің көмегімен анықтауда қолданады.

Осы қылмыстар бойынша заттай дәлелдемелердің көптілігі тағайындалатын сот сараптамалардың ерекшелігін анықтайды.

Криминалистік сараптамалардың ішінен көп жүргізілетінтердің қатарына: баллистикалық – қарудың түрін, жүйесін, калибрін анықтау үшін, оның атуға жарамдылығын, жүзеге асырылған атудың бағытын және ара қашықтығын, атыс қаруын идентификациялау үшін; суық қаруына жүргізілетін сараптама; трасологиялық – аяқ киімнің, көліктің іздерін зерттеу үшін, бүгінді бөлшек арқылы анықтау үшін; дактилоскопиялық.

Сот сараптамасының өзге түрлерінің ішінен көбінесе наркологиялық, сот-медициналық – дене жарақатының сипаты мен ауырлығын, келтіру уақытын және жарақат салған құралдың түрін, келтірілген жарақаттың кіру және шығу жерлерін, жарақаттың

пайда болу механизмін анықтау үшін тағайындалатын сараптамалар жүргізіледі. Сонымен қатар, заттай дәлелдемелердің (қан, шаш, сілекей) сот-медициналық сараптамасы, химиялық, товароведтік және айыпталушының есі дұрыстығы туралы сұрақты шешетін сот-психиатриялық сараптамалар тағайындалады.

**Қолданылатын әдебиеттер:**

1. Васильев А. Н. Проблемы методики расследования отдельных видов преступлений. М., 1976.
2. Колесниченко А. Н. Общие положения методики расследования отдельных видов преступлений. Харьков., 1965.
3. Корухов Ю. Т. Трасологическая диагностика. М., 1983.
4. Сидоров В. Е. Начальный этап расследования. М., 1992.
5. Федоров Ю. Ф. Расследование карманных краж. Ташкент., 1976.
6. Гелманов А. Г., Кузнецов А. А., Мазунин Я. М. Особенности расследования грабежей и разбойных
7. Жәкішев Е. Г. и др. Криминалистика КазНУ 2005
8. Еркенов С. Е., Султанов С. И. Тергеу әрекеттерінің тактикасы. Данекер 2002
9. Яни П. С. Экономические и служебные преступления М., 1997
10. Взаимодействие следователя и эксперта криминалиста при производстве следственных действия. / Под ред. И. Н. Кожевникова, М., 1995.
11. Ларичев В. Д. Преступления в кредитно – денежной сфере и противодействия им. Москва. 1996
12. Воронцов М. С. Экономические преступления в банковской сфере. М., 1997г.
13. Пешков А. И. Оперативно-розыскные меры аппаратов по экономическим преступлениям в банковской системе. М., 1996.
14. Тленчиева Г. Д. Проблемы борьбы с экономической преступностью. Алматы, 1996.
15. Жәкішев Е. Г. и др. Криминалистика КазНУ 2005
16. Вермуж Г. Л. Аферы с фальшивыми деньгами. М., 1991
17. Галлиев С. Ж., Санарин О. Е. Комментарий к Закону РК «Об оперативно-розыскной деятельности» Алматы., 1998.
18. Дементьева Е. Актуальные проблемы борьбы с экономической преступностью. М., 1998.
19. Ларьков А. Правонарушения в отдельных сферах экономики и методы их установления. М., 1992.
20. Потряси С. Ю. Криминалистическое исследование поддельных бумажных денег. Автореферат, М., 1998.
21. Поврезнюк Г. И. Судебная экспертиза. Алматы, 1992.
22. Рогов И. И. Проблемы борьбы с экономической преступностью, Дисс. На соискание ученой степени. Алматы, 1990.
23. Солопанов Ю. В. Ответственность за фальшивомонетничество. М., 1963

**14 ДӘРІС. ҚОРҚЫТП АЛУШЫЛЫҚ ҚЫЛМЫСТАРЫН ТЕРГЕУ (1 САҒАТ)**

**Түйінді сөздер:** Қорқытып алушылық қылмыстарының криминалистік сипаттамасы, дәлелдеу пәні, типтік тергеу ситуациялары, болжаулар, қылмыскердің, жәбірленушінің жеке басы, қылмыс жасау әдістері, материалды жағдайлар, қылмыс жасау механизмі, тергеудің алғашқы және кейінгі кезеңдері, тергеу әрекеттерінің тактикасы.

**Сұрақтар:**

Қорқытып алушылық қылмыстарының криминалистік сипаттамасы. Тергеу болжаулары және тергеуді жоспарлау. Қылмыстық істі қозғау сатысындағы тергеушінің әрекеті. Алғашқы тергеу әрекеттері және тергеу ситуациясына байланысты орындалатын жедел-іздістіру шаралары. Оқиға болған жерді қарау. Жәбірленушіден жауап алу. Аталған категориялардағы іс бойынша тағайындалатын сот сараптама түрлерін анықтау. Сезікті

адамнан жауап алу, оны куаландыру, үйіне тінту жүргізу. Тергеудің соңғы кезеңінің ерекшеліктері.

**Қорқытып алушылық**, яғни бөтен мүлікті немесе мүлікке құқықты беруді немесе қолданумен не бөтен мүлікті жоюмен немесе бүлдірумен қорқыту арқылы мүліктік сипаттағы басқа да іс-әрекеттерді жасауды талап ету, сол сияқты жәбірленушіні немесе оның туыстарын масқаралайтын мәліметтерді тартумен не жәбірленушінің немесе оның жақындарының мүддетеріне елеулі зиян келтіруі мүмкін өзге де мәліметтерді (ҚР-ның ҚК-ң 181-бап).

Қорқытып алушылық қылмыстарының басты элементтерінің біріне қылмыс жасаудың әдіс-тәсілдері жатады. Әдетте қорқытып алу қылмыстары-қылмысқа дайындалуға, қылмыстық ойды жүзеге асыруға және қылмыстың ізін жасыруға бағытталған іс-әрекеттер жиынтығынан тұрады. Қорқытып алуға дайындық кәсіпорынның қызметі (кооперативтік, арендалық және т.б.) және жоғары табыс табатын адамдар жөнінде мәліметтер алудан көрінеді. Қорқытып алушыларды бұл тұлғалардың: табыс көлемі, тұрмыс-тіршіліктері, олардың қолма-қол ақшалары мен құнды мүліктері, жеке өмірінің жағдайлары және мінез-құлық ерекшеліктері қызықтырады.

Қылмыскерлер қорқытып алушылық қылмыстарына дайындық кезінде атыс және суық қару-жарақтарын иемденеді, қару макеттерін (үлгілерін) жасайды, көлік құралдарын қарастырады және т.б. Қорқытып алу кезіндегі бір нәрсені талап ету жолдары авторы көрсетілмеген хаттармен, байланыс жүйелерімен, тікелей қатынаспен, сондай-ақ үшінші жақтың қатысуымен (делдалдардың).

Қорқытушылар келесідей тәсілдер қолдана отырып талап ету хатын; қол жазуын өзгерту, өзіне тиесілі емес басу машинкасында жазу, керекті әріптер мен сөздерді газет, журналдардан қиып алып құрастыру арқылы орындайды. Телефон жүйесімен сөйлесу кезінде дауыс ырғақтарын, интонациясын өзгертіп, сондай-ақ басқа ұлттардың дауысына ұқсастыра акцент келтіру арқылы қорқытып талап етеді.

Көбінесе қылмыскерлер талап еткен затты алудың уақытын, жерін, әдісін өздері белгілейді..

Қорқытып алу кезінде қажетті ізднр өте аз қалдырылатындықтан, қылмысты тергеу қиынға түседі. Қылмыскерді қылмыс үстінде қорқытып алу затымен ұсталудың тәжірибеде маңызы өте зор. Епті жүргізілген ұстау әрекеті көбінде тергеу нәтижелілігін алдын-ала қамтиды.

Қорқытып алушының жеке басы сараңдық, өзімшілдік, қатыгездік, азғындық пен шектен шыққандық қасиеттерімен сипатталады. Басым көпшілік жағдайда қорқытып алу қылмыстары ер адамдармен жасалады. Ал, әйел адамдары тек топ құрамына кіру арқылы қылмыс жасауға қатысады. Әдетте қорқытып алу қылмысын көбінесе 16-35 жас аралығындағы бұрын сотталған қылмыскерлер жасайды.

Қылмыс жасау әдісі мен ұйымдасқан топ құру дәрежесіне байланысты қорқытып алушыларды үш топқа бөліп көрсетуге болады.

1. Жәй қорқытып алу, қандай-да бір дайындықты қажет етпей жеке ересек адамдармен немесе жасөспірімдермен (жасөспірімдер тобымен) жүзеге асырылады. Қылмыскерлер көбінде кездейсоқ адамдардың мүлкін қорқытып алу үшін қолайлы жағдайды пайдалана отырып талап етеді. Бұл ситуациялық қылмыстар қорқытудың негізгі түрі денеге жарақат салу мен зорлық-зомбылық жасау қаупін төндіру арқылы жасалады. Егер қылмыс жасөспірімдердің тобымен жасалса, ұйымдасқан топтың белгілі бір элементтері болады.

2. Қорқытып алу, ұйымдасу деңгейі төмен немесе ұйымдасқан топ құру белгілері жоқ ересек адамдар тобымен жасалатын қылмыстар. Бұндай топтар бір немесе бірнеше қылмыс жасау үшін құрылып, қылмыс соңында тарқап кетеді. Бұл қорқытып талап ету әдісі дайындық кезеңінен, яғни қол сұғу объектісімен қолайлы жағдайды таңдаудан тұрады. Мүлікті беруді талап ету кезінде көбінесе өлтіру немесе денеге ауыр жарақат салу қаупін төндіру арқылы қорқытып жасалады. Тәжірибеді құрбанды қинау

және азаптау жағдайлары кездеседі. Қорқытып алуда көбінесе көп көлемде ақша соммаларын немесе құнды заттарды, ал кей жағдайда белгілі бір ақша соммасын жүйілі түрде беруді талап етеді.

3. Қорқытып алу, бірігіп ұйымбасқан топпен жасалып, рәкет атауымен аталатын қылмыс. Бұл қорқытып алу қылмыстарының ішіндегі баю мақсатымен қылмыстық кәсіпшілікті көздейтін ең ауыр түрі. Бұндай топтарға жоғарғы дәрежеде қылмыстық ұйымдасқандығы: қатысушылардың, ұйымдастырушылардың (басшы), бақылаушылардың, барлаушылардың, орындаушылар мен көмекшілердің атқаратын қызметтерінің қатаң түрде бөлінуі; сондай-ақ топ мүшелерінің бағыныштылығы тән. Олар қылмыстық қызметін жасырынды түрде жүзеге асырады. Көптеген мүшелері сырт көзге заңға бағынышты өмір сүріп сауда орындарында, кәсіпорындар мен мекемелерде т.б. жерлерде жұмыс жасайды, ал кейбіреулер мүгедектік туралы жалған анықтамаларды пайдаланады. Топ мүшелері жақсы автокөліктермен, қару-жарақтармен барынша қамтамасыз етілген.

Тексеру жұмыстарын тергеуге кедергі келтірмейтіндей және жәбірленуші мен куәларға қауіп тумайтындай (қылмыскер білмейтіндей) жағдайда жүргізілуі керек. Тергеудің алғашқы кезеңінің типтік ситуациялары келесі жағдайлармен анықталады: қорқытып талап ету – бірақ рет жасалды ма, әлде жүйелі түрде бола ма; қылмыскерге қорқытып талап ету етілген мүлік берілді ме және жаңа талап етушіні тани ма. Осыларды ескере отырып, екі типтік ситуацияны көрсете аламыз:

1. Құқық қорғау органына қорқытып талап етуге ұшыраған бірақ талап етілген заттарды әлі бермеген жәбірленуші арызданады. Ең алдымен тексеру әрекеттерін жүргізіп, қылмыстық іс қозғау туралы шешім қабылдағаннан кейін: арызданушыдан егжей-тегжейлі жауап алу; қылмыскерді ұстағанға дейін берілетін қорқытып талап ету затына қарау жүргізу; телефонмен сөйлесулеріне тыңдау жүргізу және оны жазып алу; қорқытып талап етушіні қылмыс үстінде ұстау. Егер қылмыскер жәбірленушіге таныс болса, осы тұлғаның араласатын адамдарын анықтауға, оның қылмыстық ниетін және де қылмыс үстінде ұстауға бағытталған жедел-іздік шаралары жүргізіледі.

2. Талап етілген затты қылмыскерге бергеннен кейін жәбірленушінің арыздануы. Бұл ситуацияның үш варианты болуы мүмкін. Бірінші вариант – қылмыскерді жәбірленуші таниды және қорқытып талап ету жүйелі сипатқа ие болған. Бұндай жағдайда жоғарыда көрсетілген ситуациядағыдай, қылмыскерді келесі қорқытып талап еткен кезде, қылмыс үстінде ұстауға шаралар жүргізіледі.

Екінші вариант – қылмыскерді жәбірленуші таниды, бірақ қорқытып талап ету қылмысы қайталаанады деген мәлімет жоқ. Бұндай жағдайларда қылмыстық іс қозғалып арызданушыдан жауап алынғаннан кейін, жедел-іздік шараларын жүргізу қажет. Олардың нәтижесіне байланысты телефонмен сөйлесуді тыңдау және жазып алу, қылмыскерді ұстау (басқа адамдардан қорқытып талап ету кезінде немесе басқа қылмыс үшін), одан жауап алу, сезіктінің тұрғылықты жері мен жұмыс орнында тінту жүргізу, жәбірленуші мен куәлармен беттестіру жүргізу туралы мәселелер шешіледі. Үшінші вариантта – қылмыскерді жәбірленуші танымайды және оның қорқытып талап ету қылмысын тағы қайталауы мүмкін туралы мәліметтер жоқ. бұндай жағдайда тергеуші тек қана жәбірленушіден жауап алумен шектеледі.

Қорқытып талап етуші ұсталғаннан кейін тергеудің бастапқы кезеңінде қылмыскерден жауап алынады, тінту, оқиға болған жерді қарау, әртүрлі сараптамалар жүргізіледі, соның ішінде фоноскопиялық сараптама. .

Қорқытып алу қылмысы бойынша алғашқы тергеу әрекеті әдетте құқық қорғау органдарына арызданушылардан жауап алудан басталады. Жауап алу алдында тергеуші арызданушыға оның құқық қорғау органдарына жүгіну фактісі мен беретін көрсетпелері белгілі бір уақытқа дейін құпия түрде сақталатындығы жөнінде және өзі мен туыстарының қауіпсіздігін қамтамасыз етуге кепілдік береді

Егер жәбірленуші талап етушімен таныс болған жағдайда, олардың танысуы қашан, қай жерде және қандай жағдайда, танысуға кімнің мүмкіндік жасағандығы; қылмыс жасағанға дейін қылмыскер мен жәбірленушінің қандай қарым-қатынаста болғандығы қосымша түрде анықталады. Жәбірленушіден оның табыстары туралы, өмір сүру жағдайы туралы кім және қашан сұрастырғандығын, арызданушыда ақшалар мен құнды заттардың болуы қылмыскерге қайдан мәлім екендігін міндетті түрде жауап алушы анықтауы тиіс. Мақсатты түрде келесідей сұрақтар қойылуы тиіс: жәбірленуші қылмыскердің іс-әрекетін бекітуге қандайда бір әрекеттер жасауға тырысты (талаптанды) ма.

Сондай-ақ жауап алу кезінде жәбірленушінің қорқытып талап ету туралы кімге, қашан және қандай жағдайда хабарлағандығы, осы жағдайда не істеу керектігі жөнінде кіммен ақылдасқандығы, кімнен және қанша көлемде ақша алғандығы, қарыз алу жағдайының себептерін қалай түсіндіргендігі жөнінде де анықтау қажет.

Қорқытып алушының алғашқы тергеу кезеңіне тән әрекеттерінің біріне- телефон жүйелерімен сөйлесуді тыңдау және басып алу жатады. Бұл тергеу әрекетін қорқытып алушылар жәбірленушімен телефон арқылы байланыс жасауға әрекет ету жөнінде негіздер болған жағдайда міндетті түрде жүргізу керек. Тергеуші жәбірленушіге алдымен бұл тергеу әрекетінің мәні мен маңызын түсіндіріп, одан жұмыс орны немесе үйінің телефонымен қорқытып алушымен сөйлесуін тыңдауы және басып алуы жайында жазбаша түрде арызын алады және анықтама органдарына жеке тапсырма береді. Жеке тапсырмада телефон жүйесім сөйлесуді тыңдау мен басып алу үшін міндетті түрде маман (әдетте ішкі істер органдарының жедел-техникалық қызметкерлері) шақырылады.

Қорқытып талап етушілерді ұстау үшін алдын ала дайындық жұмыстарын жүргізу керек. Тергеуші ұстауға дайындық кезінде жедел-ізвестіру қызметкерлерімен, бірігіп жоспар құрады. Ұстау жоспары жағдайдың және қылмыскердің жүріс-тұрысының өзгеруін ескере отырып құрылады. Қатысушыларды міндетті түрде жоспар бойынша белгіленген ұстау орнымен таныстырып, мүмкіндігінше жоспарланған операцияның жеке кезеңдері бойынша жаттығу жұмыстарын (қорқытып алушыларды сескендірмеу үшін жаттығу жұмыстарын басқа жерде) жүргізеді.

Сонымен қатар ұстау әрекетіне қатысушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселесін алдын ала шешіп алады.

Қылмыскерлер ұстауға қатысушыларға қарсы әрекет етіп, талап етілген заттаң көзін тез арада жойып жібермес үшін ұстау әрекеті кенеттен, жылдам және шешімді түрде жүргізілуі шарт.

Қорқытып талап етушілердің тұрғын-жайын тінтудің мақсаты (кейде олардың жұмыс орны тінтіледі) талап етілетін заттар: қару-жарақты, хаттарды, жазба кітапшаларды, фотосуреттер мен басқа да құжаттарды табу және олардың көмегімен сезіктінің кіммен араласатындығын анықтау.

Қорқытып талап ету қылмыстары бойынша оқиға болған жерде іздер мен басқа да заттай дәлелдемелердің табылуы мүмкін жағдайда оқиға болған жерге қарау әрекеті жүргізіледі. Көбінесе қорқытып талап ету күш қолдану арқылы; мүлікті зақымдау немесе жою әрекеттері арқылы жасалса, оқиға болған жерді қарау қажеттілігі туындайды. Қарау әрекетін жәбірленушінің қатысуымен жүргізген жөн.

Қорқытып алу қылмысын тергеудің кейінгі кезеңі сезікті мен айыпкерден жауап алу, танытуға көрсету, беттестіру, сот сараптамасын тағайындау әрекеттерінен тұрады.

Қылмыскер қылмыс үстінде немесе талап етілген затты ала салысымен ұстарған жағдайда сезіктіден жауап алу жасалған қылмыс жайында оқиғаны басынан аяғына дейін оқиғаны рет-ретімен айтып беруден басталады. Қылмыстық қасақаналықтың туындауы туралы, қылмысқа дайындық әрекеттері, жәбірленушімен қарым-қатынасы, құрбан болған адамның табысы туралы мәліметтерді қайдан алғандығы және оның өмір сүру жағдайы мен тұрғылықты жері туралы сұрақтар қойылады. Ұсталған адамнан қару-жарақ табылса, оның шығу тегі мен кімдікі екендігі жөнінде сұрақтар қойылады.

Қорқытып талап етуді тергеу барысында көбінде айыпкер (сезікті) мен жәбірменушінің көрсетпелерінде туындаған қарама-қайшылықтарды анықтау мақсатында беттестіру әрекетін жүргізу қажеттілігі туындайды. Қылмыс тобына қатысушылардың біреуі немесе олардың бірнешеуі шынайы көрсетпелер беріп, ал басқалары жалған көрсетпелер беруді жалғастырған жағдайда беттестіру әрекетін жүргізу жақсы нәтиже береді. Бұл кезде тергеушінің жәбірленуші мен кінәсән мойындаған қылмысқа қатысушылардың қорқып өз жауаптарын өзгертуіне кумәні болмауы тиіс. Ал егер күмәнданған жағдайда беттестіру әрекетін жүргізудің еш қажеттігі жоқ. Қорқытып талап ету қылмыстарын тергеуге тән сот сараптамаларына: трасологиялық (сонымен қатар дактилоскопиялық), қолжазбалық, құжаттарды криминалистік зерттеу, қарутану, сондай-ақ микрообъектілерді зерттеу жатады.

Сот-фоноскопиялық сараптамасының маңызы ерекше. Оны тағайындау кезінде сарапшылар қарауына даулы фонаграмма (телефон байланысын тыңдау және басып алу нәтижесінде алынған), сонымен қатар қажетті тұлғаның фонограммада бекітілген ауызша сөзінің еркін немесе эксперименталды үлгілері жіберіледі. Еркін үлгілер қатарына қылмыстық іске қатысы жоқ магнитті лентаға басылған ауызша сөздер ғана емес, сонымен қатар егер тергеу әрекетіне қатысушылар бұл фонограммалардың кейіннен фонскопиялық сараптаманың зерттеу объектісі болатынын білмеген жағдайда жауап алу мен беттестіру әрекеті кезінде фонограммалар да жатады. Эксперименталды үлгілер – бұл арнайы сараптама жүргізу мақсатында ҚДЖК-ң баптар талаптарын сақтай отырып фонограммаға басылған ауызша сөз.

Сарапшыға фонограммада басылған дауыстың нақты бір адамға тиістілігі, сондай-ақ фонограммаға дыбыс жазу кезінде немесе одан кейін енгізілген өзгерістер мен монтаж жасау мүмкіндігі жөніндегі мәселелер қойылады.

#### **Қолданылатын әдебиеттер:**

1. Васильев А. Н. Проблемы методики расследования отдельных видов преступлений. М., 1976.
  2. Колесниченко А. Н. Общие положения методики расследования отдельных видов преступлений. Харьков., 1965.
  3. Корухов Ю. Т. Трасологическая диагностика. М., 1983.
- Сидоров В. Е. Начальный этап расследования. М., 1992.

#### **15 ДӘРІС. АЛАЯҚ ҚЫЛМЫСТАРЫН ТЕРГЕУ (1 САҒАТ)**

**Түйінді сөздер:** Алаяқтық қылмыстарының криминалистік сипаттамасы, дәлелдеу пәні, типтік тергеу ситуациялары, болжаулар, қылмыскердің, жәбірленушінің жеке басы, қылмыс жасау әдістері, материалды жағдайлар, қылмыс жасау механизмі, тергеудің алғашқы және кейінгі кезеңдері, тергеу әрекеттерінің тактикасы.

#### **Сұрақтар:**

Алаяқтық қылмыстарының криминалистикалық сипаттамасы. Дәлелдеуге жататын жағдайлар. Осындай қылмыстар туралы ақпараттар, оларға баға беру және қылмыстық іс қозғау туралы шешім қабылдау.

Алғашқы тергеу әрекеттері. Күдіктінің субъективтік портретін құрастыру. Күдіктіні ұстау, одан жауап алу. Жеке басын тінту. Оқиға болған жер мен заттық дәлелдемелерді қарау. Тінту. Куәлардан жауап алу.

Кейінгі тергеу әрекеттері. Тану үшін көрсету. Сараптама тағайындау. Мемлекеттік және қоғамдық мүлікті алаяқтық жолымен талан-таражға салуды тергеу ерекшеліктері.

**Алаяқтық қылмысы** әртүрлі әдістермен жасалады. Алдау немесе сенімді пайдалана отырып зиян келтірудің көптен келе жатқан әдістеріне мыналар жатады: карта, сондай-ақ басқа да әуесқой, құмар ойындарды («рулетка», «сүйек-бөтелке» айналдыру және т.б.) ойнағанда әртүрлі айла қолдану; жасанды асыл бұйымбарды сату; жасанды ақша мен заттарды пайдалану; жалған ақша купюраларының эквивалентті емес түрлерін айырбастау; өздерін бақылау және құқық қорғау және т.б. органдарының

Алаяқтар жоғары профессионалдығымен, техникалық жағынан толық жабдықтануымен ерекшеленеді. Карта ойнайтын алаяқтар басқа да ойынға қарысушылардың картасын көру үшін телеқондырғыларды қолданған жағдайлар да кездеседі.

Алаяқтар қоғамда болып жатқан әлеуметтік-экономикалық өзгерістерге жылдам назар аударып, қарапайым тұрғындар мен коммерсанттард жеткілікті құқықтық білімнің және нарықтық қатынастарға сәйкес тәжірибелерінің жоқтығын ескере отырып, нарықтағы бағалы қағаздармен, шетелмен коммерциялық байланыстарды жүргізуге, жеклендіруге толық инвестициялармен, несиелік-банктік қызметпен байланысты әртүрлі алдау әдістерін ойластырып тәжірибеде қолдануда. Қазіргі кездегі алаяқтық әрекетінің өзіне тән ерекшелігі, олар заңды тұлғаның атынан азаматтық-құқықтық мәмілелер жасп және қаржылық-шаруашылық операцияларды жүзеге асыруында.

Кейінгі жылдары алаяқтық қылмыстарының төмендегідей әдістері өте кең тараған: банк несиелерді жалған құжаттар арқылы алу; жалған фирмалар құрып кейіннен халықтың қаражатын иелену; тұрғын үйлерді (сату, айырбастау, арендаға, кепілге беру) алу үшін жалған мәліметтер жасау; банкоматтан ақша немесе сауда кәсіпорындарынан тауарлар алу үшін, біреудің немесе қолдан жасалған пластикалық карточкаларды қолдану; валютаны айырбастау, шетелдік куәліктерді, визаларды рәсімдеу кезіндегі, қамтамасыз етілмеген акцияларды және құнды қағаздарды сату барысында жалған құжаттарды қолдану және т.б.

Басқа әдістерге тоқталатын болсақ: 1) мемлекеттік және қоғамдық материалды құндылықты қоймалардан, базалардан және басқа да объектілерден жалған құжаттарды пайдалану арқылы алу; 2) жалған құжаттарды пайдалана отырып мемлекеттегі құжаттарды, мемлекеттік зейнетақыларды немесе әлеуметтік қамқыздандыру органдарынан басқа да төлемдерді заңсыз жолмен иелену; 3) мемлекеттік және коммерциялық банктерден әртүрлі жалған чектік құжаттарды қолдану жолымен көп мөлшердегі ақшалай сомаларды иелену; 4) мемлекеттік мүлікті жалған құжат арқылы несиеге алу немесе қалған соманы төлеуден жалтару арқылы иелену.

Азаматтардың жеке мүлкіне қол сұғушылық кезінде алаяқтар мынандай әдістерді қолданады: ақшаны жоғары пайыздан қарызға алу және оны қайтармау; сатылатын заттың өзін емес оған ұқсас затты беру; сауда жасағанда, ақшаны айырдастағанда, майдаланғанда алдау; алтын бұйымдардың орнына мыстан жасалған бұйымдарды сату; ақшаның орнына жалған ақша беру; көмек көрсетемін деп ақша алу немесе белгілі бір қызмет көрсетуге тауарларды алу; бал ашу, тәуіпшілік, емшілік жасау арқылы жалған жолмен ақша алу; тауарларды және басқа да материалдық құндылықтарды алу мақсатында басқа адамның атын иеленіп жалған шарттар жасау нәтижесінде ақша алу; жалған мәмілелер жасау.

Алаяқтық қылмысын жасау әдістерінің кеңінен тараған түрлері: алаяқтар бір бума ақшаға ұқсас жалған ақшаларды жолға тастап, оны бөлген кезде жәбірленушінің шын ақшаларымен ауыстырып алу. Сонымен қатар алаяқтардың бөтеннің мүлкін иелену мақсатымен некеге тұру; атакты әншілердің атынан концерттер қою, өнер туындыларын қолдан жасау және сату сияқты әдістері жиі кездеседі.

Жәбірленушілерді алдау, олардың тікелей байланысқа түсулері арқылы жүзеге асырылатындықтан, соңғылары барлық уақытта өздерінің қылмыстық іс-әрекетінің ізін жасыруды ойластырады.

Алаяқтық қылмысы қолданылатын әдістер мен басқа да жағдайларға байланысты көшеде, жеке пәтерде, дүкен, фирма мемелерінде жасалады. Алаяқтардың жеке басын зерттеу кезінде олардың жоғары кәсіби деңгейі, құқықтық білімдері, ой-өрісінің жетіктілігі анықталады.

Алаяқтардың ішінде рецидивистер көп, соның 30 пайызын әйелдер құрайды.

Соңғы жылдары қылмыстың жекеленген түрлері бойынша мамандандырылып ұйымдасқан топтарды құру кеңінен таралуда. Бұл топтардың ішінде қылмыскерлер атқаратын рөлдерін өзара бөледі. Әдетте ертүрлі әуесқой ойындарды өткізген кезде



біреулері азаматтарды ойынға тартады, ал басқалары ойын үстінде жәбірленушіге психологиялық әсер етеді, үшіншілері ойынды жүргізеді, төртіншілері операцияның қауіпсіздігін қамтамасыз етеді. Топтың мұндай түрі техникалық жабдықтылығымен, шапшаңлығымен, басқа топ қылмыскерлерімен тұрақты байланысымен ерекшеленеді. Олардың ішінде кейбіреулері нақты белгіленген, танымал ұлттық-аумақтық атаққа ие.

Жәбірленушілердің ішінде қасақана заңды бұзатын адамдар көп кездеседі. Оларды көбінде алаяқтар пайдаланады. Бұндай тұлғалар тәртіптен тыс визалар, шетелдік паспорттарды алуға, банктік несиелерді пайдалануға, шетелдік келісім шарт жасауға, шетел азаматтарынан келіп түскен жүктерді кеденнен өткізуге, өздерінің мүлік-заттарын валютаға сатуға тырысады.

Заңды мүлтіксіз орындайтын азаматтардың көбісі алаяқтардың алдауын ұшырап, қылмыс құрбаны болуда. Алаяқтар шартты көбінесе тұрғын үйі бар жалғыз басты қарттар, психикалық аурумен ауыратын адамдар, көп балалы жанұялар, кәмелетке жасы толмағандармен жасайды.

Алаяқтық қылмыстарының жиі кездесуі оны жасау әдістерінің көптілігіне байланысты. Олардың қатарына: алаяқ және оның әрекеті жайында, жәбірленушілер мен басқа да адамдардан алынған мәліметтерді; жәбірленушіге қалған қылмыс құралдарын (жасанды ақша, қолхат, жалған құжаттар мен бағалы қағаздар, жасанды зергерлік бұйымдар, заттар және т.б.); қылмыскерлердің алаяқтық әрекетіне дайындығын нақты көрсететін түпнұсқалық құжаттарды (телеграмма, келісім-шарттар) және т.б. жатқызуға болады.

2. Алғашқы тергеу кезіндегі типтік ситуациялар және тергеу болжауы мен жоспары. .

Алаяқтарды тергеудің алғашқы мазмұны бастапқы тергеу ситуациясына байланысты құрылады. Қылмыскердің жеке басы туралы мәліметтерді негізге ала отырып, тергеу ситуациясын төтр категорияға бөліп қарастыруға болады.

1. Алаяқ белгілі, ол алаяқтық әрекет жасау үстінде немесе оны жасап біткен соң ұсталды.

Бұндай жағдайларда тергеу әрекеті келесідей кезектілікпен жүргізілері: сезікті тінтіледі және одан жауап алынады; тінту кезінде алынған заттай дәлелдемелерге қарау жүргізіледі; оқиға болған жерде қарау жүргізіледі; жәбірленуші мен куәлерден жауап алынады.

1. Алаяқ белгілі, бірақ ол тергеуден бой тасалап жүр.

Бұл тергеу ситуациясындағы негізгі мәселелердің бірі алаяқты іздестіру болып табылады. Жәбірленушіден, куәдан жауап алу, заттай дәлелдемелерді қарау тергеу әрекеттерінен басқа да келесідей әрекеттер жүргізіледі: ішкі істер органдары бөлімшелерінің сезіктіні іздестіруге байланысты бағыты анықталады; жедел-іздестіру шаралары ұйымдастырылады; сезіктінің жеке басын және оның болуы мүмкін жерлерді анықтауға байланысты шаралар қолданылады.

2. Алаяқ белгілі, бірақ оның әрекеттері бүркемеленіп заңды мәмілелер ретінде көрсетілген.

Бұндай ситуацияларға байланысты сезікті жүргізген операциялардың сипаты мен құқықтық негіздерін анықтай отырып, төмендегі зерттеу жұмыстары жүргізіледі: алаяқтық арқылы жасалған келісім туралы құжаттарды алу, осыған қатысты лауазымды адамдарды анықтау мен олардан жауап алу, бұл операцияларды реттейтін заңдарды қарастыру.

Алаяқтық әрекеттерін жасыру мақсатымен заңды тұлғалардың (акционерлік қоғамдар, жауапкершілігі шектелген серіктестіктер, жеке кәсіпорындар және т.б.) шаруашылық қызметін тексеру керек. Сонымен қатар, тексерілетін фирманың жарғылық және өзге де құжаттарды алу және зерттеу; инвентаризация мен ревизияны тағайындау; жұмыс орындарын қарау немесе тінту; салымшыларды анықтау және олардан жауап алу (жеке адамдардан инвестиция ретінде ретінде жиналған ақша қаражаттары орынсыз

жұмсалса); фирманың мүлкін, қаражатын және құнды заттарын іздеу; банктік шоттарына тыйым салу.

### 3. Алаяқ белгісіз.

Бұндай жағдайда тергеуші: субъективті портрет құрастыруды; криминалистік тіркеу бойынша тексеріс жүргізеді; жедел-ізвестіру шараларын жүргізуді ұйымдастырады.

Алғашқы үш ситуацияның ақпараттық негізін талдау нәтижесінде жалпы болжаулар құрып оны тексеру қажеттілігі туындайды, яғни, алаяқтық қылмысы шынымен бастапқы алынған мәліметке байланысты жасалған ба, сондай-ақ алаяқтықты бүркемелеу әрекеті болуы мүмкіндігін анықтау. Жеке болжаулар әдетте, міндетті түрде қылмыскердің жеке басын оның жүрген жерін анықтау мен бұрынғы ашылмаған ұрлық қылмысын жасаулары мүмкіндігі жайлы мәліметтер алу мен, мүлкі ұрланған мекемелердің қызметкерлері мен қылмыскерлердің байланысын, қылмыс жасаған жері мен оған келтірген зиянның мөлшерін анықтаумен байланысты құрылады.

Төртінші ситуация негізінен алаяқтың жеке басын анықтау мақсатында, оның бұрынғы қылмысқа қатыстылығы және оның осыған ұқсас жолмен жасалған ашылмаған қылмыстарына қатысының болу мүмкіндігі анықталады.

Аталған категориядағы қылмыстық істер бойынша дәлелденуге жататын мән-жайлар: 1. алаяқтық қылмысы жасалды ма (орын алған ба); 2. алаяқтықты жүзеге асыру орны, уақыты, жағдайы, әдісі; 3. қылмыстық ниеттің болуы; 4. қылмыстық қол сұғылған зат (нені иеленіп алды), алаяқ қанша ақша сомасын заңсыз алды; 5. алаяқтық кімге қатысты жасалған (мемлекеттік немесе қоғамдық ұйымдарға, коммерциялық құрылымдарға, жеке тұлғаларға); 6. қылмыскерлердің жеке басы туралы мәліметтер (жұмыс орны, еңбек ету сипаттамасы, соттылығы, қылмыс жасау ниеті мен тәсілі, бұрын жасалған қылмыстағы, қылмыстық топтағы рөлі); 7. алаяқтық топ және, басқа да қылмыстық әрекетке қатысушылар туралы мәліметтер (құрамы, саны, техникамен және қарумен қамсыздандыруы, сыбайлас жемқорлармен байланысы, мамандандырылуы); 8. жәбірленушінің жеке басы, алаяқпен байланысқа түсу жағдайы туралы мәліметтер; 9. алаяқтық жасауға себеп болған мән-жайлар.

Егер алаяқтық қылмысы заңды тұлғалардың бүркемелеуімен жасалған жағдайда, анықтауға жататын мән-жайлар: бұндай тұлғаның құқықтық мәртебесі және ұйымдасқан-құқықтық формасы, мәміле мен операцияны жүргізетін лицензиясының бар-жоқтығы; бағалы қағаздар шығару тәртібі мен валюталық, кедендік және басқа да заңдылықтардың сақталу тәртібі және т.б.

Жәбірленушіден жауап алу келесідей сұрақтар шеңберінде жүргізіледі: жәбірленуші алаяқтан қайда, қашан, кім арқылы, қандай жағдайда танысты, танысудың мақсаты неде; алаяқ жәбірленушіге қандай уәде берді, жәбірленушіден нені талап етті және одан нені алды, жәбірленушіге не сатты, кездесу қанша рет, қайда, қандай уақытта, қанша уақыт болды; алаяқ жалғыз болды ма, әлде топ құрамымен, әр алаяқтың қылмысқа қатысудағы рөлдері қандай; алаяқ өзін қалай таныстырды, қандай-да бір құжаттарды көрсетті ме, жәбірленушіге қандай материалдық зиян келтірілді; жәбірленушінің алаққа берген заттарының немесе ақшаларының белгілері; алаяқтың мән-жайын кім дәлелдеп бере алады.

Қылмыскердің жеке басын анықтау барысында: қылмыскердің сыртқы бейне белгілері мен ерекше белгілеріне, әдет-дағдысына, киім-кию, сөйлеу мәнеріне ерекше көңіл бөлінуі керек. Алаяқ автокөлік қолданған кезде оның маркасына, түріне, нөмеріне, айрықша белгілеріне көңіл бөлінеді.

Куәдан жауап алудың мақсаты: алаяқтың жағдайы; алаяқтың белгілері, оның жеке басы, немен шұғылданатындығы, өмір сүру жағдайы, жүріс-тұрысы; әрбір қылмыстық топ мөлшері; жәбірленушінің жеке басы; мәмілеге отырудың, алаяққа берілген мүліктің, заттың сипаты; алаяқтық қылмыстарды жасауға мүмкіндік туғызатын жағдайлар мен басқа да мән-жайлар туралы мәліметтерді анықтау болып табылады.

Алаяқтық қылмыстарын тергеу кезінде оқиға болған жерді қарау тергеу әрекеті де жүргізіледі. Бұл категориядағы істер бойынша қарау жүргізудің өзіндік ерекшелігін ескеру қажет. Оқиға болған жерге көптеген жергілікті жерлер мен тұрғын жайлар кіреді: алаяқтың жәбірленушімен танысқан және сеніміне кірген жері, құнды заттарды алған және жасырған жері т.б. осы көрсетілген жерлердің қайсысына қарау әрекетін жүргізу қажеттігі іс жағдайларына байланысты шешіледі. Қарау кезінде тергеуші оқиға болған жерді зерттеп, іске маңызы бар мән-жайларды куәландыратын сондай-ақ қылмыскерд идентификациялауға немесе оның жеке басы туралы мәліметтерді алуға болатын іздерді іздестіреді. Қылмыскердің қол іздері, олардың ұстауы мүмкін заттар мен нәрселерден іздестіріледі. Кейбір жағдайларда алаяқтар қылмыс жасаған кезде кепілдік ретінде ақшалай қаражаттар мен заттарды, сонымен қатар, қолхаттарды қалдырады. Аталған объектілер мұқият қаралып, қылмыстық іске заттай дәлелдеме ретінде тіркеледі.

Коммерциялық құрылымдарда алаяқтық әрекеті арқылы қылмыс жасалған жағдайда, олардың кеңселері мен өндірістік мекемелерінде, кассалары мен бухгалтерияларында қарау әрекеті жүргізіледі.

Алаяқтық әрекеті жасалып біткен соң жәбірленушіде қалған заттар егжей-тегжейлі қаралады. Олар бағалы қағаздар және олардың суррогаттары, жеке меншік жөніндегі куәліктер, келісім-шарттар, мәліметтер, жеке қаржылық шоттар мен үй кітапшаларының көшірмелері, анықтамалар мен қолхаттар болуы мүмкін.

Құжаттарды (жалған накладнойларды, жолдама және несие қағаздарды, чектік құжаттарды, накладнойларды және т.б.) заттай және ақшалай «жалған» заттарды қарау кезінде оларды қолдан жасау әдісін анықтап қана қоймай, сонымен қатар, қатаң есептегі құжат банктерін алу жолдарын, құжатты толтырған қолжазба мен қолтаңбаны, мәтін басылған машинка мен принтірдің түрін, алаяқ қолының іздерін табу және анықтау қажет.

Алаяқтық қылмыстары бойынша сезіктіні қылмыс үстінде ұстаған тиімді. Бұны анықтама органдары жүргізген жедел-іздестіру шаралары негізінде қылмыстық іс қозғалғанда, алаяққа қатысты жәдіренушінің арызы мен көрсетпелері болған кезде, қылмыскер алаяқтық қылмысымен жүйілі түрде айналысқан жағдайда жүзеге асыруға мүмкіндік туады.

Сезіктіден жауап алу кезінде тактикалық жағынан дұрыс позиция ұстап жүргізілген тергеу әрекеті нәтижесінің іс үшін маңызы ерекше.

Жауап алуға дайындық кезінде қылмыстың жасалу механихмі, қылмыскердің жеке басының ерекшелігі, оның қылмыстық әккілігі, жиналған дәлелдемелердің сипаты, қылмыстық топтағы өзара атқаратын рөлдері мен қызметтері анықталады.

Жауап алу барысында егер сезікті алаяқтық қылмысын мойындаса келесідей мәселелер анықталады: алаяқтық қылмысы қашан, қайда және қандайжағдайда жасалғандығы; қылмыскер жәбірленушінің жеке басы туралы қандай мәліметтерді білетіндігі және онымен қандай жағдайда танысқандығы; қылмысқа қандай дайындық жұмыстары жүргізіліп, алаяқтық қандай әдіспен жасалғандығы және қылмыстың ізін жасыруға қолданылған шаралары; қылмысқа қатысушыларды және олардың қылмыстық ойды жүзеге асырудағы рөлдері; жәбірленушіден қандай мүліктер мен бағалы заттардың алынғандығы; сезікті мен қылмыстық топтың басқа да жасаған қылмыстарының бар-жоқтығы анықталады.

Алаяқтар өз кінәсін мойындамаған жағдайда, оны жәбірленуші мен куәға танытуға көрсету мен беттестіру әрекеттері жүргізіліп, сот сараптамасының қорытындылары қылмыскерге көрсетілді. Тергеу барысында алаяқтық әрекеттерін жасауға қатысқан кәсіпорындарының шоттарына арест салу қажеттігі туындауы мүмкін. Тергеуші бұндай жағдайда шаруашылық субъектәсіне қанысты негізделінген қаулы шығарып, оны коммерциялық банкке жібереді. Банктік есеп шотына арест салынған кәсіпорынның ақшалай қаражаттарымен жүргізілетін барлық қаржылық операцияларды банк тоқтатуға міндетті.

Алаяқтық қылмысын тергеудің кейінгі кезеңінде тергеуші қылмыстық іс бойынша жиналған материалдарды жүйелейді және оған талдау жасайды, жоспар құрып, қажетті схемалары мен таблицаларын сызып, сот сараптамасын тағайындайды, айыпкерден қосымша жауап алады және олардың қатысуымен беттестіру жүргізеді, куәгерлердің санын көбейтуге шаралар қолданады, таныту әрекеттерін және тергеу эксперименттерін жүргізеді.

Тергеудің кейінгі кезеңіндегі тергеушінің жүргізетін тергеу және басқа да әрекеттерін нақтылап қарастырып өткен жөн.

Алаяқтарды әшкерелеу үшін, олардың қылмыс жасау кезінде қалдырған қол, аяқ іздері дактилоскопиялық сараптама жүргізеді. Бір бүтінді бөлшек бойынша анықтау қажеттігі туындаған жағдайда трасологиялық сараптама тағайындалады. Жасанды құнды бұйымдарды сатқан кезде гемологиялық сараптама жүргізеді. Қаржы-шаруашылық операциялармен бүркемеленіп жасалған алаяқтық әрекеті кезінде сот бухгалтерлік сараптама жүргізілуі мүмкін.

Қолжазба сараптамасына қолжазуды және жекеленген жазбаларды, қосып жазуды, жалпы мәтінді жазған орындаушыны анықтау үшін құжаттар жіберіледі. Бұндай жағдайларда кәсіпорындардың құрылтай шарттарына (келісімге), мәмілеге, қолхаттарға қойылған қолдары, кіріс және шығыс құжаттарындағы қосып жазған жазбалары зерттеледі.

Машинкамен басылған, басқаналық және басқа да әдістермен басылған құжаттардың қолдан жасалғандығын нықтау үшін құжаттарды техника-криминалистік зерттеу сараптамасы тағайындалады.

Құжаттарды техника-криминалистік зерттеу сараптамасы құнды қағаздардың, лицензиялардың, сертификат сараптамасының, төлем карточкаларының, банктік және қаржылық-бухгалтерлік құжаттардың, паспорттар мен куәліктердің жалғандығын және оларды жинау әдістерін анықтайды. Жалған құжаттарды жасаған кезде немесе оны пайдаланған жағдайда техникалық құралдарда (ксерокстер, факс-модемдер, принтерлер) зерттеудің объектісі болуы мүмкін.

Айыпкерден қосымша жауап алу тергеудің алғашқы кезінде бұрын белгісіз болған көріністер бойынша берген түсініктемелерін нақтылау және анықтау мақсатында алғашқы ұсынған құжаттары туралы түсініктерді, сондай-ақ сот сараптамаларының қорытындысы бойынша түсініктер алу үшін жүргізіледі.

Айыпкер мен алаяққа қатысқан басқа да қатысушылардың берген жауаптарында қарама-қайшылық туындаған жағдайда беттестіру әрекеті, сонымен қатар басқа да тергеу әрекеттері жіргізіледі.

Тергеу эксперименті кезінде айыпкердің алаяқтық механизмі құрамына кіретін әрекеттерді және басқа да операцияларды жасау мүмкіндігі терсеріледі. Оларға: жалған құжаттар мен көмекші техникалық құралдарды дайындау; жәбірленушінің жеке мүлкін иеленуге байланысты жасалған айла әрекетті немесе басқа да әрекеттерді бақылау мүмкіндігі жатады.

Келтірілген материалдық шығынның орнын толтыру және мүлікті тәркілеуді қамтамасыз ету мақсатында тергеуші тінту жүргізіп, мүлікке және почта-телеграф жөнелтілімдеріне арест салады, мекемелер мен ұйымдарға сұраулар жіберіледі.

Айыпкердің иелігіне жататын тұрғын-жайларды іздестіруші қатарына, тұрғын-жайларды бөлетін және оларды тіркейтін бөлімдер, техникалық инвентаризация бюросы, нотариалды кеңселер, жылжымайтын мүлікті, тұрғын-жайларды жекешелендіру қорының бөлімдері кіреді. Ауылдық жердегі жеке меншік үй, саяжай, коттедж, жер учаскелері жергілікті атқару органдарымен анықталады. Транспорт құралдарын сату, сатып алу, иелену, пайдалану жөніндегі мәліметтер МАИ-лары арқылы анықталады. Ал транспорт құралдарын шетелден әкелу жайлы мәліметтерді кеден комитетінен анықтап білуге болады.

**Қолданылатын әдебиеттер:**

1. Жәкішев Е.Г. , Исаев А.А., Найманова Г.Х., Тапалова Р.Б., Темирболат Н.С. Криминалистика. Жеті-жарғы, 2006
2. Белкин Р.С. Курс криминалистики в 3 т., М., 1997
3. Криминалистика. Под ред. Герасимова И.Ф., Драпкина Л.Я, М., 1994
4. Криминалистика Под ред. Яблокова Н.П. М., Бек, 1990, 1995, 1996, 2005
5. Криминалистика Под ред. Пантелеева И.Ф., Селиванова Н.А М., 1988
6. Криминалистика Под ред. Крылова И.Ф , Ленинград, 1976
7. Криминалистика Под ред. Филиппова А.Г.. Волынского А.Ф. М., Спарк, 1999
8. Образцов В.А. Криминалистика М., Юристъ, 2001
9. Порубов Н.И. Курс криминалистики, Минск, 2000
10. Мозговых Г. А. Криминалистическая характеристика преступления. Алматы, 2001 г.